**Логопедтің түзете-дамыту жұмысының апталық циклограммасы. 2022-2023 оқу жылы**

**Қыркүйек айы I апта**

| Ұйымдастырылған оқу қызмет түрлері | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Дүйсенбі 29.08** | **Сейсенбі 30.08** | **Сәрсенбі 31.08** | **Бейсенбі 1.09** | **Жұма 2.09** |
| | | Жазғы сауықтыру шынықтыру кезеңі бойынша | Балалардың сөйлеу тілін тексеру, сөйлеу картасын толтыру | Балалардың сөйлеу тілін тексеру, сөйлеу картасын толтыру |
| | | | | |

5.09.22
[signature]

**Логопедтің түзете-дамыту жұмысының апталық циклограммасы. 2022-2023оқу жылы**

**Қыркүйек айы Iапта**

| Ұйымдастырылған оқу қызмет түрлері | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Дүйсенбі**<br>**5.09** | **Сейсенбі**<br>**6.09** | **Сәрсенбі**<br>**7.09** | **Бейсенбі**<br>**8.09** | **Жұма**<br>**9.09** |
| Балалардың сөйлеу тілін тексеру, сөйлеу картасын толтыру | Балалардың сөйлеу тілін тексеру, сөйлеу картасын толтыру<br><br>Топтық сабақ: Арнайы түзете білім беру саласы **«Сөйлеуді дамыту»**<br>(9.00-9.20) | Балалардың сөйлеу тілін тексеру, сөйлеу картасын толтыру | Балалардың сөйлеу тілін тексеру, сөйлеу картасын толтыру | Балалардың сөйлеу тілін тексеру, сөйлеу картасын толтыру<br><br>Топтық сабақ: Арнайы түзете білім беру саласы **«Дыбыс айту»**<br>9.10-9.30 |
| **Тақырыбы:** Бақша және бақ (жемістер мен көкөністер арқылы оқыту ойыны)<br>**Міндеттері:**<br>а) Балалардың сөздік қорын заттың саласы мен құрамын білдіретін (көлемін, түсін, пішінін) сөздермен байыту, балалардың сөздігіне көкөніс пен жеміс туралы жалпы түсінікті білдіретін сөздерді енгізу.<br>ә) Сөздік қорын дамыту және дыбыстарды анық айтуға баулу, ауызша сөйлеуін дамыту. б) Еңбексүйгіштікке, Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру.<br>Жемістедің суретін тақтаға ілу<br>Сұрақтар қою:<br>Көкөністерге нелер жатады?<br>Көкөністер қайда өседі?<br>Жемістерге нелер жатады?<br>Олар қайда өседі?<br>Дұрыс айтасыңдар, балалар. Бақты бау деп те айтуға болады. Бау-бақша жеміс-жидек, көкөністер егілген жер.<br><br>**Сөздік жұмыс:** | **Тақырыбы:**Кішкентай бағбан (әңгіме)<br>**Міндеттері**:әңгімені таныстыруда баланың зейінін аударып, әңгімеге деген қызығушылығын арттыру. Бағбан туралы түсінік беру.Табиғатты сүюге тәрбиелеу.<br>Шаттық шеңбер (амандасу)<br>**Кіріспе әңгіме**.<br>-Жеміс жегенді ұнатасыңдар ма?<br>-Қандай жемістерді білесіңдер?<br>Мәдіхат Төрежановтың «Кішкентай бағбан» әңгімесін тыңдайық.<br>**Сөздік жұмыс**: Қыбырлап-көп қимылайтын адам-көп жұмыс істейтін адам. Дегдіді –құрғаған. Бағбан бау-бақшаны күтіп баптаушы.<br>**Сұрақ–жауап.**<br>Балалармен жұмыс.<br>Сергіту сәті:<br>Алма баққа барамыз,<br>Алма теріп аламыз.<br>Ең үлкенін алманың,<br>Анамызға сыйлаймыз.<br><br>Д/О. «Сөзді аяқта». Жемістің алғашқы буынын атаған соң келесі буынды атау. Мақал жаттау. «Еңбекпен тапқаның- | | **Тақырыбы:** «Жемістер жыры» өлеңін оқу.<br>**Мақсаты:** «Жемістер жыры» өлеңімен таныстыру.<br>**Міндеттері:** Жемістер туралы жалпы түсініктерін кеңейту. Өлеңдердің интонациясын қабылдауға үйрету. Жемістердің аттарын атай отырып, балалардың сөздік қорын дамыту. Қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтижелер: Жасайды:** өлеңді тыңдайды.<br>**Түсінеді:** жемістерді жеуге болатынын түсінеді.<br>**Қолданады:** тыңдау, сұрақтарға жауап беру.<br>**Қолданылатын көрнекі құралдар:** муляждар, екі себет, хрестоматия, үнтаспа.<br>**Сөздік жұмыс:** ұялжыған, саудырап.<br>**ҮІӘ барысы 1. Ұйымдастыру кезеңі** ***Шаттық шеңбері*** Үнтаспадан «Күз – жомарт» әніне қосылып қимылдар жасайды. – Балалар, бүгінгі күнді тамаша әнмен бастағым келіп тұр. Олай болса, бәріміз шеңбер бойымен айналып тұрамыз. «Күз – жомарт» әніне қимылдар жасайық: Тоназып атырап, Көп жеміс піседі. Сарғайып жапырақ, Саудырап түседі. «Күз – жомарт», – дейміз біз, Жемісін жейміз біз.<br>**2. Негізгі кезең** ***Кіріспе әңгіме.*** – Балалар, біздің осы өлең шумағында не туралы, не жайлы айтылған *(Күз, күз мезгілі)* – Күздің бізге берер қандай сыйы бар? – Қандай жемістерді білесіңдер? *(Алма, шие, өрік)* – Ал енді, балалар, мен сендерге жемістер туралы өлеңдер оқып берейін.<br>Өлең оқып беру. | **Тақырыбы:** «А» дыбысы<br>- дыбысты жеке тұрған күйінде айтқызу;<br>- буында айтқызу (ашық, жабық буында, ортасында);<br>- сөзде айтқызу (дыбыс сөздің басында, ортасында, аяғында болу керек);<br>- сөйлемде айтқызу.<br>Шаттық шеңбері<br>Қайырлы таң досым.<br>Қайырлы күн болсын.<br>Жеті күннің әр келі,<br>Сәттілікке толсын.<br>**ҮІӘ барысы. Жұмбақ жасыру**<br>Көктемде ақ гүлге оранады.<br>Күзде қолға деп болып оралады.<br>(алма)<br>— Енді осы алма сөзі қандай дыбыстан басталады?<br>— А дыбысынан.<br>— Ендеше, бүгін осы «А» дыбысымен танысамыз.<br>— Кәне, а-а-а деп айтып көрейікші.<br>— А-а-а.<br>— Қалай айтылады?<br>— Созылып айтылады.<br>— А – дауысты дыбыс.<br>Плакаттағы сурет аттарын атайықшы:<br>«Алма,ата,апа,ана»<br>«А» дыбысынан басталып |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Орамжапырақ – бақшада өсетін көкөніс түрі.<br>Қызанақ – қызыл түсті көкөніс.<br>Суретпен жұмыс: дәптердегі екі сурет арқылы бақ пен бақшаның айырмашылығын түсіндіру.<br><br>**Жұмбақ шешу:** Жаздай інге тығылып,<br>Көк ала лағым, Жатқан қызыл түлкіні.<br>Көгалда жатыр семірді.<br>(қарбыз)<br>Құйрығынан суырып,<br>Әкелді әкем бір күні.<br>(сәбіз)<br>**Дидактикалық ойын:** «Сиқырлы қоржын».<br>Шарты: қоржыннан көкөністер мен жемістерді алып, оның қатты, тәтті, ащы, қышқыл зат екенін ажыратып атау, пішіндерін айту.<br><br>**«Кім шапшаң» ойыны**<br>Жемістер мен көкөністерді себетке бөліп салу<br>Балаларды мадақтау | шекер балдан тәтті екенін»<br>Ойын: «Ғажайып дорба»<br>(дорбаның ішінде жемістер мен көкөністер бар, балалар сипап сезу арқылы қолына ұстаған затын атауы тиіс)<br>Балаларды марапаттау | | *Алма:* Нарттай қызыл алмам бар, Мәз болады алғандар.<br>Жазда әлемі көнем, Тілді балдай үйірем.<br>*Өрік:* Көктемде ерте гүлдеймін, Кешігуді білмеймін, Піспей тұрған кезімде, «Менен аулақ жүр» деймін.<br>Уылжыған өрікпін, Мен бау-бақша көрікпін.<br>*Қара өрік:* Қара өрік деген атым бар, Менен де дәм татыңдар.<br>Дәрі орнына жүруге Кейде менің хақым бар.<br>Алыңдар баққа өсіріп, Сақтаңдар ұзақ кептіріп,<br>Шаймен ішкен сусынлар, «Па, шіркін-ай!» – деп тұрып.<br>***Сөздік жұмыс:*** уылжыған, саудырап.<br>Оқылған өлең шумақтарын сұрақ-жауап арқылы әңгімелеу. - Өлең не туралы? - Алманың түсі қандай? - Өрік қашан гүлдейді? - Қараөрік қайда өседі?<br>Логопед балаларға жеміс муляждарын көрсетеді.<br>Балалар қолдарымен жемістерді ұстап, көлемін, түсін анықтайды.<br>Оларды қарап, бір-бірімен салыстырады.<br>***Сергіту сәті.***<br>Алма, алма, көп алма, Қызыл, жасыл, көк алма.<br>Теріп, теріп алайық, Қалтамызға салайық.<br>***Ойын: "Алма жинау"*** (муляждар).<br>Мақсаты: Алмаларды кілемнің үстіне шашып жіберіп, түстеріне қарай бөлек себеттерге жинату. Алма, алма, көп алма, Қызыл, сары, көк алма.<br>Теріп, теріп алайық, Себеттерге салайық. Балалар өлеңді айта жүріп, себеттерге алмаларды түстеріне қарай бөлек жинайды 3. **Рефлексия** Логопед қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды. | «А»дыбысымен аяқталып тұр<br>«А» дыбысынан басталатын сөздер: арыстан, ат, арба, ай,ағаш, алмұрт, апельсин, ананас...<br>**Сергіту сәті**: «Тербеледі ағаштар»<br>Балалар жаттығуды қимыл қозғалыспен орындайды.<br>**«Кім алғыр» ойыны**<br>Шарты: балаларға жаңа көрген плакаттағы суреттен «А» дыбысынан келетін зат (ағаштар немесе жануарлар, жемістер) атауларын естеріне түсіріп айтулары тиіс.<br>Қорытынды:<br>Балалардан қандай дыбыспен танысқандарын сұрап қорытындылау<br>Балаларды мадақтау |

12.09.22

Логопедтің түзете-дамыту жұмысының апталық циклограммасы. 2022-2023 оқу жылы

Қыркүйек айы III апта

| Апта күндері | Ұйымдастырылған оқу қызмет түрлері | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Дүйсенбі 12.09** | **Сейсенбі 13.09** | **Сәрсенбі 14.09** | **Бейсенбі 15.09** | **Жұма 16.09** |
| | Топтық сабақ: Арнайы түзете білім беру саласы **«Сөйлеуді дамыту»**<br>9.10-9.30 | Топтық сабақ: Арнайы түзете білім беру саласы **«Сөйлеуді дамыту»**<br>9.10-9.30 | Балаларды тексеру (Сөйлеу картасын толтыру) | Топтық сабақ: Арнайы түзете білім беру саласы **«Сөйлеуді дамыту»**<br>9.10-9.30 | Топтық сабақ: Арнайы түзете білім беру саласы **«Дыбыс айту»**<br>9.10-9.30 |
| | Балаларды тексеру<br>(Сөйлеу картасын толтыру) | Балаларды тексеру<br>(Сөйлеу картасын толтыру) | | Балаларды тексеру<br>(Сөйлеу картасын толтыру) | Жеке түзету сабақ (9.35-12.10) |
| **Дүйсенбі** | **Тақырыбы:** Қуыршақ бізге қонаққа келді<br>(ойыншықты суреттеу арқылы әңгіме құрау)<br>**Шаттық шеңбері:**<br>Қуанамын мен де,<br>Қуанасың сен де,<br>Қуанамыз достарым.<br>Арайлап атқан күнге!<br>**Таңғажайып сәт.** Қуыршақ Сәуле келеді. Балалар Сәулемен амандасады. -Балалар, біз ге қонақ келіпті. Қане қонақпен амандасайық.<br>Қонақты жоғары шығарып отырғызайық.<br>Балалар, бұл қуыршақтың есімі Сәуле екен Қуыршақ Сәулеге өзіміздің қонақжайлылығымызды көрсетіп, сыйлайық. Біз бүгін қуыршақ Сәулеге дастархан жаямыз.<br>**Негізгі бөлім.**<br>- Дастарқанды жайып, үстіне тәрелкені, шай ішетін кесені, содан кейін қасықты қоямыз.<br>Дастархан жаю ретін көрсетеді, түсіндіреді.<br>- Мынау шай шығаратын шәйнек.<br>- Мынау кішкентай қасық. Ол не үшін керек? | **Тақырыбы:** Айгерімнің туған күніне достары келді<br>Міндеттері. Сурет желісі бойынша қойылған сұраққа толық жауап беруге дағдыландыру.Өз ойын еркін жеткізе алуға қалыптастыру.<br>ҮІӘ барысы:<br>— Балалар, айтыңдаршы сендер үшін өз отбасыңда қай күн ең қуанышты күн? - Туған күн болғанда, нелер береді. - Сыйлық бергенде сендер не істейсіңдер? -Дұрыс айтасыңдар. Қуанасыңдар, шаттанасыңдар. Себебі, дәл осы күні туған күн иесінің қасына туған — туысқандары жиналып, түрлі сыйлықтар сыйлап, дастархан жайылады. Туған күнде жылы лебіздер мен жақсы тілектер айтылады.<br>**Күтпеген сәт:** Топтың ішіне шар мен хат ұшып келеді. Балалар қарандаршы топқа шарға байланған хат келді. Мен ішін ашып көрейін, ішінде не жазылыпты. Балалар ішінде шақыру билеті бар. Бізді туған күнге шақырыпты. Құрметті «Айналайын» тобының бүлдіршіндері сендерді туған күніме шақырамын. Кешікпей келіңдер. Туған күнге шақырушы қуыршақтарың Айгерім. Балалар туған күнге бармас | | Тақырыбы:Ит және оның кішкентай күшіктері<br>(Сурет бойынша әңгімелеу)<br>**Міндеттері:**<br>а) Сурет мазмұнына қарай әңгіме құру біліктерін жетілдіру. (Педагог үлгісі бойынша)<br>ә) Бала бойында сөйлеу және тыңдай білу, сұраққа жауап беру қабілеттерін дамыту. «Ф» дыбысына артикуляциялық жаттығу жасату, ересектермен қарым-қатынас дағдысын дамыту.<br>б)Үй жануарларына деген сүйіспеншіліктерін арттыру, оларға қамқорлық жасауға үйрету.<br><br>Жұмбақ жасырылады:<br>Адамға серік,<br>Күзетке берік.<br>Дұрыс айтасыңдар, расында адамға серік, үйді күзететін ол ит екен.<br>- Ал ендеше бәріміз | **Тақырыбы: «Ө» дыбысы**<br>- дыбысты жеке тұрған күйінде айтқызу;<br>- буында айтқызу (ашық, жабық буында, ортасында);<br>- сөзде айтқызу (дыбыс сөздің басында, ортасында, аяғында болу керек);<br>- сөйлемде айтқызу.<br>**Шаттық шеңбері**<br>Қайырлы таң досым.<br>Қайырлы күн болсын.<br>Жеті күннің әр кезі,<br>Сәттілікке толсын.<br>Тапсырма : «Жұмбақ шешу»<br>-Бұрап қойған сағаттай<br>Айқайлайды таң атпай.(әтеш)<br>Жарайсыңдар балалар!<br>-Әтеш сөзі қай дыбыстан басталып тұр?<br>–Бүгін Ө дыбысымен танысады екенбіз.<br>-Ө дыбысы дауысты ма, дауыссыз ба? Соны білу үшін бәріміз Ө деп әндетейік.<br>-Қандай дыбыс екен? – Дауысты<br>-Ө ауыз мол ашылып, тіл мен иектің төмен түсуінен пайда |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | - Кішкентай қасықты шай ішкенде қолданамыз.<br>- Мынау кесе. Онымен шай ішеміз.<br>- Дастархан басында өзіңді қалай ұстау керек?<br>Дастархан басында сөйлеуге болмайды. Ыдыстарды тарсылдатпау керек.<br>Сөздік жұмыс: Ыдыс тәрелке, кесе, қасық<br>Қуыршақ Сәулені дастархан басына отырғызу.<br>**Сергіту сәті:**<br>Аяқпенен топ – топ,<br>Ал қолменен хлоп – хлоп.<br>Бір оңға, бір солға,<br>Айналамыз кел мында.<br>Қолымызды сермейміз,<br>Басымызды шайқаймыз.<br>Бір оңға, бір солға,<br>Айналамыз кел мында.<br>**Ойын: «Ыдыс аяқты ажырату»**<br>Шарты: Ойыншықтардың арасынан ыдыстарды ажырату.<br>- Жарайсыңдар, балалар, сендер ойынды жақсы ойнадыңдар.<br>- Балалар қуыршақ Сәуле сендерді «қонақжай сыпайы балалар екен» деп жатыр.<br>- Ол сендерге риза болды. Балалар бізде қонақ қаде болады.<br>- Қуыршақ Сәулеге қонаққәдемізді ұсынайық.<br>- Ал, балалар, үйге келген қонаққа сыйлық беру керек. Біз қуыршаққа үйге барғанда сендерді есіне алып, сүт құйып ішетін ыдыс сыйлаймыз. Қуыршақ Сәулені шығарып салайық.<br>**Қорытындылау.**<br>- Балалар , бізге бүгін қонаққа кім келді?<br>- Қуыршақ Сәуле келді.<br>- Шай ішу үшін дастарханға қандай ыдыстарды қойдық?<br>- Кесе, қасық...<br>**Балаларды мадақтау** | бұрын, біз туған қалай өтілетінін біліп алайық.<br>**2.Суретке қарап жұмыс жасау.** - Балалар тақтадағы суретке қарайықшы, Мына суретте не көріп тұрсыңдар? - Қуыршақтың есімі кім? -Бөлменің іші қандай? -Бөлмеде нелер бар? Біз Қазір туған күнге барамыз дедік. Туған күнде Айгерімге дастархан жасасамыз. Өйткені ол жасау білмейді. Біз болсақ, білеміз. Қазір, біз барып, көмектесеміз. Көмектеспес бұрын өзіміз дайындық жасап алайық. Дастарханда не болады?<br>Айгерімге қонаққа келдік. Балалар, қане Айгерімді құттықтайық<br>Балалар Айгерімге тілек айтайықшы. Құттықтаймыз, құттықтаймыз, құттықтаймыз.<br>1.Денсаулығың мықты болсын.<br>2.Ақылды, тәртіпті бол,<br>3.Сүйікті де, сүйкімді қызы бол.<br>4.Ауырмай ұзақ жаса.<br>5.Біздің ортамызда күліп, ойнап жүре бер.<br>**Қорытындылау:**<br>-Балалар бүгін қандай мейрам? -Кімнің туған күні болды? -Туған күнде адамның көңіл-күйі қандай болады? -Сендерге бүгінгі туған күн ұнады ма?<br><br>**Балаларды мадақтау** | | мұндағы суретке қарайық.<br>*Демонстрациялық құрал:* ит және оның кішкентай күшік суреттері.<br>- Балалар, мұндағы суретпен біз нені көріп тұрмыз?<br>- Иттің баласын не деп айтады?<br>- Ал иттің дауысын немесе дыбысын еске түсірейікші? Ит не істейді? («Үреді» сөзіндегі «Ү» дыбысының дұрыс айтылуын қадағалау)<br>- Ал олар қалай үреді? («аф- аф» дыбысындағы «ф» дыбысының дұрыс айтылуын қадағалау)<br>- Ит үй жануары ма? Әлде жабайы жануар ма?<br>**Дидактикалық ойын: «Кім жылдам»**<br>*Мақсаты:* иттің дене мүшесімен таныс болу және оны сипаттай білуге үйрету.<br>*Шарты:*<br>*таңқалтадағы* (конверт) қиындыларды жылдам біріктіру арқылы ит бейнесін шығару және оған сипаттама беру.<br>- Ал, «Ит - адамның досы» дегенді қалай түсінеміз?<br><br>**Сергіту жаттығу**<br>Терезені ашайық,<br>Таза ауа кірсін деп.<br>Жаттығуды жасайық,<br>Денем мықты болсын деп.<br>(педагог жаттығуды қимыл – қозғалыспен орындатады және екі рет қайталатады)<br>Балалар кімнің үйінде ит бар. Оған қандай қамқорлық жасайсың? (балалардың жауаптарын таңдау)<br>**Балаларды мадақтау** | болатын жіңішке дауысты дыбыстың таңбасы.<br>Тапсырма «Ә» әрпімен сөз ойлау, дыбыстық талдау жасау,буынға бөлу.<br>-Әң, дәрі,әтеш, әке,әткеншек, Әсел...<br>–Өте жақсы.<br>**Сергіту жаттығуы:**<br>Орнымыздан тұрайық,<br>Көгершінге ұқсайық.<br>Қане қанат қағайық,<br>Орнымызды табайық.<br>Әдемі етіп, жазайық.<br>***Қорытынды жасау***<br>Балалар қандай дыбыспен таныстық?<br>Ә қандай дыбыс екен?<br>Мысал келтіреміз.<br>Балаларды мадақтау |

14.09.22

**Логопедтің түзете-дамыту жұмысының апталық циклограммасы. 2022-2023 оқу жылы**

**Қыркүйек айы IV апта**

| **Ұйымдастырылған оқу қызмет түрлері** | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Дүйсенбі**<br>**19.09** | **Сейсенбі**<br>**20.09** | **Сәрсенбі**<br>**21.09** | **Бейсенбі**<br>**22.09** | **Жұма**<br>**23.09** |
| Топтық сабақ: Арнайы түзете білім беру **«Сөйлеуді дамыту»**<br>(9.10-9.30) | Топтық сабақ: Арнайы түзете білім беру **«Сөйлеуді дамыту»**<br>(9.10-9.30) | Жеке түзету сабақ<br>9.10-12.10 | Топтық сабақ: Арнайы түзете білім беру **«Сөйлеуді дамыту»**<br>(9.10-9.30) | Топтық сабақ: Арнайы түзете білім беру **«Дыбыс айту»**<br>(9.30-9.55) |
| Жеке<br>түзету сабақ<br>9.35-12.10 | Жеке түзету сабақ (9.35-12.10) | | Жеке түзету сабақ<br>9.35-12.10 | Жеке түзету сабақ (10.00-12.10) |
| Тақырыбы:Ит және оның<br>кішкентай күшіктері<br>(Сурет бойынша<br>әңгімелеу)<br>**Міндеттері:**<br>а) Сурет мазмұнына қарай әңгіме құру біліктерін<br>жетілдіру. (Педагог үлгісі бойынша)<br>ә) Бала бойында сөйлеу және тыңдай білу, сұраққа жауап беру қабілеттерін<br>дамыту. «Ф» дыбысына артикуляциялық<br>жаттығу жасату; ересектермен қарым-қатынас дағдысын дамыту.<br>б)Үйжануарларына деген<br>сүйіспеншіліктерін арттыру, оларға қамқорлық жасауға үйрету.<br><br>Жұмбақ жасырылады:<br>Адамға серік,<br>Күзетке берік.<br>Дұрыс айтасыңдар, расында адамға серік, үйді күзететін ол ит екен.<br>- Ал енде бәріміз мұндағы суретке қарайық.<br>*Демонстрациялық құрал:* ит және оның кішкентай күшік суреттері.<br>- Балалар, мұндағы суреттен біз нені көріп тұрмыз?<br>- Иттің баласын не деп айтады?<br>- Ал иттің дауысын немесе дыбысын еске түсірейікші? Ит не істейді? («Үреді» | Тақырыбы:«Масақ» украин<br>халық ертегісі<br>**Міндеттері:**<br>а) Балаларды оқылған шағын<br>ертегі желісі<br>бойынша ертегі мазмұнын айтып бере<br>білуге<br>үйрету, өз ойларымен бөлісе<br>отырып, «т», «в» дыбыстарын<br>анық айтуға жаттықтыру.<br>ә)Ертегі кейіпкерлерінің қимылын, дыбысын салдырып, кейіпкерлер бейнесін сомдау қабілеттерін дамыту; ертегіге деген қызығушылықтарын арттыру.<br>б)Еңбекқорлыққатәрбиелеу,<br>жалқаулыққа<br>бой алдырмауға баулу<br>Ертеде екі тышқан және дауысы әдемі бір Әтеш өмір сүріпті. Екі тышқанның біреуінің аты Круть, екіншісінікі Верть екен. Тышқандар күніге тек ойнауды, өлең айтып, билеуді ғана біліпті. Ал Әтеш таң атысымен барлығына өзінің әсем дауысымен оятып, бірден жұмысқа кіріседі екен. Сөйтіп, бір күні ауланы сыпырып жүргенде жерден бидайдың масағын тауып алады. Әтеш Круть Вертьті шақырып, былай депті: -Қарандаршы, мен нені таптым? | | Тақырыбы:«Масақ» украин<br>халық ертегісі<br>**Міндеттері:**<br>а) Балаларды оқылған шағын<br>ертегі желісі<br>бойынша ертегі мазмұнын айтып<br>бере білуге<br>үйрету, өз ойларымен бөлісе отырып, «т», «в» дыбыстарын анық айтуға жаттықтыру.<br>ә)Ертегі кейіпкерлерінің қимылың, дыбысын салдырып, кейіпкерлер бейнесін сомдау қабілеттерін дамыту; ертегіге деген қызығушылықтарын арттыру.<br>б)Еңбекқорлыққатәрбиелеу,<br>жалқаулыққа<br>бой алдырмауға баулу.<br>Ертеде екі тышқан және дауысы әдемі бір Әтеш өмір сүріпті. Екі тышқанның біреуінің аты Круть, екіншісінікі Верть екен. Тышқандар күніге тек ойнауды, өлең айтып, билеуді ғана біліпті. Ал Әтеш таң атысымен барлығына өзінің әсем дауысымен оятып, бірден жұмысқа кіріседі екен. Сөйтіп, бір күні ауланы сыпырып жүргенде жерден бидайдың масағын тауып | Тақырыбы:**«Б» дыбысы**<br>айтқызу;<br>- буында айтқызу (ашық, жабық буында, ортасында);<br>- сөзде айтқызу (дыбыс сөздің басында, ортасында, аяғында болу керек);<br>- сөйлемде айтқызу.<br>**Шаттық шеңбер**<br>Біздің топта ұл-қыздар,<br>Тату-тәтті ойнаймыз.<br>Әлемдегі бар адамға,<br>Тек жақсылық сыйлаймыз.<br>**Ойнайық та,ойлайық**<br>**«Жұмбақ шешу»**<br>1) Өзі біреу, көзі үшеу. (Бағдаршам)<br>2) Қанаты жоқ ұшпайды<br>Су астында қыстайды. (Балық)<br>3) Жазу жазып жалықпаған<br>Жаза-жаза арықтаған (Бор)<br>4)Ақ сарайын талқандап<br>Шықты біреу талтаңдап (Балапан)<br>5)Тарбаң, тарбаң тарбиған,<br>Түрі жаман жарбиған( Бақа)<br>*(Жұмбақ шешуі бойынша суреттер жұмбақ ілінеді)*<br>- Дұрыс шештіңдер. Балалар жұмбақ шешуі қандай дыбыстардан басталып тұр? |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| сөзіндегі «Ү» дыбысының дұрыс айтылуын қадағалау)<br>- Ал олар қалай үреді? («аф- аф» дыбысындағы «ф» дыбысының дұрыс айтылуын қадағалау)<br>- Ит үй жануары ма? Әлде жабайы жануар ма?<br>**Дидактикалық ойын: «Кім жылдам»**<br>*Мақсаты:* иттің дене мүшесімен таныс болу және оны сипаттай білуге үйрету.<br>*Шарты:* *хатқалтадағы* (конверт) қиындыларды жылдам біріктіру<br>арқылы ит бейнесін шығару және оған сипттама беру.<br>- Ал, «Ит - адамның досы» дегенді қалай түсінеміз?<br><br>**Сергіту жаттығу**<br>Терезені ашайық,<br>Таза ауа кірсін деп.<br>Жаттығуды жасайық,<br>Денем мықты болсын деп.<br>(педагог жаттығуды қимыл – қозғалыспен орындатады және екі рет қайталатады)<br>Балалар кімнің үйінде ит бар. Оған қандай қамқорлық жасайсың? (балалардың жауаптарын таңдау)<br>Балаларды мадақтау | Тышқандар тезірек жүгіріп келіп, былай дейді: О, оны үгіту керек.<br>Әтеш: Ал оны кім үгітеді?<br>Круть: Мен емес, - дейді.<br>Верть: Мен де емес, - деп айқайлайды.<br>Әтеш: Жарайды, ендеше онда мен үгітейін.<br>Сөйтіп, Әтеш жұмысқа кірісті. Ал тышқандар болса, би билеп жүреді. Біраздан соң әтеш жұмысын бітіріп, екі тышқанды шақырады.<br>Әтеш: Крут, Верть қарандаршы мен қаншама дән үгіттім.<br>Тышқандар жүгіріп келіп, екеуі бірдей шиқылдайды.<br>Круть, Верть: Енді дәнді диірменге салып, ұн етіп үгіту керек.<br>Әтеш: Ал кім көтереді?<br>Круть: Мен емес.<br>Верть: Мен де емес.<br>Әтеш: Жарайды ендеше мен дәнді диірменге салайын.<br>Сөйтіп, иығына қапты салып алып Әтеш кетті. (ертегіні жалғастыру)<br>**Сергіту жаттығуы**<br>Қанат жаям жалма –жан<br>Талпынғандай ұшуға<br>Иіліп келіп, қол созам,<br>Аспанның ұшына.<br>Д/о: «Кімдікі дұрыс,кімдікі бұрыс»<br>Шарты: Көрсетілген суреттің атын атап көрсету.<br>Ертегі қалай аталады.<br>Балаларды мадақтау | | алады. Әтеш Круть Вертьгті шақырып, былай деді: - Қарандаршы, мен нені таптым?<br>Тышқандар тезірек жүгіріп келіп, былай дейді: О, оны үгіту керек.<br>Әтеш: Ал оны кім үгітеді?<br>Круть: Мен емес, - дейді.<br>Верть: Мен де емес, - деп айқайлайды.<br>Әтеш: Жарайды, ендеше онда мен үгітейін.<br>Сөйтіп, Әтеш жұмысқа кірісті. Ал тышқандар болса, би билеп жүреді. Біраздан соң әтеш жұмысын бітіріп, екі тышқанды шақырады.<br>Әтеш: Крут, Верть қарандаршы мен қаншама дән үгіттім.<br>Тышқандар жүгіріп келіп, екеуі бірдей шиқылдайды.<br>Круть, Верть: Енді дәнді диірменге салып, ұн етіп үгіту керек.<br>Әтеш: Ал кім көтереді?<br>Круть: Мен емес.<br>Верть: Мен де емес.<br>Әтеш: Жарайды ендеше мен дәнді диірменге салайын.<br>Сөйтіп, иығына қапты салып алып Әтеш кетті. (ертегіні жалғастыру)<br>**Сергіту жаттығуы**<br>Қанат жаям жалма –жан<br>Талпынғандай ұшуға<br>Иіліп келіп, қол созам,<br>Аспанның ұшына.<br>Д/о: «Кімдікі дұрыс,кімдікі бұрыс»<br>Шарты: Көрсетілген суреттің атын атап көрсету.<br>Ертегі қалай аталады.<br>Балаларды мадақтау | - *Дұрыс,* айтасыңдар. **Б – Б** – Б (хормен айтқызу)<br>Артикуляциясы: «Б» - еріннің бір-біріне нық тиіп, артынша кілт ашылуынан пайда болатын ұян дауыссыз дыбыс.<br>**Хормен айту.** Мысалы: бор, бақа, барабан.<br>- «Б» дыбысы сөздің басында, ортасында, соңында кездеседі (бота, қарбыз, клуб).<br>- Б – қандай дыбыс деп ойлайсыңдар?<br>- Б – дауыссыз дыбыс<br>**I тапсырма:** «Бала», «балапан», «балық» сөздерін буынға бөліп айтайық (неше буыннан тұрады)<br>**II тапсырма:** Мына буындарды, сөздерді дұрыс айтып үйренейік: БО, БУ, БА, БАЙ, БОЙ, БАР<br>Осымен дыбыстар елі аяқталды, енді<br>Балаларға әртүрлі суреттер беру. Сол суреттерден «Б» әрпіне байланысты сөздерді тауып тақтаға ілу (бақа, балық, балапан, қарбыз, асқабақ) |

22.09.22

Логопедтің түзете-дамыту жұмысының апталық циклограммасы. 2022-2023 оқу жылы

**Қыркүйек айы V апта**

<table>
<tr><th colspan="5">Ұйымдастырылған оқу қызмет түрлері</th></tr>
<tr><th>Дүйсенбі<br>26.09</th><th>Сейсенбі<br>27.09</th><th>Сәрсенбі<br>28.09</th><th>Бейсенбі<br>29.09</th><th>Жұма<br>30.09</th></tr>
<tr><td>Топтық сабақ: Арнайы түзете білім беру<br>«Сөйлеуді дамыту»<br>(9.10-9.30)</td><td>Топтық сабақ: Арнайы түзете білім беру «Сөйлеуді дамыту»<br>(9.10-9.30)</td><td rowspan="3">Жеке түзету сабақ<br>9.10-12.10</td><td>Топтық сабақ: Арнайы түзете білім беру<br>«Сөйлеуді дамыту»<br>(9.10-9.30)</td><td>Топтық сабақ: Арнайы түзете білім беру «Дыбыс айту»<br>(9.30-9.55)</td></tr>
<tr><td>Жеке<br>түзету сабақ<br>9.35-12.10</td><td>Жеке түзету сабақ (9.35-12.10)</td><td>Жеке түзету сабақ<br>9.35-12.10</td><td>Жеке түзету сабақ (10.00-12.10)</td></tr>
<tr><td>«Масақ» украин<br>халық ертегісі<br>Міндеттері:<br>а) Балаларды оқылған шағын ертегі желісі<br>бойынша ертегі мазмұнын айтып бере білуге<br>үйрету, өз ойларымен бөлісе отырып, «т», «в» дыбыстарын анық айтуға жаттықтыру.<br>ә)Ертегі кейіпкерлерінің қимылын, дыбысын салдырып, кейіпкерлер бейнесін сомдау қабілеттерін дамыту; ертегіге деген қызығушылықтарын арттыру.<br>б)Еңбекқорлыққатәрбиелеу, жалқаулыққа<br>бой алдырмауға баулу.<br>Ертеде екі тышқан және даусы әдемі бір Әтеш өмір сүріпті. Екі тышқанның біреуінің аты Круть, екіншісінікі Верть екен. Тышқандар күніге тек ойнауды, өлең айтып, билеуді ғана біліпті. Ал Әтеш таң атысымен барлығына өзінің әсем даусымен оятып, бірден жұмысқа кіріседі екен. Сөйтіп, бір күні ауланы сыпырып жүргенде жерден бидайдың масағын тауып алады. Әтеш Круть Вертьті шақырып, былай депті: -Қарандаршы, мен нені таптым?<br>Тышқандар төңірек жүгіріп келіп, былай дейді: О, оны үгіту керек.</td><td>«Масақ» украин<br>халық ертегісін сахналау<br>Міндеттері:<br>а) Сөйлеу мәнерін қалыптастыру.<br>ә) Сахналау қойылымына атсалысуға ықылас білдіруді, сөйлеу мәнерінің көркемдік әдіс-тәсілдерін (дауыс ырғағы, ымдау, қимыл-қозғалыс, дауыс құдіреттілігі, интонация) қолдануды дамыту, халық ауыз әдебиетіне<br>деген қызығушылықтарын арттыру.<br>б) Шыншылдыққа, адамгершілікке тәрбиелеу<br>Балаларды ертегі кейіпкерлерінің қайсысы болатындығына таңдауды өздеріне беру.<br>Ертегі кейіпкерлерінің сөздерінің ұмытып қалған жерлерінде логопед балаға сөздерді қайталату жұмысын жүргізеді. Ертегіні сахналауда кейіпкердің бейнесін сомдауда ерекше мән беру.<br>Саусақ жаттығуы</td><td>Тақырыбы: «З» және «с»<br>дыбыстары<br>(Дыбыстық сөйлеу<br>мәдениеті)<br>Міндеттері:<br>а) Балаларға «З» және «с» дыбыстары кездесетін сөздері дұрыс айта білуге үйрету.<br>ә) Барлық дауысты және дауыссыз дыбыстардың анық, таза, әрі түсінікті дыбыстап<br>айта білу біліктерін дамыту; ізгі сөздерді күнделікті айта білуге дағдыландыру.<br>ҮІӘ барысы:<br>Сұрақтар :<br>-Қазір жылдың қай мезгілі ?<br>-Күз мезгілі екенін қайдан білеміз ?<br>Жыл мезгілдерін рет –ретімен атау.<br>Қай сөзде с қай сөзде з дыбысы бар екенін айта отырып , сол дыбыстарды дұрыс әрі таза айтылуын қадағалау , сөйлем құрауын ұсыну.<br>- «Ыз – ыз –ыз » деп ызылдатып дыбыс шығарайық.<br>- Ненің дыбысына ұқсайды ?<br>- «С», «з» дыбыстарын айтқанда ерін езу тартып ,күлген кездегідей керіліп , тістер көрінеді . Тілдің ұшымен төменгі тістердің түбіне тиеді , тіл ортасы сәл дөңестеніп , екі жағы тістерге жанасады . Деміміз тіл ортасынан шығады .<br>- «З»дыбысына дыбыстық жаттығу жасату.</td><td>Тақырыбы «В» дыбысы<br>- буында айтқызу (ашық, жабық буында, ортасында);<br>- сөзде айтқызу (дыбыс сөздің басында, ортасында);<br>- сөйлемде айтқызу.<br><br>«В» дыбысын хормен айтқызу «В» дыбысының таңбасын көрсетіп, дауыссыз дыбыс көк текшемен белгіленетінін айтылады.<br>ҮІӘ барысы:<br>Сурет бойынша балаларды сөйлету<br>Тақтадағы ілінген сурет аттарын атату, буынға бөлдіру<br>Автобус, телевизор, вокзал, ваза,Вова,Вадим<br>Жұмбақ шешу<br>1. Бір - бір қорап үйлер тіркесіп, Қос сүйреумен әрі бері жүр көшіп.<br>(вагон)<br>Сергіту сәті.<br>1, 2, 3<br>Бойға жинап күш.<br>Қолға қалам аламыз,<br>4 пен 5 - ке жазамыз<br>В дыбысына байланысты сөздер</td></tr>
</table>

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Әтеш: Ал оны кім үгітеді?<br>Круть: Мен емес, - дейді<br>Верть: Мен де емес, - деп айқайлайды.<br>Әтеш: Жарайды, ендеше онда мен үгітейін.<br>Сөйтіп, Әтеш жұмысқа кірісті. Ал тышқандар болса, ән билеп жүреді. Біраздан соң әтеш жұмысын бітіріп, екі тышқанды шақырады.<br>Әтеш: Круть, Верть қарандаршы мен қаншама дән үгіттім.<br>Тышқандар жүгіріп келіп, екеуі бірдей шиқылдайды.<br>Круть, Верть: Енді дәнді диірменге салып, ұн етіп үгіту керек.<br>Әтеш: Ал кім көтереді?<br>Круть: Мен емес.<br>Верть: Мен де емес.<br>Әтеш: Жарайды ендеше мен дәнді диірменге салайын.<br>Сөйтіп, иығына қапты салып алып Әтеш кетті. (ертегіні жалғастыру)<br>**Сергіту жаттығуы**<br>Қанат жаям жалма –жан<br>Талпынғандай ұшуға<br>Иіліп келіп, қол созам,<br>Аяғымның ұшына.<br>Д/о: «Кімдікі дұрыс,кімдікі бұрыс»<br>Шарты: Көрсетілген суреттің атын атап көрсету.<br>Ертегі қалай аталады.<br>Балаларды мадақтау | Қораз,қораз қоқылдақ<br>Ерте тұрар қоқылдап<br>Алтын айдар басында<br>Ән салар үй қасында<br>Сұрақ жауап тәсілі арқылы балалардың сөздік қорларын жетілдіру:<br>Балалар әтеш жерден нені тапты?<br>Тышқандар неге көмектеспеді?<br>Әтеш бидайды қайда апарды?<br>Бидайдан не жасалды?<br>Ұннан не пісірді?<br>Достар қандай болуы керек?<br>(балалардың жауаптары тыңдалынады)<br>**Сөздік жұмысы**<br>Сөздерді буынға бөліп қайталайық:<br>Әтеш, тышқан, тышқандар, масақ, диірмен, ұн, тәтті тоқаш...<br>Балаларды марапаттау | | За- за – за – таза<br>Зу –зу – зу - жазу<br>Зы –зы –зы – қозы<br>Зе-зе –зе – зерек<br>Аз –аз –аз – жаз<br>Ыз –ыз –ыз – қыз<br>Үз –үз – үз – күз<br>Із – із –із – сәбіз .<br><br>Буын ішіндегі келген «с»дыбысын жырлатқызып үйрету.<br>Са –са- са –сана<br>Су- су- су –суық<br>Се –се –се –кесе<br>Ас-ас- ас- тас<br>С және з дыбысының ауада жазылуын көрсету.<br>З дыбысының 3 санына ұқсайтыны айтылады.<br>Топтағы немесе басқа да З және С дыбысы бар заттарды атау.<br>**Сергіту сәті .**<br>Күзім – ау , күзім –ау .<br>Мінезің бұзық –ау,<br>Жаңбырың сеуіп<br>Келгенің қызық –ау.<br>Қортындылау<br>Балалар біз қандай дыбыспен таныстық?<br>Балаларды марапаттау | айту<br>В → велосипед, автобус, вагон вокзал, трамвай, ваза<br>**Қорытындылау**<br>В дыбысы қандай дыбыс?<br>В дыбысы сөздің қай жерінде кездеседі?<br>Балаларды мадақтау |

3.10.22

**Логопедтің түзете-дамыту жұмысының апталық циклограммасы. 2022-2023 оқу жыл**

**Қазан айы I апта**

| Дүйсенбі<br>3.10 | Сейсенбі<br>4.10 | Сәрсенбі<br>5.10 | Бейсенбі<br>6.10 | Жұма<br>7.10 |
|---|---|---|---|---|
| Топтық сабақ: Арнай түзете білім беру **«Сөйлеуді дамыту»**<br>(9.10-9.30) | Топтық сабақ: Арнай түзете білім беру **«Сөйлеуді дамыту»**<br>(9.10-9.30) | Жеке түзету сабақ<br>9.10-12.10 | Топтық сабақ: Арнай түзете білім беру<br>**«Сөйлеуді дамыту»**<br>(9.10-9.30) | Топтық сабақ: Арнай түзете білім беру **«Дыбыс айту»**<br>(9.30-9.55) |
| Жеке<br>түзету сабақ<br>9.35-12.10 | Жеке түзету сабақ (9.35-12.10) | | Жеке түзету сабақ<br>9.35-12.10 | Жеке түзету сабақ (10.00-12.10) |
| **Тақырыбы:** «З» және «С» дыбыстары<br>(Дыбыстық сөйлеу мәдениеті)<br>**Міндеттері:**<br>а) Балаларға «З» және «с» дыбыстарының дұрыс жазылуын көрсету және түсіндіру.<br>ә) Барлық дауысты және дауыссыз дыбыстардың анық, таза, әрі түсінікті дыбыстап айта білу біліктерін дамыту; ізгі сөздерді күнделікті айта білуге дағдыландыру.<br>б) Үнемділікке тәрбиелеу.<br>**ҰІӘ барысы:**<br>**1. Ұйымдастыру кезеңі**<br>*Демонстрациялық құралмен жұмыс:* Балалардың назарын жыл мезгілдерінің суреттеріне аудару. (Қыс, көктем, жаз, күз).<br>Қазіргі жыл мезгілін және ай атауларын сұрау<br>**2. Негізгі кезең .Жыл мезгілдерін рет-ретімен атау.**<br>Қай сөзде «с», қай сөзде «з»дыбысы бар екенін айта отырып,сол дыбыстардың дұрыс, әрі таза айтылуын қадағалау, сөйлем құрауын ұсыну. – «Ыз-ыз-ыз» деп ызылдап дыбыс шығарайық.(ыз-ыз-ыз) – Ненің дыбысына ұқсайды? (Араның, | **Тақырыбы:** Көжекпен ойналық (Дидактикалық ойын)<br>**Міндеттері:**<br>а) Сөйлемді толық құрауға, етістік сөздерді қолдана білуге үйрету, дыбысты анық айтуға дағдыландыру.<br>ә) Ойлау қабілеттерін дамыту, өз ойын еркін жеткізу дағдысын қалыптастыру.<br>б) Жануарларға деген сүйіспеншілігін оятуға тәрбиелеу.<br>**ҰІӘ барысы:**<br>**1. Ұйымдастыру кезеңі**<br>**Ғажайып сәт:** ойыншық сұр қоянды қонақ ретінде таныстыру. Балалар қызығушылық танытады.<br>**2.Негізгі кезең** Сұрақ-жауап: – Балалар бұл не? (Бірге қайталату: қоян).<br>Қ дыбысын буын ішінде келтіріп қайталату арқылы жаттығуды орындату.<br>Қо-яо-қо – қоян.<br>Құ-құ-құ – құлақ.<br>Қа-қа-қа – қалам.<br>Қы-қы-қы – қылыш.<br>Ку-ку-ку – кулик. («Қ» дыбысының дауыссыз дыбыс екендігін, ауыз қуысынан еркін | | **Тақырыбы:** «Бауырсақ» орыс халық ертегісін оқу.<br>**Міндеттері:** Ертегінің мазмұнын түсінуге және олардағы әрекеттердің дамуын қадағалауға үйрету. Ертегіні тыңдауға қызығушылықтарын арттыру, сөздік қорын молайту, тілін, көпті интонацияларды түсінуін дамыту<br>Адамгершілікке тәрбиелеу.<br>**ҰІӘ барысы 1. Ұйымдастыру кезеңі**<br>***Шаттық шеңбері*** Кел, балалар, күлейік, Күлкімезен түлейік.<br>Күлкі – көңіл ажары, Күліп өмір сүрейік. (Балалар шеңбер жасап тұрады, логопедпен бірге қимылдар жасайды).<br>**2. Негізгі кезең *Кіріспе әңгіме.***<br>***Тосын сәт.*** Үстелдің үстінде Бауырсақты домалату. – Балалар, бүгін бізге қай ертегінің бас кейіпкері қонаққа келді екен, қарандаршы! – Бұл ертегіні бәріміз де білеміз, есімізге түсіріп көрейікші. Бұл «Бауырсақ» ертегісі. Ертегіні қуыршақ театры арқылы көрсету және дауыс ырғағын келтіріп айтып беру.<br>**Бауырсақ** (ертегі) Ертеде бір шал мен кемпір болыпты. Кемпір бір күні қаймаққа нан илеп, оны майға қуырып, бауырсақ пісіріпті. Оны терезенің алдына суытып қойыпты. Бауырсақ суып тұрып-тұрып, бір кезде домалай жөнеледі. Домалап келіп терезе алдындағы орындыққа, орындықтан еденге, еденнен дәлізге, дәлізден аулаға, ауладан сыртқа, одан әрі домалай береді, домалай береді.<br>Бір кезде оған Қоян жолығып:<br>- Бауырсақ, Бауырсақ! Мен сені жеймін! – дейді.<br>- Қоян, сен мені жеме. Мен саған өлең айтып | **«Г» дыбысы**<br>**Міндеті:** - дыбысты жеке тұрған күйінде айтқызу;<br>- буында айтқызу<br>- сөзде айтқызу (дыбыс сөздің басында, ортасында болу керек);<br>- сөйлемде айтқызу.<br>Жұмбақ жасыру:<br>Аналарға сыйлайтын,<br>Аралар бал жинайтын.<br>Бұл немене балалар,<br>Үзуге адам қимайтын. (Гүл)<br>«Г» дыбысына буын қайтала: га, го, гу,гы, гі<br>«Гүлдер әлеміне саяхат» әдісі бойынша тақтаға түрлі түсті гүлдер ілінеді.<br>«Гүл» сөзін жекешеден көпше түрге түрлендіру.<br>- Гүл – дегенде қандай дыбыс естіп тұрсыңдар? –Г<br>Олай болса, біздер бүгін Г дыбысымен танысамыз. Г г дыбысы, дауыссыз дыбыс, үнді дыбыс, сөздердің басында, ортасында кездеседі.<br>Суреттi плакаттан «Г» дыбысы кездесетін сөздерді қайталату.<br><br>е геу – үй шаруасында қолданылатын құрал<br>ке ре ге – киіз үйдің |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| мәсінің дыбысына ұқсайды). – «С», «з» дыбыстарын айтқанда ерін езу тартып, күлген кездегідей керіліп, тістер көрінеді. Тілдің ұшы төменгі тістердің түбіне тиеді, тіл ортасы сәл дөңестеніп, екі жағы тістерге жанасады. Деміміз тіл ортасынан шығады. – Күз (з). – Кыс (с). – Жаз (з). Осы сөздерді қатыстырып, бірнеше сөйлем құрайық. «З» дыбысына дыбыстық жаттығу жасату.<br>За-за-за – таза<br>Зу-зу-зу – жазу<br>Зы-зы-зы – қозы<br>Зе-зе-зе – зерек<br>Аз-аз-аз – жаз<br>Ыз-ыз-ыз – қыз<br>Үз-үз-үз – күз<br>Із-із-із – сәбіз<br>Буын ішінде келген «с» дыбысын ажыратқызып үйрету.<br>Са-са-са – сана<br>Су-су-су – суық<br>Се-се-се – кесе<br>Ас-ас-ас – тас<br>«З» дыбысының 3 санына ұқсайтыны айтылады.<br>Топтағы немесе басқа да «З»және «С» дыбысы бар заттарды атау.<br>Тыныштық сақтап сағаттың дыбысын тыңдату. Оның қажеттілігі мен пішіндері туралы әңгіме өрбіту. – Бәріміз сағат болайық: сырт-сырт, сырт-сырт. (Сағаттың дыбысын салып оңға-солға сыртылдайды, сағат туралы әңгімелейді).<br>**Сергіту жаттығуы**.<br>Күзім-ау, күзім-ау, Мінезің бұзық-ау, Жаңбырың сіркіреп Келгенің қызық-ау. (Қ.Ыдырысов)<br>Балалар буындар мен сөздерді логопедпен бірге қайталап, дұрыс дыбыстап сөйлеуге тырысады.<br>**Жаңылтпаш жаттату.**<br>Арықтан су сылдырлап ағады, Сылдырлап ағады, Сылдырлап ағады, Сылдырлап ағып, Сырдарияға барады.<br>Дұрыс сөйлеп, дыбыстауға әрекеттенеді. Логопедпен бірге | шыңқай, қысылып шығатындығын балалардың айтқызу арқылы ажырату).<br>**Көжекке сипаттама беру:** – Қоянның түсі қандай? – Қоянның түсі сұр. – Оның жүні қандай? – Оның жүні жұмсақ, мамық, үлпілдек. – Қоянның құлағы қандай? Ұзын ба әлде қысқа ма? – Неше құлағы бар? – Қоянның құлағы ұзын. Оның екі құлағы бар және оның екі көзі, тұмсығы, аузы, мұрттары, төрт аяғы, кішкентай құйрығы бар.<br>Логопед сөзін қайталау арқылы, «к» дыбысын анық айтуға тырысу.<br>**Сергіту жаттығуы:** «Сұр қоян».<br>Ұзын құлақ, сұр қоян Естіп қалып сыбдырды, Ойлы-қырлы жерлермен<br>Ытқып-ытқып жүгірді.<br>Қарап еді артына, Қиығын сап көзінің, Келе жатқан томпаңдап Көжегі екен өзінің. (Т. Бердияров) (Сергіту жаттығуын қимыл-қозғалыс арқылы орындайды). – Балалар, көжек деген не? (Қоянның баласы) (К дыбысын буын ішінде келтіріп қайталату арқылы жаттығуды орындату.<br>Ко-ко-ко-көжек.<br>Ко-ко-ко-көже.<br>Ко-ко-ко-көкек.<br>Ко-ко-ко-көрпе.<br>Жаттығуды қайталау арқылы «К» дыбысын анық айтуға тырысады.<br>(«К» дыбысының дауыссыз дыбыс екендігін, ауыздан кедергілерге ұшырап, қысылып шығатындығын түсіндіру). – Балалар көжек қандай болады? (Көжек кішкентай, жүндері жұп-жұмсақ және сүйкімді болады).<br>**Дидактикалық ойын:**«Көжекпен ойнайық»<br>**Мақсаты:** балалардың ойлау | | беремін: Менің атым Бауырсақ, Бауырсақ! Қаймаққа иленгем, майға пісірілгем, терезеде суығам. Ұстатпай кеттім атама, ұстатпай кеттім әжеме. Ұстатпаймын, Қоян, саған да!<br>Содан Бауырсақ қара жолмен домалап кете барады. Оған Қасқыр кездесіп, оның да Бауырсақты жегісі келеді. Бауырсақ өзінің әнін Қасқырға айтып беріп, одан әрі домалай береді. Бір кезде Аю жолығады:<br>- Бауырсақ, Бауырсақ! Мен сені жеймін! – дейді ол. - Сендей майтабанға мені жеу қайда? Ұстатпай кеттім Атама, ұстатпай кеттім Әжеме, Қоян менен Қасқырға ұстатпағам әндеше. Ал сендей маймаққа ұстатпаймын мүлде де! Сөйтіп домалай жөнеледі. Аю тек көзімен шығарып салады. Бауырсақ домалағаннан домалап келе жатса, оған Түлкі жолығады: - Бауырсақ, Бауырсақ, қайдан домалап барасың? - дейді ол. - Жолмен домалап барамын. Менің атым Бауырсақ, Бауырсақ! Қаймаққа иленгем, майға пісірілгем, терезеде суығам. Ұстатпай кеттім Атама, ұстатпай кеттім Әжеме. Ұстатпай кеттім Қоян менен Қасқырға. Ұстатпай кеттім Аюға, ұстатпаймын саған мүлде де! – деп өлеңін айтып береді. Түлкі оған: - Өлеңің өте жақсы екен. Бірақ жөнді есте алмай тұрғаным. Бауырсақ, сен менің тұмсығыма шық та, әніңді тағы бір рет қаттырақ айтшы, -дейді.<br>Бауырсақ Түлкінің тұмсығына домалап шығып алып, бар даусымен әнін айта бастайды. Сол кезде Түлкі ұстап алады. - Түлкі, сен мені жеп қайтесің! – дейді Бауырсақ. – Жүр, одан да біздікіне, Атам мен Әжеме барайық. Олар сені тойғызады.<br>Түлкі келіседі. Бауырсақ өздерімен бірге Қоян, Қасқыр мен Аюды ертіп алады. Олар келсе, әжесі көп қаусырма пісіріп қойыпты. Қоянға орамжапырақ салған, Қасқыр мен Түлкіге ет салған, Аюға таңқурай салған қаусырма тиеді. Ал Бауырсақ терезенің алдында өзінің әнін айтып отырады. Оқылған ертегі бойынша сұрақ-жауап арқылы әңгімелеу. - Айтыңдаршы, балалар, бауырсақтың пішіні қандай? (*Домалақ*) - Әже бауырсақты қалай пісірді? Нені қосты? - Қандай кейіпкерлер Бауырсаққа кездесті? - Бауырсақ | бөлігі(шаңырақ,уық,кереге)<br>ше ге – үй шаруашылығына пайд.ағаш қағ зат<br>не ге – сұрақ<br>ар да гер – құрметті, ардақты, қадірлі ата<br>Сюжетті сурет бойынша әңгіме құрайық:<br>Мен Гүлсара апайға гүл сыйладым. Атам ағашқа шеге қақты. Менің атам ардагер.<br>Қорытынды: Қандай дыбыспен таныстық. «Г» дыбысынан келетін сөздер айтайықшы. Балаларды мадақтау |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| қайталайды. Жаңылтпашты жаңылмай қайталап жаттауға талпынады. **3.Қорытынды кезең (рефлексия)** Бүгінгі ҰІӘ де үйренгендерін сұрай отырып, таңертең және кешкілік айтылатын ізгі сөздерді қайталату: – Сәлеметсіз бе! – Сау болыңыз!<br>Ізгі сөздерді қайталайды. | қабілетін дамыту және жылдамдығына үйрету.<br>**Ойын шарты:** *қоянды бесінде орналастыр* Қоянның сәбізге дейінгі жолын сызып көрсет. – Қоян жүзеді ме? Әлде ұшады ма? (Секіріп жүгіреді). – Ол қандай жабайы аңдардан қорқады? – Жабайы аңдарға нелер жатады?<br>**3 Қорытынды кезең (рефлексия)** Дыбыстарды анық айтуға ұсыныс білдіру, қорытындылап мадақтау. | | оларға қандай ас әзірлеп береді?<br>***Сөздік жұмыс:*** *домалақ, пісіп.*<br>***Сергіту сәті.***<br>Орнымыздан тұрайық, Құстай қанат қағайық.<br>Бір отырып, бір тұрып, Біраз сергіп алайық.<br>Біздің домалақ Бауырсағымыз да *жолда домалап* келе жатыр. Олай болса, бүгін біз ермексаздан бауырсақ жасайық.<br>Ермексазды қолымызға алып, алақан арасына салып айналдырып, домалатамыз.<br>Балалар ермексаздан бауырсақ жасайды. – Қараңдаршы, не пайда болды? *(Әдемі бауырсақ пайда болды.)* **3. Рефлексия** Логопед қорытынды жасайды. Балалардың жасаған жұмыстарын бағалау, | |

10.10.22

**Логопедтің түзете-дамыту жұмысының апталық циклограммасы. 2022-2023 оқу жылы**

**Қазан айы II апта**

| Дүйсенбі<br>10.10 | Сейсенбі<br>11.10 | Сәрсенбі<br>12.10 | Бейсенбі<br>13.10 | Жұма<br>14.10 |
|---|---|---|---|---|
| Топтық сабақ: Арнайы түзете білім беру<br>**«Сөйлеуді дамыту»**<br>(9.10-9.30) | Топтық сабақ: Арнайы түзете білім беру<br>**«Сөйлеуді дамыту»**<br>(9.10-9.30) | Жеке түзету сабақ<br>9.10-12.10 | Топтық сабақ: Арнайы түзете білім беру **«Сөйлеуді дамыту»**<br>(9.10-9.30) | Топтық сабақ: Арнайы түзете білім беру **«Дыбыс айту»**<br>(9.30-9.55) |
| Жеке<br>түзету сабақ<br>9.35-12.10 | Жеке түзету сабақ (9.35-12.10) | | Жеке түзету сабақ<br>9.35-12.10 | Жеке түзету сабақ (10.00-12.10) |
| **Тақырыбы:** «Бауырсақ» орыс халық ертегісін оқу.<br>**Міндеттері:** Ертегінің мазмұнын түсінуге және олардағы әрекеттердің дамуын қадағалауға үйрету. Ертегіні тыңдауға қызығушылықтарын арттыру, сөздік қорын молайту, тілін, лепті интонацияларды түсінуін дамыту<br>Адамгершілікке тәрбиелеу.<br>**ҮІӘ барысы 1. Ұйымдастыру кезеңі**<br>*Шаттық шеңбері* Кел, балалар, күлейік, Күлкіменен түлейік.<br>Күлкі – көңіл ажары, Күлкі өмір сүрейік. (Балалар шеңбер жасап тұрады, логопедпен бірге қимылдар жасайды).<br>**2. Негізгі кезең** *Кіріспе әңгіме.*<br>*Тосын сәт.* Үстелдің үстінде Бауырсақты домалату. – Балалар, бүгін бізге қай ертегінің бас кейіпкері қонаққа келді екен, қараңдаршы! – Бұл ертегіні бәріміз де білеміз, есімізге түсіріп көрейікші. Бұл «Бауырсақ» ертегісі. Ертегіні қуыршақ театры арқылы көрсету және дауыс ырғағын келтіріп айтып беру:<br>**Бауырсақ** (ертегі) Ертеде бір шал мен кемпір болыпты. Кемпір бір күні қаймаққа нан илеп, оны майға қуырып, бауырсақ пісіріпті. Оны терезенің алдына суытып қойыпты. Бауырсақ суып тұрып-тұрып, бір кезде домалай жөнеледі. Домалап келіп терезе алдындағы орындыққа, орындықтан еденге, еденнен дәлізге, дәлізден аулаға, | **Тақырыбы:** Қуыршақ Әйгерімнің туған күні (Шығармашылық жұмысқа баулу: әңгіме құрау)<br>**ҮІӘ барысы**<br>**1. Ұйымдастыру кезеңі Ғажайып сәт:** Тобымызға қуыршақ Әйгерімнің келуін хабарлайды. Балалар қуыршақтың келгеніне қуанады. – Балалар, бұл не? Кәне, «Қуыршақ» сөзін қайталаймыз. – Балалар бұл қуыршақтың есімі – Әйгерім. «Қуыршақ» тақпағын жаттату.<br>Біздерде бар қуыршақ , Бұзау, қозы, құлыншақ, Ойыншықтар тыңдайды, Ақыл айтсақ, бұйырсақ. (Н.Әлімқұлов)<br>(Логопедпен бірге қайталап жаттап алу). (Тақпақ жаттатудың әдіс-тәсілі: «Суретті жаттау» Түсіндірілуі: суреттерді тақтаға салып, әр қатарға салып, тақпақты жаттап алу. Мысалы: Біздерде бар қуыршақ (*қуыршақ суретін салу.*) Бұзау, қозы, құлыншақ (*бұзау,қозы, құлыншақ суреттерін салу.*) Ойыншықтар тыңдайды.<br>Ақыл айтсақ, бұйырсақ. (*қол қимылымен көрсету*).<br>**Сұрақтарға жауап алу.** – Балалар «Қуыршақ» неге жатады? (Қуыршақ ойыншыққа жатады). – Сендердің үйлеріңде қандай ойыншықтар бар? (Әр | | Тақырыбы: Ү. Есдәулетов «Тәй-тәй қуыршақ» өлеңі<br>**Міндеттері:** Тақпақтың мазмұнын түсінуге және олардағы әрекеттердің дамуын қадағалауға.<br>Сөздік қорын молайту, тілін дамыту, өлеңді тыңдау және оның мазмұнын белсенді қабылдау дағдыларын дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**ҮІӘ барысы 1. Ұйымдастыру кезеңі** *Тосынсый.* Қонаққа қуыршақ Сәуле келеді.<br>Балалармен амандасады. Ойнауға шақырады. *Логопед* еденге екі сызық сызады да (немесе екі арқанды қояды) балаларға бұның жол екенін және онымен қыдыруға баратындарын айтады. Балалар бірінің артынан бірі жүреді, сызықтарды басып кетпеуге тырысады. Сол тәртіппен қайта оралады. Абайлап, бір-біріне кедергі келтірмей және алдында бара жатқан баланы итермей жүру керек.<br>**2. Негізгі кезең** - Балалар, қуыршақ Сәуле бүгін бізге Ү. Есдәулетовтың «Тәй-тәй қуыршақ» өлеңін алып келіпті. Мен сендерге өлеңді оқып берейін.<br>**Тәй-тәй қуыршақ**<br>Жұмбағым, жұмсақ,<br>Бұл не деген қуыршақ? | **«Ғ» дыбысы**<br>**Міндеті:** - дыбысты жеке тұрған күйінде айтқызу;<br>- буында айтқызу<br>- сөзде айтқызу (дыбыс сөздің басында, ортасында болу керек);<br>- сөйлемде айтқызу.<br>**Логопед «Ғ» дыбысының айтылуын түсіндіреді:**<br>«Ғ» дыбысына тіліміз кедергі жасап, астыңғы тісімізге қатты тиіп тұр, яғни, бұл дыбысты қандай дыбыс деуге болады?<br>«Ғ» әріпі сөздің басында,ортасында және аяғында кездесетінін айту.<br>Мысал келтіру:<br>Басында – ғарышкер, ортасында-аға...<br>**Тіл ұстарту жаттығуын өткізу:**<br>Ға-ға-ға<br>Атқа тақты таға.<br>**Жұмбақ:**<br>Зымыранмен аспанға ұшады,<br>Жұлдыздарды зерттейді<br>Ол кім балалар?<br>(Ғарышкер)<br>- Балалар ғарышкер туралы біз не білеміз.<br>«Менімен бірге қайтала»: |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| ауладан сыртқа, одан әрі домалай береді, домалай береді.<br>Бір кезде оған Қоян жолығып:<br>- Бауырсақ, Бауырсақ! Мен сені жеймін! – дейді.<br>- Қоян, сен мені жеме. Мен саған өлең айтып беремін: Менің атым Бауырсақ, Бауырсақ! Қаймаққа иленгем, майға пісірілгем, терезеде суығам. Ұстатпай кеттім атама, ұстатпай кеттім әжеме. Ұстатпаймын, Қоян, саған да!<br>Содан Бауырсақ қара жолмен домалап кете барады. Оған Қасқыр кездесіп, оның да Бауырсақты жегісі келеді. Бауырсақ өзінің әнін Қасқырға айтып беріп, одан әрі домалай береді.<br>Бір кезде Аю жолығады:<br>- Бауырсақ, Бауырсақ! Мен сені жеймін! – дейді ол.<br>- Сендей майтабанға мені жеу қайда? Ұстатпай кеттім Атама, ұстатпай кеттім Әжеме, Қоян менен Қасқырға ұстатпағам еншеше. Ал сендей маймаққа ұстатпаймын мүлде де!<br>Сөйтіп домалай жөнеледі. Аю тек көзімен шығарып салады.<br>Бауырсақ домалағаннан домалап келе жатса, оған Түлкі жолығады:<br>- Бауырсақ, Бауырсақ, қайдан домалап барасың? - дейді ол.<br>- Жолмен домалап барамын. Менің атым Бауырсақ, Бауырсақ! Қаймаққа иленгем, майға пісірілгем, терезеде суығам. Ұстатпай кеттім Атама, ұстатпай кеттім Әжеме. Ұстатпай кеттім Қоян менен Қасқырға. Ұстатпай кеттім Аюға, ұстатпаймын саған мүлде де! – деп өлеңін айтып береді.<br>Түлкі оған:<br>- Әнің өте жақсы екен. Бірақ жөндеп есте алмай тұрғаным. Бауырсақ, сен менің тұмсығыма шық та, әнінді тағы бір рет қаттырақ айтшы, -дейді.<br>Бауырсақ Түлкінің тұмсығына домалап шығып алып, бар даусымен әнін айта бастайды. Сол кезде Түлкі ұстап алады.<br>- Түлкі, сен мені жеп қайтесің! – дейді Бауырсақ. – Жүр, одан да біздікіне, Атам мен Әжеме барайық. Олар сені тойғызады. | бала өз ойыншықтарын атап өтеді).<br>**Дидактикалық ойын:** «Ойыншықты тап».<br>Ойын мақсаты: ойыншықты атау және кеңістікті бағдарлай отырып табу.<br>Шарты: тығылған ойыншықты тауып, атын атап, түсін, үлкен, кішілігін ажыратып, сол ойыншыққа өздерің мейірімді тілек тілейсіңдер. Мысалы, балалар алдымен көздерін жұмады, қойылған ойыншықтар ішінен логопед біреуін жасырып қояды. Қандай ойыншық жоқ? (Мысалы: Аю ойыншығы жоқ, оның қалған ойыншықтарға қарағанда, пішіні үлкен, түсі қоңыр. Аю – жұмсақ ойыншық. Мен оны ұқыпты таза ұстап ойнаймын. т.б.) –Балалар, бүгін қуыршақ Әйгерімнің туған күні екен. – Әйгерімге сендер не сыйлағыларың келеді? – Әйгерімнің туған күнін қалай жақсы, көңілді өткізуге болады. – Кәне, шағын әңгіме құрайық.<br>**Әңгіме құрау:** «Қуыршақ Әйгерімнің туған күні» Балалар ауызша әңгіме құрап айтуға тырысады.<br>Мақсаты: ауызша өз ойларын жеткізе білу.<br>Мысалы: Әйгерім қуыршақтың туған күніне аю келді. Аю Әйгерімге өзінің сүйікті тағамы – бал сыйлады. Оны көрген Әйгерім қатты қуанды.т.б.<br>**Сергіту жаттығуы.**<br>Ал, балалар, тұрайық, Алақанды ұрайық,<br>Оңға қарай иіліп, Солға арай иіліп.<br>Бір отырып, бір тұрып, Біз тынығып алайық. (Сергіту жаттығуын қимыл-қозғалыс арқылы орындайды).<br>**3.Қорытынды кезең (рефлексия)**<br>Әңгіме құрағанда толық сөйлем құрауға тырысады. Ойыншықтарды ұқыпты ойнау керектігін айту. Балаларды мадақтау. | | Тығылмайлық, тығылсақ,<br>Бұл не деген қуыршақ?<br>Бір, екі, үш, төрт, бес,<br>Қуыршақтың тұсауын кес,<br>Қуыршағым, қаз-қаз,<br>Қыдырайық аз-маз.<br>***Сөздік жұмыс:*** жуынбайды, тұсауын.<br>***Сергіту сәті.***<br>Орнымыздан тұрайық,<br>Құстай қанат қағайық.<br>Бір отырып, бір тұрып,<br>Біраз сергіп алайық.<br>***Сұрақ-жауап.*** - Өлеңде не туралы айтылған? - Қуыршақ не істегісі келмеді?<br>- Қуыршақты жүргізу үшін не істейді? - Қуыршақтарыңды қалай үйыстатасыңдар?<br>Логопед қуыршақ Сәулені балалармен бірге ойын бұрышына шақырады.<br>«Ғажайып дорба»<br>Шарты: бала дорбаға қолын салып ішіндегі ойыншықты сипап қандай ойыншық қолында тұрғанын айтуы тиіс.<br>«Қай ойыншық жоқ?» ойыны<br>**3. Рефлексия** Логопед қорытынды жасайды. Қуыршақ Сәуле өте риза болды сендерге. | Ғарышкерлер ғарышқа,<br>Байқоңырдан ұшады.<br>Қарсы алады тағы да,<br>Біздің елдің құшағы.<br>«Ғ» дыбысына байланысты плакатты суретпен жұмыс: аға, ағаш, сағат, сағыз, ғарыш, сырға, шыңғы, қарға, балға, таға...<br>Балаларды мадақтау |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Түлкі келіседі. Бауырсақ өздерімен бірге Қоян, Қасқыр мен Аюды ертіп алады. Олар келсе, әжесі көп қаусырма пісіріп қойыпты. Қоянға орамжапырақ салған, Қасқыр мен Түлкіге ет салған, Аюға таңқурай салған қаусырма тиеді. Ал Бауырсақ терезенің алдында өзінің әнін айтып отырады. Оқылған ертегі бойынша сұрақ-жауап арқылы әңгімелеу. - Айтыңдаршы, балалар, бауырсақтың пішіні қандай? *(Домалақ)* - Әже бауырсақты қалай пісірді? Нені қосты? - Қандай кейіпкерлер Бауырсаққа кездесті? - Бауырсақ оларға қандай ән айтып берді?<br>***Сөздік жұмыс:*** домалақ, пішін.<br>***Сергіту сәті.***<br>Орнымыздан тұрайық, Құстай қанат қағайық.<br>Бір отырып, бір тұрып, Біраз сергіп алайық.<br>Біздің домалақ Бауырсағымыз да жолда домалап келе жатыр. Олай болса, бүгін біз ермексазадан бауырсақ жасайық.<br>Ермексазды қолымызға алып, алақан арасына салып айналдырып, домалатамыз.<br>Балалар ермексаздан бауырсақ жасайды. – Қараңдаршы, не пайда болды? *(Әдемі бауырсақ пайда болды.)* **3. Рефлексия**<br>Логопед қорытынды жасайды. Балалардың жасаған жұмыстарын бағалау. | | | | |

17.10.22

**Логопедтің түзете-дамыту жұмысының апталық циклограммасы. 2022-2023 оқу жылы**

**Қазан айы III апта**

**Ұйымдастырылған іс әрекет түрлері**

| Дүйсенбі 17.10 | Сейсенбі 18.10 | Сәрсенбі 19.10 | Бейсенбі 20.10 | Жұма 21.10 | Сенбі 22.10 |
|---|---|---|---|---|---|
| Топтық сабақ: Арнайы түзете білім беру **«Сөйлеуді дамыту»** (9.10-9.30) | Топтық сабақ: Арнайы түзете білім беру **«Сөйлеуді дамыту»** (9.10-9.30) | Жеке түзету сабақ 9.10-12.10 | Топтық сабақ: Арнайы түзете білім беру **«Сөйлеуді дамыту»** (9.10-9.30) | Топтық сабақ: Арнайы түзете білім беру **«Дыбыс айту»** (9.30-9.55) | Топтық сабақ: Арнайы түзете білім беру **«Сөйлеуді дамыту»** (9.10-9.30) |
| Жеке түзету сабақ 9.35-12.10 | Жеке түзету сабақ (9.35-12.10) | | Жеке түзету сабақ 9.35-12.10 | Жеке түзету сабақ (10.00-12.10) | Жеке түзету сабақ 9.35-12.10 |
| **Тақырыбы:** «Тәй-тәй құыршақ» өленін оқу.<br>**Мақсаты:** «Тәй-тәй құыршақ» өлеңімен таныстыру.<br>**Міндеттері:** Тақпақтың мазмұнын түсінуге және олардағы әрекеттердің дамуын қадағалауға. Сөздік қорын молайту, тілін дамыту, өлеңді тыңдау және оның мазмұнын белсенді қабылдау дағдыларын дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақ Сәуле.<br>**Сөздік жұмыс:** жұмбайды, түсаумн.<br>**ҰІӘ барысы 1. Ұйымдастыру кезені** *Ғосмасый.* Қонаққа қуыршақ Сәуле келеді. Балалармен амандасады. Ойнауға шақырады. Педагог | **Тақырыбы:**Әңгімеле...<br>(Екі түрлі ойыншықты сипаттап, әңгіме құрау)<br>**Міндеттері:** а) Педагогтің көрсетуі бойынша ойыншықтарды сипаттап, шағын әңгіме құрауға үйрету. ә) Хабарлы сөйлемді қолдану арқылы өз ойларын дұрыс жинақтау, қысқаша әңгіме құрай білуге үйретуді жалғастыру арқылы ауызекі сөйлеу тілдерін дамыту. б) Ойыншықтармен дұрыс ойнай білуге, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтижелер: біледі:** үлгі бойынша шағын әңгімелерді бейнелеп айтуды; **түсінеді:** «Д» және «т» дыбыстарын анық айтуды; **қолданады**: ұқыптылық дағдыларын, өз ойын жеткізуді.<br>**ҰІӘ барысы::**<br>**1. Ұйымдастыру кезені** «Бөлмеге саяхат» ойынымен бастап, топ бөлмесіндегі заттарға олардың ішінде ойыншықтарға назар аудару. Балалар бәрін аралап, мұқият қарап шығып, өз орындарына келіп отырады.<br>**2.Негізгі кезең** Ойын: «Ойыншық қандай фигураға ұқсайды?» ойынымен жалғастырылып, қарапайым математикалық түсініктерімен байланыстырыла келе, ойыншықтардың көлемі, түр-түсі, пішінін анықтап талдау жұмыстары жүргізіледі. (Мәселен, *Мен допты көрдім. Оның пішіні* | | **Тақырыбы**:Әңгімеле...<br>(Екі түрлі ойыншықты сипаттап, әңгіме құрау)<br>**Міндеттері:** а) Педагогтің көрсетуі бойынша ойыншықтарды сипаттап, шағын әңгіме құрауға үйрету. ә) Хабарлы сөйлемді қолдану арқылы өз ойларын дұрыс жинақтау, қысқаша әңгіме құрай білуге үйретуді жалғастыру арқылы ауызекі сөйлеу тілдерін дамыту. б) Ойыншықтармен дұрыс ойнай білуге, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтижелер: біледі:** үлгі бойынша шағын әңгімелерді бейнелеп айтуды; **түсінеді:** «Д» және «т» дыбыстарын анық айтуды; **қолданады**: ұқыптылық дағдыларын, өз ойын жеткізуді.<br>**ҰІӘ барысы::**<br>**1. Ұйымдастыру кезені** «Бөлмеге саяхат» ойынымен бастап, топ бөлмесіндегі заттарға олардың ішінде ойыншықтарға назар аудару. Балалар бәрін аралап, мұқият қарап шығып, өз орындарына келіп отырады.<br>**2.Негізгі кезең** Ойын: «Ойыншық қандай фигураға ұқсайды?» ойынымен жалғастырылып, қарапайым математикалық түсініктерімен байланыстырыла келе, ойыншықтардың көлемі, түр-түсі, пішінін анықтап талдау жұмыстары жүргізіледі. (Мәселен, *Мен допты көрдім. Оның пішіні* | **Тақырыбы:** «Д» дыбысы<br>- буында айтқызу (ашық, ортасында);<br>- сөзде айтқызу (дыбыс сөздің басында, ортасында);<br>- сөйлемде айтқызу.<br>Қазір мен сендерге жұмбақ жасырамын.<br>Сол аяқ пен оң аяқ<br>Кезек оны тебеді<br>Оп тынымсыз домалап<br>Зыр жүгіре береді.<br>Доп<br>Доп сөзінде ең бірінші қандай дыбыс естілді.<br>Бүгінгі ҰІӘ дің тақырыбы «Д» дыбысымен танысу<br>Артикуляциялық жаттығу: Д | **Тақырыбы:**<br>"Күзде" өленін оқу.<br>**Мақсаты:** "Күзде" өленін мәнерлеп оқып, мазмұнымен таныстыру.<br>**Міндеттері:** Өлең мазмұнын түсінуге және олардағы әрекеттердің дамуын қадағалауға; өленің интонациясын қабылдап меңгеруін үйрету.<br>Тілдік қорларын дамыту. Күз мезгіліндегі табиғатты аялауға, сүйе білуге тәрбиелеу.<br>**Қолданылатын көрнекі құралдар:** алма суреті салынған парақтар, бояу, қалам, су, стакан.<br>**Сөздік жұмыс:** қош айтысып, қимас |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| өлеңге екі сызық сызады да (немесе екі арқанды қояды) балаларға бұның жол екенін және оныменен қызмруға баратындарын айтады. Балалар бірінің артынан бірі жүреді, сызықтарды басып кетпеуге тырысады. Сол тәртіппен қайта оралады. Абайлап, бір-біріне кедергі келтірмей және алдында бара жатқан баланы итермей жүру керек. **2. Негізгі кезең** - Балалар, құыршақ Сәуле бүгін бізге Ү. Есләулетовтың «Тай-тай қуыршақ» өлеңін алып келіпті. Мен сендерге өлеңді оқып берейін.<br>**Тай-тай құыршақ**<br>Жұлынбайды, жұмсақ,<br>Бұл не деген қуыршақ?<br>Тығылмайды,<br>тығылмақ, Бұл не деген қуыршақ?<br>Бір, екі, үш, төрт, бес,<br>Қуыршақтың тұсауын кес, Қуыршағым, қаз-қаз. Қылмырайық аз-маз.<br>*Сөздік жұмыс:* жұлынбайды, тұсауын.<br>*Сергіту сәті.*<br>Орнымыздан тұрайық,<br>Құстай қанат қағайық.<br>Бір отырып, бір тұрып,<br>Біраз сергіп алайық.<br>*Сұрақ-жауап.* - Өлеңде не туралы айтылған? - Қуыршақ не істегісі келмеді? - Қуыршақты жүргізу үшін не істейді? - Қуыршақтарыңды | *геометриялық фигура – дөңгелекке ұқсайды. Доп тек біреу ғана болған жоқ, олар көп болды. Түстері әртүрлі. Допты жерге соқтық, ырғыдық).* «Д» дыбысын буын ішінде айыруға берілетін жаттығуы.<br>Да-да-да – дала.<br>До-до-до – доп.<br>Ду-ду-ду – думан.<br>Дә-дә-дә – дәптер.<br>Ди-ди-ди-Мади «Д-т» дыбыстарын сөз ішінде келтіріп айтқызу.<br>дүбір-түбір доп-топ дұрыс-тұрыс дара-тара дос-тос<br>Балалар өз көрген ойыншықтарын геометриялық фигураға ұқсатып, оның түр-түсіне, үлкенді-кішілігіне тоқталып өтеді.<br>«Д» дыбысының да, «т» дыбысының да балаларға дауыссыз дыбысқа жататындығын және оның кедергіге ұшырап, қысылып шығатындығын түсіндіру.<br>**Сергіту жаттығуы.**<br>Домала, доп, домала, Балшыққа тек жолама.<br>Жек көремін оныңды, Бүлдіресің қолымды.<br>Секіріп өт ордан да, Секіріп өт жолдан да, Қуса күшік жетпесін, Машина басып кетпесін. (Ө. Ақынбеков) Сергіту сәтін өлең шумағының ырғағымен қимыл-қозғалыс арқылы орындау.<br>***«Менің сүйікті ойыншықтарым»* тақырыбында әңгіме құрау**.<br>*Шарты:* қуыршақ және машина ойыншықтарын алу және олардың бір-бірінен айырмашылықтарын айта келе, әңгімелеу. (Мысалы: Әкем менің туылған күніме қуыршақ сатып әперді. Ал ініме машина сатып әперді. Әкем маған қуыршақты көрсеткен уақытта мен «Алақай!» – деп қатты қуандым. Менің қуыршағымның көйлегі қызыл түсті, басында әдемі қалпағы, сүйкімді сөмкесі бар т.б.).<br>**3.Қорытынды кезең** (рефлексия) Ойыншықтармен ойнау ережелерін еске түсіріп, ұқыпты қолдануды ұсыну. Балалар ұсынысты қабылдайды.Балаларды мадақтау | | *геометриялық фигура – дөңгелекке ұқсайды. Доп тек біреу ғана болған жоқ, олар көп болды. Түстері әртүрлі. Допты жерге соқтық, ырғыдық).* «Д» дыбысын буын ішінде айыруға берілетін жаттығуы.<br>Да-да-да – дала.<br>До-до-до – доп.<br>Ду-ду-ду – думан.<br>Дә-дә-дә – дәптер.<br>Ди-ди-ди-Мади «Д-т» дыбыстарын сөз ішінде келтіріп айтқызу.<br>дүбір-түбір доп-топ дұрыс-тұрыс дара-тара дос-тос<br>Балалар өз көрген ойыншықтарын геометриялық фигураға ұқсатып, оның түр-түсіне, үлкенді-кішілігіне тоқталып өтеді.<br>«Д» дыбысының да, «т» дыбысының да балаларға дауыссыз дыбысқа жататындығын және оның кедергіге ұшырап, қысылып шығатындығын түсіндіру.<br>**Сергіту жаттығуы.**<br>Домала, доп, домала, Балшыққа тек жолама.<br>Жек көремін оныңды, Бүлдіресің қолымды.<br>Секіріп өт ордан да, Секіріп өт жолдан да, Қуса күшік жетпесін, Машина басып кетпесін. (Ө. Ақынбеков) Сергіту сәтін өлең шумағының ырғағымен қимыл-қозғалыс арқылы орындау.<br>***«Менің сүйікті ойыншықтарым»* тақырыбында әңгіме құрау**.<br>*Шарты:* қуыршақ және машина ойыншықтарын алу және олардың бір-бірінен айырмашылықтарын айта келе, әңгімелеу. (Мысалы: Әкем менің туылған күніме қуыршақ сатып әперді. Ал ініме машина сатып әперді. Әкем маған қуыршақты көрсеткен уақытта мен «Алақай!» – деп қатты қуандым. Менің қуыршағымның көйлегі қызыл түсті, басында әдемі қалпағы, сүйкімді сөмкесі бар т.б.).<br>**3.Қорытынды кезең** (рефлексия) Ойыншықтармен ойнау ережелерін еске түсіріп, ұқыпты қолдануды ұсыну..Балаларды мадақтау | дыбысын айтқанда ауызымыз қандай болып тұрғанын көрсету.<br>«Менімен бірге буын қайталайық»<br>Да, до, ду, ды,ді<br>Буынды кері қайталайық.<br>Д дыбыстың сөздің басында, ішінде орналасуы бойынша сөздер: Доп. Домбыра. Дельфин, Дидар, Дана...<br>Бидай. Велосипед, Поезд Жұлдыз...<br>Суретке қарап әңгіме құрайық.<br>Дидар доппен ойнап жүр. Дана домбыра шертіп отыр.Мансур велосипед тебін жүр. ..<br>Қорытынды: біз қандай дыбыспен таныстық.»Сөз ойла ,тез ойла» әдісі бойынша білімдерін тиянақтау.<br>Балаларды мадақтау. | үнмен.<br>**ҮІӘ барысы**<br>**1. Ұйымдастыру кезеңі** Педагог балаларды терезеге жақындап, табиғатта болған өзгерістерді бақылауға шақырады. Күз келді. Күзде ағаш жапырақтары сарғайып, жерге түсе бастайды. Күзде құстар жылы жаққа ұшып кетеді.<br>**2. Негізгі кезең** – Бүгінгі оқу қызметінде І. Байзақмановның "Күзде" өлеңімен танысамыз.<br>Өлеңді мәнерлеп оқып беру.<br>**Күзде** Алма пісіп, алмұрт түсіп,<br>Күзде бақтар жайнайды.<br>Құстар қайтып, қош айтысып,<br>Қимас үнмен сайрайды.<br>*Сөздік жұмыс:* қош айтысып, қимас үнмен.<br>*Сергіту сәті.*<br>Алма баққа барайық,<br>Алма теріп алайық.<br>Жерге түскен алманы<br>Теріп, теріп алайық.<br>*Сұрақ-жауап.* - Жылдың қай мезгілі туралы айтылған?<br>- Күзде қандай жемістер, көгөністер піседі? - |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| қалай ұйықтатасыңдар?<br>Логопед қуыршақ Сәулені балалармен бірге ойын бұрышына шақырады.<br>Балалар өзінің сүйікті ойыншығы туралы айтады.<br>Ойыншықтармен ойнайды.<br>**3. Рефлексия** Логопед: балалар қуыршақ Сәуле өте риза болды сендерге.<br>Балаларды мадақтайды. | | | | | Күзде не жауады?<br>- Құстар қайда ұшып кетеді?<br>- Құстар қалай сайрайды?<br>Балаларды өлеңнің мазмұнымен жетелеу.<br>Логопед балаларға алма суреті салынған парақтарды таратады.<br>Алмаларды бояуды сұрайды.<br>**3. Рефлексия**<br>Логопед қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды. |

26.10.22

**Логопедтің түзете-дамыту жұмысының апталық циклограммасы. 2022-2023 оқу жылы**

**Қазан айы IV апта**

| **Дүйсенбі**<br>**24.10** | **Сейсенбі**<br>**25.10** | **Сәрсенбі**<br>**26.10** | **Бейсенбі**<br>**27.10** | **Жұма**<br>**28.10** |
|---|---|---|---|---|
| Топтық сабақ: Арнайы түзете білім беру<br>**«Сөйлеуді дамыту»**<br>(9.10-9.30) | Топтық сабақ: Арнайы түзете білім беру<br>**«Сөйлеуді дамыту»**<br>(9.10-9.30) | Жеке түзету сабақ<br>9.10-12.10 | Топтық сабақ: Арнайы түзете білім беру **«Сөйлеуді дамыту»**<br>(9.10-9.30) | Топтық сабақ: Арнайы<br>түзете білім беру **«Дыбыс айту»**<br>(9.30-9.55) |
| Жеке<br>түзету сабақ<br>9.35-12.10 | Жеке түзету сабақ (9.35-12.10) | | Жеке түзету сабақ<br>9.35-12.10 | Жеке түзету сабақ (10.00-12.10) |
| | | | Тақырыбы; «Кішкентай бағбан»<br>(М.Төрежановтың<br>әңгімесін әңгімелеу)<br>Міндеттері:<br>а) Мәтіннің мән-мағынасын бұзбай әңгімелеуді үйрету, балаларды сын есім мен зат есіммен тіркесіп жасалған айтылуына көңілдерін аудару.<br>ә) Тілдік қорын байыту; балалар әдебиетіне қызығушылықтарын дамыту.<br>б) Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>Шаттық шеңбер орындалады.<br><br>**Ұйымдастырушылық- ізденістік кезең:**<br>Өріктің суретіне назар аудартады.<br>-Балалар, бұл не? (Бұл өрік).<br>-Өрік жеміс пе, әлде көкөніс пе? (Өрік – ол жеміс).<br>-Сендер тағы қандай жемістерді білесіңдер? (Жемістерді атап шығады).<br>-Жемісті ағаштар қайда өседі? (Бақта өседі).<br>-Жемісті ағаштарды кім күтіп қарайды? (Бағбан күтіп қарайды).<br>-Бүгін сендердің назарларыңа мен «Кішкентай бағбан» әңгімені ұсынамын. Оны жазған жазушы Мәдіхат Төрежанов.<br>*Логопед әңгімені сурет желісі бойынша түсіндіреді*<br>«Кішкентай бағбан».<br>Кішкентай Арман жолда ойнап жүріп, бір өрік дәнін тауып алды. Өрік дәні үлкен екен, шағып жеуге көзі қимады. Атасына келіп:<br>«Осыны ексем,шыға ма?-деп сұрады. «Шыққанда қандай! Зор өрік болады. Тұқымы таза екен»,-деді атасы.<br>Ол әлгі тұқымды егіп, баптап тұрады.Жас шыбық | **Тақырыбы: «Е» дыбысы**<br>**Міндеті:** - дыбысты жеке тұрған күйінде айтқызу;<br>- буында айтқызу<br>- сөзде айтқызу (дыбыс сөздің басында, ортасында болу керек);<br>- сөйлемде айтқызу.<br>Балалар бірінші «Е» дыбысын айтып көрейік<br>- «Е» дыбысы дауысты дыбыс әндетіп, созып айтуға болады<br>«Е» дыбысының дұрыс айтылу артикуляциясы мынадай: тілдің ұшы тілдің астыңғы түбіне тиеді.<br>**Тіл- ұстарту жаттығуы:**<br>Е – е – е<br>Ақ жаулықты әже<br>Ел – ел – ел,<br>Соғады жел<br>Се – се – се-<br>Шай ішетін кесе<br>«Менімен бірге қайтала»<br>«Е» дыбысына байланысты сөздерді қайталайық<br>Е- р,ер, тер,жер, бер.<br>Е -л, бел, жел, сел<br>Е- т,бет, жет, шет.<br>Е- м, ем, емен, есен.<br>Е-с, ес, бес, тес.<br>«Сурет бойынша әңгіме құрайық» тапсырмасы<br>Қорытынды:<br>-Балалар бүгін біз қандай дыбыспен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | әдемі болып жайқалып өсті. Екі-үш жылда балдай тәтті жеміс салды. Содан соң, ол басқа жеміс-жидек тұқымын тапса, егетін болды. Қазір бағына көршілер қатты қызығады. Қауын-қарбыз ұрығын да әкеліп еге бастады.<br>Қазір жұрт Арманды «Кішкене бағбан»деп атайды.<br>***Сұрақтар:***<br>1. Әңгіме қалай аталады?<br>2. Арман ненің дәнін тауып алды?<br>3. Атасына қандай сұрақ қойды?<br>4.Отырғызған дәні өсіп жеміс берді ме?<br>5. Неге жұрт Арманды «Кішкентай бағбан» деп атап кетті?<br>Сергіту сәті<br>Бір, екі – еңкей,<br>Бүгілмесін тізең.<br>Үш-төрт шалқай<br>Иілмесін тізең.<br>Қолды көтер аспанға<br>Саусақты соз, жасқанба.<br>***Д/ойын: «Жеміс пе, көкөніс пе?».***<br>*Шарты*: логопед кезекпен жемістің немесе көкөністің суретін көрсетіп, алдымен «Жеміс пе, көкөніс пе?» деп сұрақ қояды, содан соң оны атап беруге ұсынады.<br>Жаңа сөзді **«Телефон» ойыны** арқылы қайталату.<br>Шарты: «Бағбан» сөзін шеңбер бойымен бір бірінің құлағына сыбырлату.<br>**«Ғ» дыбысына жаттығу**<br>Бағ- бағ- бағ -бағбан<br>Бұғ- бұғ- бұғ -бұғы<br>Қағ- қағ -қағ -қағаз<br>-Біз бүгін қандай әңгімемен таныстық?<br>-Әңгімеде қандай кейіпкерлер бар?<br>-Арманды қандай бала деп айтуға болады?<br>-Жақсы. Әңгімені тағы да бір рет тыңдап алыңдар.<br>*Балаларды мақтау* | таныстық?<br>- Ғ *дыбысы дауысты ма дауыссыз ба?*<br>- Не себепті *дауысты дыбыс деп аталады?* |

31.10.22

**Логопедтің түзете-дамыту жұмысының апталық циклограммасы. 2022-2023 оқу жылы**

**Қараша айы I апта**

| **Дүйсенбі<br>31.10** | **Сейсенбі<br>1.11** | **Сәрсенбі<br>2.11** | **Бейсенбі<br>3.11** | **Жұма<br>4.11** |
|---|---|---|---|---|
| Топтық сабақ: Арнайі түзете білім беру **«Сөйлеуді дамыту»** (9.10-9.30) | Топтық сабақ: Арнайі түзете білім беру **«Сөйлеуді дамыту»** (9.10-9.30) | Жеке түзету сабақ 9.10-12.10 | Топтық сабақ: Арнайі түзете білім беру **«Сөйлеуді дамыту»** (9.10-9.30) | Топтық сабақ: Арнайі түзете білім беру **«Дыбыс айту»** (9.30-9.55) |
| Жеке түзету сабақ 9.35-12.10 | Жеке түзету сабақ (9.35-12.10) | | Жеке түзету сабақ 9.35-12.10 | Жеке түзету сабақ (10.00-12.10) |
| Тақырыбы; «Кішкентай бағбан» (М.Тәрежановтың әңгімесін әңгімелеу)<br>Міндеттері:<br>а) Мәтіннің мән-мағынасын бұзбай әңгімелеуді үйрету, балаларды сын есім мен зат есіммен тіркесіп жасалған айтылуына көңілдерін аудару.<br>ә) Тілдік қорын байыту, балалар әдебиетіне қызығушылықтарын дамыту.<br>б) Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>Шаттық шеңбер орындалады.<br><br>**Ұйымдастырушылық-ізденістік кезең:**<br>Өріктің суретіне назар аудартады.<br>-Балалар, бұл не? (Бұл өрік).<br>-Өрік жеміс пе, әлде көкөніс пе? (Өрік – ол жеміс).<br>-Сендер тағы қандай жемістерді білесіңдер? (Жемістерді атап шығады).<br>-Жемісті ағаштар қайда өседі? (Бақта өседі).<br>-Жемісті ағаштарды кім күтіп қарайды? (Бағбан күтіп қарайды).<br>-Бүгін сендердің назарларыңа мен «Кішкентай бағбан» әңгімені ұсынамын. Оны жазған жазушы Мәдіхат Төрежанов. | **Тақырыбы:** «Үш аю» орыс халық ертегісін айту.<br>**Мақсаты:** «Үш аю» орыс халық ертегісімен таныстыру.<br>**Міндеттері:** Балалардың ертегіге деген қызығушылықтарын арттыру.<br>Ойын арқылы балалардың ой-өрісін дамыту, педагогтің көмегімен қимылқозғалыстар жасату. Есте сақтау, ойлау қабілетін дамыту. Сыпайылыққа, үлкенді тыңдауға, сыйлауға, адамгершілікке тәрбиелеу.<br>**Қолданылатын көрнекі құралдар:** ертегі желісі бойынша суреттер<br>**Сөздік жұмыс:** бөкпен, ұмаждап.<br>**ҮІӘ барысы**<br>**1. Ұйымдастыру кезеңі** *Тосынсый.* Қонаққа Қонжық келеді. Балалармен амандасады. «Аюдың апанында» ойынын ойнауға шақыру. **2. Негізгі кезең** Қонжық сыйлық алып келіпті. Логопед балалардың назарын үстел театрына аударады. «Үш аю» ертегісі. | | **Тақырыбы:** «Үш аю» орыс халық ертегісін айту.<br>**Мақсаты:** «Үш аю» орыс халық ертегісімен таныстыру.<br>**Міндеттері:** Балалардың ертегіге деген қызығушылықтарын арттыру. Ойын арқылы балалардың ой-өрісін дамыту, педагогтің көмегімен қимылқозғалыстар жасату. Есте сақтау, ойлау қабілетін дамыту. Сыпайылыққа, үлкенді тыңдауға, сыйлауға, адамгершілікке тәрбиелеу.<br>**Қолданылатын көрнекі құралдар:** ертегі желісі бойынша суреттер<br>**Сөздік жұмыс:** бөкпен, ұмаждап.<br>**ҮІӘ барысы**<br>**1. Ұйымдастыру кезеңі** *Тосынсый.* Қонаққа Қонжық келеді. Балалармен амандасады. «Аюдың апанында» ойынын ойнауға шақыру. **2. Негізгі кезең** Қонжық сыйлық алып келіпті. Логопед балалардың назарын үстел театрына аударады. «Үш аю» ертегісі. Сурет желісі арқылы ертегіні | **Тақырыбы: «И» дыбысы**<br>- дыбысты жеке тұрған күйінде айтқызу;<br>- буында айтқызу (ашық, жабық буында);<br>- сөзде айтқызу (дыбыс сөздің басында, ортасында, аяғында болу керек);<br>- сөйлемде айтқызу.<br>ҮІӘ барысы (суретті плакатпен жұмыс)<br>— Суретте не көріп тұрмыз?<br>— Ит, инелік, шие.<br>— Иә, осы ит, кит, шие сөздерінде қай дыбыс көп қайталанады?<br>— И дыбысы дауысты дыбыс, қызыл текшемен белгілейміз. И дыбысы сөздің басында, ортасында, соңында кездеседі. **Ойын "Кім зейінді?"**<br>Логопед өлеңді оқып шығады. Балалар зейін қойып тыңдап отырады. Өлең аяқталған соң и дыбысы кездескен сөзді балалар кезекпен айтады.<br>Ұшып кетті инелік,<br>Бізден қорқып именіп,<br>Тікұшаққа ұқсайтын,<br>Инелікке тимелік,<br>— Инелік, именіп, тимелік. Балаларға қол шапалақтау арқылы төмендегі сөздерді буынға бөліп қайталату:<br>И-не, и-не-лік, ти-ме-лік, и-тел-гі.<br>Буынға бөлінбейтін "и" дыбысы бар сөздер:<br>Ит, кит.<br>**Сөйлем құрату (сурет бойынша)**<br>Тақырыбы "Шие".<br>Мысалы: Болат пен Ислам бақшаға шие екті. Оны суарды, баптады. Шие жақсы өсті<br>Сергіту сәті:<br>Мен шиемін, шиемін,<br>Күннің көзін сүйемін. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| *Логопед әңгімені сурет желісі бойынша түсіндіреді*<br>«Кішкентай бағбан».<br>Кішкентай Арман жолда ойнап жүріп, бір өрік дәнін тауып алды. Өрік дәні үлкен екен, шағып жеуге қолі қимады. Атасына келіп:<br>«Осыны ексем,шыға ма?-деп сұрады.<br>«Шыққанда қандай! Зор өрік болады. Тұқымы таза екен»,-деді атасы.<br>Ол әлгі тұқымды егіп, баптап тұрады.Жас шыбық әземі болып жайқалып өсті. Екі-үш жылда балдай тәтті жеміс салды. Содан соң, ол басқа жеміс-жидек тұқымын тапса, егетін болды. Қазір бағына көршілер қатты қызығады. Қауын-қарбыз ұрығын да әкеліп еге бастады.<br>Қазір жұрт Арманды «Кішкене бағбан»деп атайды.<br>*Сұрақтар:*<br>1. Әңгіме қалай аталады?<br>2. Арман нені дәнін тауып алды?<br>3. Атасына қандай сұрақ қойды?<br>4.Отырғызған дәні өсіп жеміс береді ме?<br>5. Неге жұрт Арманды «Кішкентай бағбан» деп атап кетті?<br>Сергіту сәті<br>Бір, екі – еңкей,<br>Бүгілмесін тізең.<br>Үш-төрт шалқай<br>Иілмесін тізең.<br>Қолды көтер аспанға<br>Саусақты соз, жасқанба.<br>***Д/ойын: «Жеміс пе, көкөніс пе?».***<br>*Шарты:* логопед кезекпен жемістің немесе көкөністің суретін көрсетіп, алдымен «Жеміс пе, көкөніс пе?» деп сұрақ қойды, содан соң оны атап беруге ұсынады.<br>Жаңа сөзді **«Телефон» ойыны** арқылы қайталату.<br>Шарты: «Бағбан» сөзін шеңбер бойымен бір бірінің құлағына сыбырлату.<br>**«Ғ» дыбысына жаттығу**<br>Бағ- бағ- бағ -бағбан<br>Бұғ- бұғ- бұғ -бұғы | Сурет желісі арқылы ертегіні айтып береді.<br>**Үш аю** (ертегі)<br>Маша бірде қыздармен орманға барып, адасып қалды. Жолды таба алмай жүріп, орманда тұрған үйге келді. Бұл үйді аюлар мекендейтін.<br>Аюлар орманға кетіп, үй бос екен...<br>Маша ұйықтайтын бөлмеге кірді, онда да үлкен, орташа және кішкентай – үш төсек тұр екен. Маша үлкен төсекке жатып еді, ол тым биік екен. Ортаншысы – өте кең екен. Ал кішкентай төсек Машаға шап-шақ келді. Соған жатқан Маша ұйықтап қалды.<br>Орманнан шаршап келген аюлар ас ішпек болды. Өз табағын көрген Аю әке: «Менің табағыма кім тиіскен?» – деді гүр етіп. Аю шеше де: «Менің бөкпенімді де біреу татып көріпті», – деп айғай салды. Ал кішкентай Қонжық: «Менің бөкпенімді түгелдей жеп қойыпты», – деп шәңк-шәңк етті.<br>Ұйықтайтын бөлмеге келгенде: «Менің төсегіме кім жатқан?» – деп гүр етті Аю әке. «Менің төсегімді умаждап тастапты ғой», – деп айғай салды ... Аюлардың даусынан Маша шошып оянды. Ол қорқып кетіп, ашық тұрған терезеден далаға секіріп шықты. Бар күшімен жүгіріп, үйіне қашып кетті. Аюлар оны қуып жете алмай қалды.<br>***Сөздік жұмыс:*** бөкпен, умаждап.<br>***Сергіту сәті:*** | | айтып береді.<br>**Үш аю** (ертегі)<br>Маша бірде қыздармен орманға барып, адасып қалды. Жолды таба алмай жүріп, орманда тұрған үйге келді. Бұл үйді аюлар мекендейтін.<br>Аюлар орманға кетіп, үй бос екен...<br>Маша ұйықтайтын бөлмеге кірді, онда да үлкен, орташа және кішкентай – үш төсек тұр екен. Маша үлкен төсекке жатып еді, ол тым биік екен. Ортаншысы – өте кең екен. Ал кішкентай төсек Машаға шап-шақ келді. Соған жатқан Маша ұйықтап қалды.<br>Орманнан шаршап келген аюлар ас ішпек болды. Өз табағын көрген Аю әке: «Менің табағыма кім тиіскен?» – деді гүр етіп. Аю шеше де: «Менің бөкпенімді де біреу татып көріпті», – деп айғай салды. Ал кішкентай Қонжық: «Менің бөкпенімді түгелдей жеп қойыпты», – деп шәңк-шәңк етті.<br>Ұйықтайтын бөлмеге келгенде: «Менің төсегіме кім жатқан?» – деп гүр етті Аю әке. «Менің төсегімді умаждап тастапты ғой», – деп айғай салды ... Аюлардың даусынан Маша шошып оянды. Ол қорқып кетіп, ашық тұрған терезеден далаға секіріп шықты. Бар күшімен жүгіріп, үйіне қашып кетті. Аюлар оны қуып жете алмай қалды.<br>***Сөздік жұмыс:*** бөкпен, умаждап.<br>***Сергіту сәті:***<br>Ормандағы аюдың<br>Құлпынайы көп екен. | Қызыл шырын менде бар<br>Төмен басты немін.<br>Қорытындылау:<br>- Балалар, бүгін біз қай дыбыспен таныстық? - Ал енді мына сөздерді кім буынға шапалақ арқылы бөледі?<br>-шелік<br>-кам пит<br>-ки ік<br>-ит<br>-са ки на<br>-ки ме шек<br>Балаларды мадақтау |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Қаг- қаг -қаг -қағаз<br>-Біз бүгін қандай әңгімемен таныстық?<br>-Әңгімеде қандай кейіпкерлер бар?<br>-Арманды қандай бала деп айтуға болады?<br>-Жақсы. Әңгімені тағы да бір рет тыңдап алыңдар.<br>*Балаларды мақтау* | Ормандағы аюдың Құлыншайы кім екен.<br>Теріп-теріп алайық,<br>Қалтамызға салайық.<br>*Сұрақ-жауап.* - Ертегі не туралы?<br>- Аюлардың үйіне кім кірді?<br>- Аюлардың орындықтары қандай екен?<br>- Маша қай табақтағы боткенді жеді?<br>- Аю әже қалай ақырады?<br>***Дидактикалық ойын: «Ыдысты құрастыру».***<br>Мақсаты: Ертегідегі аюлардың ыдыстарын құрастыру. Ортасынан екіге бөлінген үш түрлі ыдысты балаларға құрастырту.<br>**3. Рефлексия** Логопед қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды. Қонжық балалармен қоштасады. | | Теріп-теріп алайық,<br>Қалтамызға салайық.<br>*Сұрақ-жауап.* - Ертегі не туралы?<br>- Аюлардың үйіне кім кірді?<br>- Аюлардың орындықтары қандай екен?<br>- Маша қай табақтағы боткенді жеді?<br>- Аю әже қалай ақырады?<br>***Дидактикалық ойын: «Ыдысты құрастыру».***<br>Мақсаты: Ертегідегі аюлардың ыдыстарын құрастыру. Ортасынан екіге бөлінген үш түрлі ыдысты балаларға құрастырту.<br>**3. Рефлексия** Логопед қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды. Қонжық балалармен қоштасады. | |

7.11.22

Логопедтің түзете-дамыту жұмысының апталық циклограммасы. 2022-2023 оқу жылы

Қараша айы II апта

<table>
<tr><th>Дүйсенбі<br>7.11</th><th>Сейсенбі<br>8.11</th><th>Сәрсенбі<br>9.11</th><th>Бейсенбі<br>10.11</th><th>Жұма<br>11.11</th></tr>
<tr><td>Топтық сабақ: Арнайы түзете білім беру «Сөйлеуді дамыту»<br>(9.10-9.30)</td><td>Топтық сабақ: Арнайы түзете білім беру «Сөйлеуді дамыту»<br>(9.10-9.30)</td><td rowspan="2">Жеке түзету сабақ<br>9.10-12.10</td><td>Топтық сабақ: Арнайы түзете білім беру «Сөйлеуді дамыту»<br>(9.10-9.30)</td><td>Топтық сабақ: Арнайы түзете білім беру «Дыбыс айту»<br>(9.30-9.55)</td></tr>
<tr><td>Жеке түзету сабақ<br>9.35-12.10</td><td>Жеке түзету сабақ (9.35-12.10)</td><td>Жеке түзету сабақ<br>9.35-12.10</td><td>Жеке түзету сабақ (10.00-12.10)</td></tr>
<tr>
<td>Тақырыбы: Қонжық бізде қонақта (Сахналау)<br>Міндеттері:<br>а) Балаларды шағын тақпақтарды жатқа оқуға, кейіпкерлер бейнесін сомдауға көркем оқу әдіс-тәсілдерін қолдануға, дауыс ырғағына, дыбыстау көркемдігіне көңіл аударуға үйрету.<br>ә) Балалардың ойлау қабілеттерін дамыту, өз ойын ауызша жеткізу біліктерін жетілдіру.<br>б) Әдептілікке тәрбиелеу.<br>ҮІӘ барысы:<br>1. Ұйымдастыру кезеңі – Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?<br>– Қыс мезгілі сендерге ұнай ма?<br>– Қыс мезгілі несімен ұнайды?<br>– Қыс мезгілінің алғашқы айы табиғатта қандай өзгерістерді байқадыңдар? – Иә, балалар, қараша айында жабайы жануарлар оның ішінде аю қонжығымен қысқы ұйқыға дайындалады. – Сендер аюдың баласын қалай атайтынын білесіңдер ме? (Қонжық) Ғажайып сәт: Қуыршақ театрындағы қонжықтың келуі. (Әуен ойналады. Қонжық кіреді, қолында балы бар).<br>Қонжық: Сәлем, балалар!<br>Логопед: Сәлеметсіз бе, қонжық!</td>
<td>Тақырыбы: Қонжық бізде қонақта (Сахналау)<br>Міндеттері:<br>а) Балаларды шағын тақпақтарды жатқа оқуға, кейіпкерлер бейнесін сомдауға көркем оқу әдіс-тәсілдерін қолдануға, дауыс ырғағына, дыбыстау көркемдігіне көңіл аударуға үйрету.<br>ә) Балалардың ойлау қабілеттерін дамыту, өз ойын ауызша жеткізу біліктерін жетілдіру.<br>б) Әдептілікке тәрбиелеу.<br>ҮІӘ барысы:<br>1. Ұйымдастыру кезеңі – Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?<br>– Қыс мезгілі сендерге ұнай ма?<br>– Қыс мезгілі несімен ұнайды?<br>– Қыс мезгілінің алғашқы айы табиғатта қандай өзгерістерді байқадыңдар? – Иә, балалар, қараша айында жабайы жануарлар оның ішінде аю қонжығымен қысқы ұйқыға дайындалады. – Сендер</td>
<td></td>
<td>Тақырыбы: Ж. Кәрбозин «Нан қоқымын шашпаңдар!» өлеңін оқу.<br>Міндеттері: Өлеңді тыңдауға, интонациясын қабылдауды үйрету. Сөздік қорын молайту, тілін дамыту, өлеңді тыңдау және оның мазмұнын қабылдауда белсенділік дағдыларын дамыту. Нанды қадірлей білуге тәрбиелеу.<br><br>ҮІӘ барысы<br>Ұйымдастыру кезеңі<br>Шаттық шеңбері (Балалар шеңбер бойына тұрып, қимылдарды жасайды.)<br>Орнымыздан тұрамыз,<br>Қолды белге қоямыз,<br>Бұрыламыз оңға бір,<br>Бұрыламыз солға бір.<br>Біздер тату баламыз, Гүл-гүл жайнап жанамыз.<br>2. Негізгі кезең Кіріспе әңгіме.<br>Демонстрациялық материал, сурет бойынша жұмыс.<br>Сұрақ-жауап арқылы түсіндіру. – Сап-сары болып өсіп тұрған бидай. Астықты күзде жинайды. Өсіп тұрған бидайды комбайнмен орып,</td>
<td>Тақырыбы: «К» дыбысы<br>Міндеттері:<br>- дыбысты жеке тұрған күйінде айтқызу;<br>- буында айтқызу (ашық, буында, ортасында);<br>- сөзде айтқызу (дыбыс сөздің басында, ортасында, аяғында болу керек);<br>- сөйлемде айтқызу.<br>(ҮІӘ) Ой қозғау . Жұмбақтар шешу<br>К дыбысы бар сөздерге жұмбақ шешу.<br>-Адамға серік,<br>Күзетке берік<br>(күшік)<br>Үстіндегі көйлегі<br>Түрлі-түсті не керек,<br>Қызықтырар көрікті.<br>Мұның аты.....<br>(көбелек).<br><br>- Балалар, «<u>күшік, көбелек»</u> деген сөздерде сөздің басында да аяғында да «К» дыбысы естіледі. дыбысқандай?<br>- К қандай дыбыс?<br>- Дауыссыз дыбыс<br>Логопед:<br>Қане бәріміз «к» дыбысын айтып көрейікші.<br>-К-К-К-<br>-К дыбысын айтқанда ауыз қуысында кедергі болды</td>
</tr>
</table>

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| (Сәлемдеседі). – Қонақ келгенде біз қандай ізгі сөздерді айтушы едік? – Қош келдіңіз! Төрлетіңіз! – Балалар, біз қонағымызға өз өнерлерімізді көрсетейік, орманда ғы қонжықтың достарының жүрісін, дауысын салайық. Қонжық қуанып қалсын.<br>Суреттерді көрсету арқылы сол аңның бейнесін сомдайды.<br>Мысалы: Кі-кі-кі-түлкі – бұлаңдайды.<br>Ыр-ыр-ыр-қасқыр – ырылдайды.<br>Ян-ян-ян-қоян – секіреді.<br>«Аю» өлеңін оқып беру.<br>Тауға шықсам – қалың қар, Сайға түссем – қалың қар, Шырша үсті қалың қар, Байқаңдар, қар астында Ұйықтап жатқан аю бар. (И.Токмакова) Балалар педагогпен бірге қайталап, қонжықпен бірге жаттап алуға тырысады. – Қонжық, анаң сені еркелетеді ме?<br>*Қонжық:* Әрине,«Қорбаңдаған қонжығым», – деп еркелетеді.<br>**Сергіту жаттығуы.**<br>Аю,аю тұршы<br>Бетіңді жушы... (әнмен ,қимылмен орындау)<br>**Дидактикалық ойын**:«Қайсысы нені жақсы көреді?» *Мақсаты:* баланың ойлау қабілетін дамыту, кейіпкерлер бейнесін сомдауға баулу.<br>***Шарты***: *Сөйлеуді дамыту дәптерімен* орындалады. Суретте берілген жануарларды, құстарды жақсы көретін тағамдарымен қосу. Мысалы: мысық – сүт, ит – сүйек, тауық – тары, дақ – шөп. Дәптердегі жануарлар мен құстардың дауысын, қимылын келтіріп ойнату. Суреттерді бір-бірімен сәйкестендіреді.<br>**3.Қорытынды кезен (рефлексия)**<br>*Қонжық:* – Балалар, енді мен қайтайын, мені анам іздеп қалар, апаныма түсіп, ұйқыға жатуым керек. Қыс мезгілі келді<br>Мына балдан ауыз тиіңдер! Өзім жинаған бал.<br>Сендермен бірге тақпақ жаттадым, жаттығу да жасадым, ойнадым. | жолың баласын қалай атайтынын білесіңдер ме? (Қонжық) Ғажайып сәт: Қуыршақ театрындағы қонжықтың келуі. (*Әуен ойналады. Қонжық кіреді, қолында балы бар*).<br>*Қонжық:* Сәлем, балалар!<br>*Логопед:* Сәлеметсіз бе, қонжық! (Сәлемдеседі). – Қонақ келгенде біз қандай ізгі сөздерді айтушы едік? – Қош келдіңіз! Төрлетіңіз! – Балалар, біз қонағымызға өз өнерлерімізді көрсетейік, орманда ғы қонжықтың достарының жүрісін, дауысын салайық. Қонжық қуанып қалсын.<br>Суреттерді көрсету арқылы сол аңның бейнесін сомдайды.<br>Мысалы: Кі-кі-кі-түлкі – бұлаңдайды.<br>Ыр-ыр-ыр-қасқыр – ырылдайды.<br>Ян-ян-ян-қоян – секіреді.<br>«Аю» өлеңін оқып беру.<br>Тауға шықсам – қалың қар, Сайға түссем – қалың қар, Шырша үсті қалың қар, Байқаңдар, қар астында Ұйықтап жатқан аю бар. (И.Токмакова) Балалар педагогпен бірге қайталап, қонжықпен бірге жаттап алуға тырысады. – Қонжық, анаң сені еркелетеді ме?<br>*Қонжық:*<br>Әрине,«Қорбаңдаған қонжығым», – деп еркелетеді.<br>**Сергіту жаттығуы.**<br>Аю,аю тұршы<br>Бетіңді жушы... (әнмен ,қимылмен орындау)<br>**Дидактикалық ойын**:«Қайсысы нені жақсы көреді?» *Мақсаты:* баланың | | астықты жүк машиналары қамбаға тасиды. Бидайі акырында дастарқанға ас атасы – нан болып келеді. Нан қоқымы дегеніміз – нанның үгіндісі.<br>***Сөздік жұмыс:*** бидай, нан, ұн, кебек.<br>– Балалар, бүгінгі ҰІӘ ақын Ж. Кәрбозинның «Нан қоқымын шашпаңдар» өлеңімен танысамыз.<br>Логопед өлең шумағын балаларға оқиды.<br>**Нан қоқымын шашпаңдар**<br>Нан қоқымын шашпаңдар,<br>Жерде жатса, баспаңдар,<br>Теріп алып, қастерлеп,<br>Торғайларға тастаңдар!<br>***Сергіту сәті:***<br>Ас атасы нан,<br>Жайқалады дән.<br>Күзде піседі,<br>Аузымызға түседі.<br>***Сұрақ-жауап:*** - Балалар, нанды басуға бола ма? - Жерде жатқан нанды не істеу керек? - Нанмен ойнауға бола ма?<br>- Нан түрлерін атап көрейікші.<br><br>3. **Рефлексия** Логопед қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды. | ма?<br>- Олай болса Кк қандай дыбыс?<br>-*Дауыссыз дыбыс.*<br>- *Жарайсыңдар!*<br>-Балалар, суретке қарайықшы.Суретте жылдың қай мезгілі бейнеленген?<br>-Күз мезгілі.<br>-Күз мезгілі екенін қалай білдік?<br>-Ағаштағы жапырақтар сарғайған.Жапырақтар жерге түсіп жатыр. Далада балалар қолдарына қолшатыр ұстап жүр.<br>«К» дыбысына сөздерді бірге қайтала.<br>Кісі , кеме , кім , кеше , <u>кесірткe</u>,<br>кіші , кесе , кілт , <u>кесте</u> , керемет,<br>Шелек , <u>терек</u> , есік, есек , етік елік , <u>ірімшік</u><br>Қорытынды:<br>-К дыбысы қандай дыбыс?<br>Балаларды мадақтау |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сендерге көп рақмет! Көктем мезгілінде тағы да қонаққа келемін. Сау болыңдар! – Сау болыңыз. – Қонжық, саған тәтті ұйқы тілейміз! Балаларды мадақтау | *ойлау қабілетін дамыту, кейіпкерлер бейнесін сомдауға баулу.* ***Шарты***: Суретте берілген жануарларды, құстарды жақсы көретін тағамдарымен қосу. Мысалы: мысық – сүт, ит – сүйек, тауық – тары, лақ – шөп. Суреттерді бір-бірімен сәйкестендіреді. **3.Қорытынды кезең (рефлексия)** *Қонжық*: – Балалар, енді мен қайтайын, мені анам іздеп қалар, апаныма түсіп, ұйқыға жатуым керек. Қыс мезгілі келді Мына балдан ауыз тиіңдер! Өзім жинаған бал. Сендермен бірге тақпақ жаттадым, жаттығу да жасадым, ойнадым. Сендерге көп рақмет! Көктем мезгілінде тағы да қонаққа келемін. Сау болыңдар! – Сау болыңыз. – Қонжық, саған тәтті ұйқы тілейміз! Балаларды мадақтау | | | |

14.11.22

Логопедтің түзете-дамыту жұмысының апталық циклограммасы. 2022-2023 оқу жылы

Қараша айы III апта

| Дүйсенбі<br>14.11 | Сейсенбі<br>15.11 | Сәрсенбі<br>16.11 | Бейсенбі<br>17.11 | Жұма<br>18.11 |
|---|---|---|---|---|
| Топтық сабақ: Арнайы түзете білім беру **«Сөйлеуді дамыту»**<br>(9.00-9.20) | Топтық сабақ: Арнайы түзете білім беру **«Сөйлеуді дамыту»**<br>(9.00-9.20) | Жеке түзету сабақ<br>9.00-12.10 | Топтық сабақ: Арнайы түзете білім беру **«Сөйлеуді дамыту»**<br>(9.00-9.30) | Топтық сабақ: Арнайы түзете білім беру **«Дыбыс айту»**<br>(9.30-9.55) |
| Жеке түзету сабақ<br>9.25-12.10 | Жеке түзету сабақ<br>(9.25-12.10) | | Жеке түзету сабақ<br>9.25-12.10 | Жеке түзету сабақ (10.00-12.10) |
| **Тақырыбы:** Ж. Карбозин «Нан қоқымын шашпаңдар!» өлеңін оқу.<br>**Міндеттері:** Өлеңді тыңдауға, интонациясын қабылдауды үйрету. Сөздік қорын молайту, тілін дамыту, өлеңді тыңдау және оның мазмұнын қабылдауда белсенділік дағдыларын дамыту. Нанды қадірлей білуге тәрбиелеу.<br><br>**ҰІӘ барысы**<br>**Ұйымдастыру кезеңі**<br>***Шаттық шеңбері*** *(Балалар шеңбер бойына тұрып, қимылдарды жасайды.)* Орнымыздан тұрамыз, Қолды белге қоямыз, Бұрыламыз оңға бір, Бұрыламыз солға бір.<br>Біздер тату баламыз, Гүл-гүл жайнап жанамыз.<br>**2. Негізгі кезең *Кіріспе әңгіме.***<br>Демонстрациялық материал, сурет бойынша жұмыс.<br>*Сұрақ-жауап* арқылы түсіндіру. – Сап-сары болып өсіп тұрған бидай. Астықты күзде жинайды. Өсіп тұрған бидайды комбайнмен орып, астықты жүк машиналары қамбаға тасиды. Бидай ақырында дастарқанға ас атасы – нан болып келеді. Нан қоқымы дегеніміз – нанның үгіндісі.<br>*Сөздік жұмыс:* бидай, нан, ұн, кебек. | **Тақырыбы:** Ө. Тұрманжановтың «Қайдан келдің, бауырсақ?» өлеңімен таныстыру<br>**Міндеті:** Өлеңді оқып беріп, балаларға түсіндіру барысында сөздік қорларын, сөйлеу мәдениетін, ойлау қабілетін дамыту. Диалогты сөйлеуге үйрету. Бауырсақтың дастарқанға қандай еңбекпен келу жолдарын түсіндіру, нанды қастерлей білуге үйрету. Үлкендердің еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу.<br>**ҰІӘ барысы:**<br>**І.Жұмбақ жасыру:**<br>Ұзын мұртты сарылар,<br>Қойнында дәні бар. (Бидай)<br>-Бидайдан не жасалады?<br>-Бидайдан ұн жасайды, ұннан түрлі тағам, нан,бәліш,бауырсақ, торт,печенье түрлерін пісіреді.<br>**ІІ.** Логопед сурет желісі бойынша Ө. Тұрманжановтың «Қайдан келдің, бауырсақ?» өлеңімен таныстырады.<br>-Өлеңде не туралы айтылды?<br>-Бауырсақ қайда жатты?<br>-Құыршақ не деп сұрады?<br>-Бауырсақ наубайханаға қайдан келді?<br>-Диірменге ше?<br>-Диқан бидайды қалай өсірді?<br>Балалардың жауабы. (Рөлге бөлініп ойнайды). | | **Тақырыбы:** Ө. Тұрманжановтың «Қайдан келдің, бауырсақ?» өлеңімен таныстыру<br>**Міндеті:** Өлеңді оқып беріп, балаларға түсіндіру барысында сөздік қорларын, сөйлеу мәдениетін, ойлау қабілетін дамыту. Диалогты сөйлеуге үйрету. Бауырсақтың дастарқанға қандай еңбекпен келу жолдарын түсіндіру, нанды қастерлей білуге үйрету. Үлкендердің еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу.<br>**ҰІӘ барысы:**<br>**І.Жұмбақ жасыру:**<br>Ұзын мұртты сарылар,<br>Қойнында дәні бар. (Бидай)<br>-Бидайдан не жасалады?<br>-Бидайдан ұн жасайды, ұннан түрлі тағам, нан,бәліш,бауырсақ, торт,печенье түрлерін пісіреді.<br>**ІІ.** Логопед сурет желісі бойынша Ө. Тұрманжановтың «Қайдан келдің, бауырсақ?» өлеңімен таныстырады.<br>-Өлеңде не туралы айтылды?<br>-Бауырсақ қайда жатты?<br>-Құыршақ не деп сұрады?<br>-Бауырсақ наубайханаға қайдан келді?<br>-Диірменге ше?<br>-Диқан бидайды қалай өсірді?<br>Балалардың жауабы. (Рөлге бөлініп ойнайды).<br>**ІІІ.Сергіту сәті:** | Тақырыбы: **«Қ» дыбысы**<br>- дыбысты жеке тұрған күйінде айтқызу;<br>- буында айтқызу (ашық буында, ортасында);<br>- сөзде айтқызу (дыбыс сөздің басында, ортасында, аяғында болу керек);<br>- сөйлемде айтқызу.<br>**Суретпен жұмыс.**<br><br>Балалар суреттен не көріп тұрсыңдар?<br>— Қасқыр.<br>Бірінші қандай дыбыс естіліп тұр?<br>— Қ дыбысы.<br>«Қ» дыбысында кедергі байқалама?<br>Ендеше «қ» дыбысы дауыссыз дыбысы екен.<br>**Қ – дыбысының ерекшелігімен таныстыру.**<br>«Қ» дыбысын айтқанда еріміз ашық, тісіміз алшақ салынған. Тіл ұшы төменгі тістің жанында, бірақ тіске тірелмейді. Алдыңғы және ортаңғы тілдің арқасы төмен, артқы жағы сәл жоғары көтеріліп жұмсақ таңдайға тіреледі.<br>**Буындарда машықтандыру.**<br>Қа –қа – қа құ- құ- құ<br>қу- қу- қу |

– Балалар, бүгінгі ҮЮЭ жыын Ж. Кәрбозиннің «Нан қоқымын шашпаңдар» өлеңін мнемотехник



тәсілі бойынша жаттауға жаттықтыр

**Нан қоқымын шашпаңдар**

Нан қоқымын шашпаңдар,
Жерде жатса, баспаңдар,
Теріп алып, кастерлеп, Торғайларға тастаңдар!

***Сергіту сәті:***

Ас атасы нан,
Жайқалады дән.
Күзде піседі,
Аузымызға түседі.

***Сұрақ-жауап:*** - Балалар, нанды басуға бола ма? - Жерде жатқан нанды не істеу керек? - Нанмен ойнауға бола ма?

- Нан түрлерін атап көрейікші.

**3. Рефлексия** Логопед қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды.

**III.Сергіту сәті:**

Жайқалады ақ бидай,
Басын иіп аққудай.
Трактор мен комбайн,
Жүргізуге мен дайын.

**Дидактикалық ойын: «Не жасырынғанын тап»**

Ойын шарты: балаларға ұннан пісірілген нан түрлерін көрсету.

Балалар көздерін жұмады, бір суретті логопед алып қояды.

Балалар қай сурет жоқ екенін табуы керек.

Нан - адамның тіршілік көрегі, дастарқанға үлкен еңбекпен келеді.

**Ермексазбен жұмыс: «Дәмді тоқаштар»**

**Шарты:** балалар ермексазды қолданып түрлі тоқаш түрлерін өз беттерінше жасайды (балалардың ұсақ моторикасын дамыту)

Балаларды мадақтау.

Балалар бауырсақтың дастарқанға келу жолын қимыл арқылы көрсетеді.

Жерді жыртамыз, егінді себеміз,
Суарамыз, күтін баптаймыз
Бидай үлкен болып өседі,
Комбайнмен орамыз,
Машинамен қамбаға тасимыз,
Диірменде ұн етіп дайындайды
Ұннан қамыр илеп, бауырсақ пісіреміз.

**Дидактикалық ойын: «Не жасырынғанын тап»**

Ойын шарты: балаларға ұннан пісірілген нан түрлерін көрсету.

Балалар көздерін жұмады, бір суретті логопед алып қояды.

Балалар қай сурет жоқ екенін табуы керек.

Нан - адамның тіршілік көрегі, дастарқанға үлкен еңбекпен келеді.

**Сюжетті-ролді ойын: «Дүкенші».**

Ойын шарты: Балалар екі топқа бөлінеді. Бірінші топ сатушы, екінші топ сатып алушы болады. Ойын осылай жалғасады.

Қорытынды:

-Балалар, сонымен бауырсақ дастарханға қалай келеді екен?

-Бауырсақ дастарқанға келу үшін кімдер еңбек етеді екен?

-Бауырсақтың түсі , пішіні қандай болады?

-Үйде апаларың бауырсақ пісіре ме?

Ақ- ақ -ақ ок- ок- ок ық- ық-ық

**Буын арқылы сөздерде машықтандыру.**

Қа ка ка -аққала Ко ко ко- қораз
Қа ка ка -қаржақ Ко ко ко- қозы
Қа ка ка -қалақ Ко ко ко -қоңыз

**Фонематикалық естуін дамыту.**

*Сөздің басындағы, ортасындағы,соңындағы дыбыстарды айтып негізмен бірге қайталау:* қызыл, қазан, қоржын, қақпа, қабақ, қасқыр, қонақ, қаңқа, ұшақ, қатық, аяқ, балық , жастық, тасбақа.

***Сергіту сәті:***

Әдемі қызыл гүлімнің
Жапырағы ашылды *(алақандарымен ашылған гүл жасайды)*
Жел кеп оны тербетіп, *(қолдарын тербетеді)*
Жапырағын жабады. *(жапырақтарын жабады)*
Ұйқыға кетер майжырап,
Жапырағын шайқалтып.(гүлдің басын шайқайды).

**Сөздерді буынға бөлу.**

Қас – қыр, қа – сық, қы – зыл, Қа – ра - қат, тас – ба – қа.

**Ұсақ қол моторикасын дамыту.**

Саусағымыз шаршады, *(қолдарын үстел үстіне қояды)*
Демалуды қалады.*(әрі бері қозғайды)*
Саусақтарды жазайық, *(қолдарын көтеріп, саусақтарын жазады)*
Бір, екі, үш, демалтып бір алайық. *(саусақтарын жазып, қайтадан жұмады)*



— сұқ саусақ пен бас бармақ арқылы сақина жасап, оның арасынан саусақтарды өткізіп, сақиналар жасау. Осылайша әр саусақпен кезектестіріп орындау.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | |  — Барлық саусақтың бастарын бас бармаққа қосу керек. Оң қолда сұқ саусақпен бас бармақты қосудан бастаса, сол қолда бас бармақ пен шынашақты қосудан бастайды. Жаттығуды екі қолмен қатар істейді. |

21.11.22

Логопедтің түзете-дамыту жұмысының апталық циклограммасы. 2022-2023 оқу жылы

Қараша айы IV апта

| **Дүйсенбі 21.11** | **Сейсенбі 22.11** | **Сәрсенбі 23.11** | **Бейсенбі 24.11** | **Жұма 25.11** |
|---|---|---|---|---|
| Топтық сабақ: Арнайы түзете білім беру **«Сөйлеуді дамыту»** (9.00-9.20) | Топтық сабақ: Арнайы түзете білім беру **«Сөйлеуді дамыту»** (9.00-9.20) | Жеке түзету сабақ 9.00-12.10 | Топтық сабақ: Арнайы түзете білім беру **«Сөйлеуді дамыту»** (9.00-9.30) | Топтық сабақ: Арнайы түзете білім беру **«Дыбыс айту»** (9.30-9.55) |
| Жеке түзету сабақ 9.25-12.10 | Жеке түзету сабақ (9.25-12.10) | | Жеке түзету сабақ 9.25-12.10 | Жеке түзету сабақ (10.00-12.10) |
| **Тақырыбы:** Ертай Ашықбаев «Торғай мен мысық» өлеңін оқып таныстыру<br>**Мақсаты:** «Торғай мен мысық» өлеңін мәнерлеп оқып беру, қызығушылығын арттыру, мазмұнын ашу.<br>**Міндеттері:** Мазмұнын анық түсіне білуге, интонациясын қабылдауға үйрету. Өлеңнің мазмұнын сұрақ-жауап арқылы қайталата отырып, есте сақтау қабілетін дамыту. Құстарға қамқор бола білуге және сүйіспеншілікпен қарауға тәрбиелеу.<br>**ҰІӘ барысы**<br>**1. Ұйымдастыру кезеңі** ***Шаттық шеңбері*** Балалар шеңбер бойына тұрып, бір-біріне күлімдей қарап, өлең жолдарын қайталап, қимылдар жасайды.<br>Алақанды ашайық, Күннің нұрын салайық.<br>Таза ауамен демалып, Жақсы ойлар ойлайық<br>Осы жақсы лебізді<br>Бір-бірімізге сыйлайық.<br>**2. Негізгі кезең** ***Тосынсый.*** Қонаққа Торғай ұшып келеді. Балалармен амандасады. Торғай *не істейді? Ұшады.*<br>Бүгін біз, балалар, ақын Ертай Ашықбаевтың «Торғай мен мысық» өлеңін жолдарын оқып, | **Тақырыбы:** Ертай Ашықбаев «Торғай мен мысық» өлеңін оқып таныстыру<br>**Мақсаты:** «Торғай мен мысық» өлеңін мәнерлеп оқып беру, қызығушылығын арттыру, мазмұнын ашу.<br>**Міндеттері:** Мазмұнын анық түсіне білуге, интонациясын қабылдауға үйрету. Өлеңнің мазмұнын сұрақ-жауап арқылы қайталата отырып, есте сақтау қабілетін дамыту. Құстарға қамқор бола білуге және сүйіспеншілікпен қарауға тәрбиелеу.<br>**ҰІӘ барысы**<br>**1. Ұйымдастыру кезеңі** ***Шаттық шеңбері*** Балалар шеңбер бойына тұрып, бір-біріне күлімдей қарап, өлең жолдарын қайталап, қимылдар жасайды.<br>Алақанды ашайық, Күннің нұрын салайық.<br>Таза ауамен демалып, Жақсы ойлар ойлайық<br>Осы жақсы лебізді<br>Бір-бірімізге сыйлайық.<br>**2. Негізгі кезең** ***Тосынсый.*** Қонаққа Торғай ұшып келеді. Балалармен амандасады. Торғай *не істейді? Ұшады.*<br>Бүгін біз, балалар, ақын Ертай Ашықбаевтың «Торғай мен | | **Тақырыбы:** «Айлакер түлкі» орыс халық ертегісімен таныстыру<br>**Мақсаты:**<br>Ертегі мазмұнын түсіндіру.<br>**Міндеттері:**<br>а) Сөйлеу мәнерін қалыптастыру.<br>ә) Тыңдаған ертегілерінің мазмұнын қайталап айтып бере алуға дағдыландыру.<br>б) Шыншылдыққа, адамгершілікке тәрбиелеу<br>**ҰІӘ барысы:**<br>**1. Ұйымдастыру кезеңі** Жұмбақ шешу.<br>Өзі бір қу, жүрген жері айғай да шу.<br>Жұмбақтың жауабы: түлкі. – Балалар түлкі қандай аң? – Түлкінің жүрісін салайықшы? – Түлкі – айлакер, қу аң. Түлкінің түсі қызғылт болып келеді. (Түлкінің жүрісін салып көрсету).<br>Демонстрациялық құрал (суретке қарап, түлкі туралы әңгімелеу). «Айлакер түлкі» ертегісі оқылады.<br>Ертегі желісіне арналған сурет арқылы ертегіні әңгімелейді.<br>Баяғы бір заманда орман ішінде алай-дүлей дауыл соғады. Дауылдың қатты соққаны сонщалық ағаштарды тамырымен құлатып, жуан бұтақтарды сындырып, жапырақтарды ұшырып әкетеді. Аңдар қорыққанынан өз індеріне тығылыпты. Осылайша дауыл бірнеше күн соғып, артынша тыныштальпты. Сол орманда Өтеш пен Тауық өмір сүріпті. Дауыл олардың | **Тақырыбы:** «Л» дыбысы<br>**Міндеттері:**<br>- дыбысты жеке тұрған күйінде айтқызу;<br>- буында айтқызу (ашық, жабық буында, ортасында);<br>- сөзде айтқызу (дыбыс сөздің басында, ортасында, аяғында болу керек);<br>**ҰІӘ барысы**<br>**Ұйымдастыру кезеңі**<br>**І.Жұмбақ жасыру:**<br>Балалар, мен сендерге бір жұмбақ жасырамын мұқият тыңдаңдар, жауабын шешуге маған көмектесіңдер.<br>«Мә-мә» деген әні бар<br>Секірер ор, жары бар<br>Сертеңдейді құлағы<br>Секіргіш бір жануар.<br>Ол не екен? (Лақ)<br>«Лақ» сөзін айтып көрейікші. «Лақ» сөзінде бірінші қандай дыбыс естіп тұрмыз?<br>- «Л» дыбысы.<br>- «Л» дыбысы қалай айтылып тұр? Кедергімен бе, әлде кедергісіз бе? (Л дыбысы кедергімен айтылып тұр). Тіліміз тісімізге тиіп, дыбыстар кедергіге ұшырап қысқа айтылып тұр.<br>- Олай болса, балалар бүгінгі оқу іс-әрекетімізде біз Л дыбысымен танысамыз.<br>**ІІ.** «Л» дыбысы кездесетін суреттер жинағы бойынша балаларды әңгімелету.<br>Тіл ұстарту жаттығуы<br>Ла-ла-ла - бұл әдепті бала,<br>Лу-лу-лу – Нұрай сұлу. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Біріншіден олар тоғайдың шетімен, ал ол жерден одан әрі жазыққа кетеді. Сөйтіп бір күн жүрді, міне, екінші күн жүрді. Ақырында бар азықтары таусылды. Ал жолдан табатын ештеңе болмады. Қонжықтар бірінің артынан бірі еріп келе жатты. Сол уақытта кіші Қонжық: – Ей, аға, менің қарным ашты! – деп шағымданады. Ал екінші Қонжық: – Ал менің одан әрі! – деп басын шайқады.<br>*Жүргізуші:* Солай жүре берді. Кенеттен үлкен дөңгелек ірімшікке кезікті. Әділ жолмен тең бөліспек болып, бөлісе алмады. Қонжықтар қомағайланып біреуі екіншісіне үлкен жартысы тиеді деп қорықты. Олар ұрысысып, ақырып тұрғанда кенеттен жандарына Түлкі келді.<br>*Түлкі:* – Не жайлы айтысып тұрсыңдар, қонжықтар? – деп сұрады.<br>*Жүргізуші:* Қонжықтар бар жайды айтып берді.<br>*Түлкі:*<br>–Бұл қайдағы бәле, бұл бәле емес! Әкеліңдер мен сендерге ірімшікті теңдей бөліп беремін. Кішің не? Үлкенің не? Маған бәрі бір.<br>*Жүргізуші:* Түлкі ірімшікті алып екі бөлікке бөлді. Алайда алаяқ басты бір жарымын, екіншіден үлкен қылып бөлді. *Қонжықтар* бір ауыздан: «Мынау үлкен ғой», – деп ақырды.<br>*Түлкі* оларды жұбатып: –Тыныш, қонжықтар! Бұл бәле, бұл бәле де емес. Кішкене сабырлық, қазір бәрін реттеймін.<br>*Жүргізуші:* Ол үлкен жарты бөліктің жартысын тістеп, жұтып жіберді. Енді кіші жарымы үлкен болды.<br>*Қонжықтар:* – Бұлай да бірдей емес, – деп тыныммсызданды. *Түлкі:* – Мен өзімнің жұмысымды білемін! – деді.<br>*Жүргізуші:* Осылайша қу Түлкі Қонжықтардың ірімшігін біразын әдейі тең бөлмей, біразын жеп аз бөлігін ғана қалдырып, оларды тенеп, екеуіне береді. *Түлкі* оларға күліп: – Міне, сараң, арам болсаң, бір күні осындай азығыңнан құр қаларсың, – деп өз жөнімен кетеді.<br>Логопед: – Балалар ертегі сахналау сендерге ұнады ма? (Әрине, ұнады).<br>Сергіту жаттығуы:<br>Қорбаңдаған аюдың, Құлпынайы көп екен.<br>Теріп-теріп алайық, Қалтамызға салайық. (Сергіту сәтін өлең шумағының ырғағымен қимыл-қозғалыс арқылы орындайды).<br>Логопед балаларға ойын ойнауды ұсынады.<br>Дидактикалық ойын: «Бұл кімнің ізі?» Мақсаты: | жолға шықты. Біріншіден олар тоғайдың шетімен, ал ол жерден одан әрі жазыққа кетеді. Сөйтіп бір күн жүрді, міне, екінші күн жүрді. Ақырында бар азықтары таусылды. Ал жолдан табатын ештеңе болмады. Қонжықтар бірінің артынан бірі еріп келе жатты. Сол уақытта кіші Қонжық: – Ей, аға, менің қарным ашты! – деп шағымданады. Ал екінші Қонжық: – Ал менің одан әрі! – деп басын шайқады.<br>*Жүргізуші:* Солай жүре берді. Кенеттен үлкен дөңгелек ірімшікке кезікті. Әділ жолмен тең бөліспек болып, бөлісе алмады. Қонжықтар қомағайланып біреуі екіншісіне үлкен жартысы тиеді деп қорықты. Олар ұрысысып, ақырып тұрғанда кенеттен жандарына Түлкі келді.<br>*Түлкі:* – Не жайлы айтысып тұрсыңдар, қонжықтар? – деп сұрады.<br>*Жүргізуші:* Қонжықтар бар жайды айтып берді.<br>*Түлкі:*<br>–Бұл қайдағы бәле, бұл бәле емес! Әкеліңдер мен сендерге ірімшікті теңдей бөліп беремін. Кішің не? Үлкенің не? Маған бәрі бір.<br>*Жүргізуші:* Түлкі ірімшікті алып екі бөлікке бөлді. Алайда алаяқ басты бір жарымын, екіншіден үлкен қылып бөлді. *Қонжықтар* бір ауыздан: «Мынау үлкен ғой», – деп ақырды.<br>*Түлкі* оларды жұбатып: –Тыныш, қонжықтар! Бұл бәле, бұл бәле де емес. Кішкене сабырлық, қазір бәрін реттеймін.<br>*Жүргізуші:* Ол үлкен жарты бөліктің жартысын тістеп, жұтып жіберді. Енді кіші жарымы үлкен болды.<br>*Қонжықтар:* – Бұлай да бірдей емес, – деп тыныммсызданды. *Түлкі:* – Мен өзімнің жұмысымды білемін! – деді.<br>*Жүргізуші:* Осылайша қу Түлкі Қонжықтардың ірімшігін біразын әдейі тең бөлмей, біразын жеп аз бөлігін ғана қалдырып, оларды тенеп, екеуіне береді. *Түлкі* оларға күліп: – Міне, сараң, арам болсаң, бір күні осындай азығыңнан құр қаларсың, – деп өз жөнімен кетеді.<br>Логопед: – Балалар ертегі сахналау сендерге ұнады ма? (Әрине, ұнады).<br>Сергіту жаттығуы:<br>Қорбаңдаған аюдың, Құлпынайы көп екен.<br>Теріп-теріп алайық, Қалтамызға салайық. (Сергіту сәтін өлең шумағының ырғағымен қимыл-қозғалыс арқылы орындайды).<br>Логопед балаларға ойын ойнауды ұсынады. | | АҚШ-та Аяз атаның аты «Санта Клаус». Ол ақ терілен оралған Қызыл күртешеге киеді. Басында-қызыл қалпақ. Санта Клаус ауада бұғымен саяхат жасайды және құбыр арқылы үйге кіреді. Балалар оған шырша астында сүт пен печенье қалдырады.<br>Сантаның шырша ойыншықтары бұзылып қалыпты. Оларды желімдеуге көмектесейік.<br>***«Сынған шырша шарлары» ойыны***<br>Ережесі: ойын қиылған суреттерден тұрады, онда шырша шарының толық бейнесін жинау қажет.<br>***Слайд – 2:*** Біздің алдымызда ресейлік «Дед мороз».<br>Оның киімі ақ және қызыл түсті. Аяз Атаның ұзын ақ сақалы бар, қолында таяғы. Ол тек сыйлықтармен ғана емес, немересі Ақшақармен бірге қонаққа келеді.<br>Балалар ал біздің Аяз атаны кім сипаттап береді?<br>Балалар Аяз атадан сыйлық алу үшін не істеу қажет?<br>Балалар:<br>Жаңа жыл мерекесіне арнап жаттаған тақпақтарын айтып береді.<br>Балаларды мадақтау | қоян, жолбарыс... «о» дыбысы бар сөздерді айтады.<br>Буынға бөлейік немесе сөзде неше буын бар.<br>Ор- ын- дық, ою- ау, от, ою -тау, ит- ян...<br>***«Кім зерек?» ойыны.*** Тақпақтар менімен бірге қайтала:<br>О-й ой ой т-ой той той<br>О-р ор ор т-ор тор тор<br>О-л ол ол т-ол тол тол<br>**Ойын: «Телефон»**<br>Шарты: бірінші бала екінші баланың құлағына сыбырлап «О» дыбысынан басталатын сөзді айтады, балалар әрі қарай жалғастырады.Соңғы бала сөзді дауыстап айтуы тиіс |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Балалардың ойлау қабілетін дамыту.<br>Ойын шарты: *ақ қағаз бетіндегі аңдардың ізін* «Бұл кімнің ізі?» тапсырмасын орындату.<br>Балалар қағаз бетінен қай аңның ізі екенін сәйкестендіріп сызып көрсетеді.<br>1. Қорытынды кезең (рефлексия).<br>Балаларды мадақтау | Дидактикалық ойын: «Бұл кімнің ізі?» Мақсаты: Балалардың ойлау қабілетін дамыту.<br>Ойын шарты: *ақ қағаз бетіндегі аңдардың ізін* «Бұл кімнің ізі?» тапсырмасын орындату.<br>Балалар қағаз бетінен қай аңның ізі екенін сәйкестендіріп сызып көрсетеді.<br>1. Қорытынды кезең (рефлексия).<br>Балаларды мадақтау | | | |

**Логопедтің түзете-дамыту жұмысының апталық циклограммасы. 2022-2023 оқу жылы**

**Желтоқсан айы IV апта**

| Дүйсенбі<br>26.12 | Сейсенбі<br>27.12 | Сәрсенбі<br>28.12 | Бейсенбі<br>29.12 | Жұма<br>30.12 |
|---|---|---|---|---|
| Топтық сабақ: Арнайы түзете білім беру **«Сөйлеуді дамыту»**<br>(9.00-9.20) | Топтық сабақ: Арнайы түзете білім беру<br>**«Сөйлеуді дамыту»**<br>(9.00-9.20) | Жеке түзету сабақ<br>9.00-12.10 | Топтық сабақ: Арнайы түзете білім беру **«Сөйлеуді дамыту»**<br>(9.00-9.30) | Топтық сабақ: Арнайы түзете білім беру<br>**«Дыбыс айту»**<br>(9.30-9.55) |
| Жеке<br>түзету сабақ<br>9.25-12.10 | Жеке түзету сабақ<br>(9.25-12.10) | | Жеке түзету сабақ<br>9.25-12.10 | Жеке түзету сабақ<br>(10.00-12.10) |
| **Тақырыбы:** Аяз атаны біз қалай қарсы аламыз?<br>(Өз тәжірибесінен әңгімелеу)<br>**Міндеттері:**<br>а) Жаңа жыл мерекесіне қалай дайындалатындығын балаға сұрақ қоя отырып әңгімелей білуге үйрету.<br>ә) Балалардың айтылған ойды тыңдауға және ұғынуға, әңгімеге араласып, сұрау және сұраққа жауап беру біліктерін дамыту; ересектермен қарым-қатысты жетілдіру.<br>б) Бір-біріне жақсылық тілеуге тәрбиелеу.<br>**ҮІӘ барысы:**<br>**Ұйымдастыру кезеңі**<br>-Балалар бәріміз суретке қарайықшы, нені көріп тұрмыз?<br>-Қыс мезгілін.<br>-Жарайсыңдар. Ал келесі суреттегі жаңа жыл шыршасы Шыршаның түсі қандай?<br>-Жасыл.<br>- Жаңа жылда бізге кім келеді?<br>-Аяз ата.<br>-Аяз ата келгенде тақпақтар айтып, билеп, өлең айтамыз.<br><br>*Слайд – 1:* «Санта Клаус» - Америка Құрама Штаттарында.<br>АҚШ-та Аяз атаның аты «Санта Клаус». Ол ақ теріден оралған Қызыл күртешеге киеді. Басында-қызыл қалпақ. Санта Клаус ауада бұғымен саяхат жасайды және құбыр арқылы үйге кіреді. Балалар оған шырша астында сүт пен печенье қалдырады.<br>Сантаның шырша ойыншықтары бұзылып | **Тақырыбы:** Есентай Ерботин «Шырша» өлеңін оқу.<br>**Міндеттері:** Шырша ағашы туралы толық мағлұмат беру. Сөз байланысы арқылы сөйлеу, түстер арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**ҮІӘ барысы**<br>**Ұйымдастыру кезеңі**<br>Логопед жұмбақ жасырады. Жұмбақты мұқият тыңдау керек.<br>Тікен, тікен, тік пісте, Қысы-жазы бір түсте. *(Шырша) Балалар логопедтің көмегімен жұмбақты шешеді.*<br>**2. Негізгі кезең** ***Тосынсый.*** Ортада безендірілген әсем шырша тұрады<br>- Балалар, кәне бәріміз шыршаға жақын келейік, шыршаны көрейік. - Шыршаның түсі қандай? - Балалар, осы тақырыпта берілген ақын Есентай Ерботиннің «Шырша» өлеңімен танысамыз.<br>Логопед мәнерлеп оқиды.<br>**Шырша**<br>Жасыл шырша төрдегі<br>Дейді: «Бәрің көр мені!»<br>Кеткен әсем құлпырып, Ойыншықтар түр түрып.<br>Түрлі түсті шамдары<br>– Түнде ғажап жанғаны.<br>Көргендерді елітеді,<br>Керемет бір ертегі.<br>***Сөздік жұмыс:*** түрлі түсті шамдар.<br>***Сергіту сәті.***<br>Сонша әсем, сонша бай,<br>Ағаш бар ма шыршадай, | | **Тақырыбы:** Есентай Ерботин «Шырша» өлеңін оқу.<br>**Міндеттері:** Шырша ағашы туралы толық мағлұмат беру. Сөз байланысы арқылы сөйлеу, түстер арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**ҮІӘ барысы**<br>**Ұйымдастыру кезеңі**<br>Логопед жұмбақ жасырады. Жұмбақты мұқият тыңдау керек.<br>Тікен, тікен, тік пісте, Қысы-жазы бір түсте. *(Шырша) Балалар логопедтің көмегімен жұмбақты шешеді.*<br>**2. Негізгі кезең** ***Тосынсый.*** Ортада безендірілген әсем шырша тұрады<br>- Балалар, кәне бәріміз шыршаға жақын келейік, шыршаны көрейік. - Шыршаның түсі қандай? - Балалар, осы тақырыпта берілген ақын Есентай Ерботиннің «Шырша» өлеңімен танысамыз.<br>Логопед мәнерлеп оқиды.<br>**Шырша**<br>Жасыл шырша төрдегі<br>Дейді: «Бәрің көр мені!»<br>Кеткен әсем құлпырып, Ойыншықтар түр түрып.<br>Түрлі түсті шамдары<br>– Түнде ғажап жанғаны.<br>Көргендерді елітеді,<br>Керемет бір ертегі. | **Тақырыбы:** «Ө» дыбысы<br>**Міндеттері:**<br>- дыбысты жеке тұрған күйінде айтқызу;<br>- буында айтқызу (ашық, жабық буында, ортасында);<br>- сөзде айтқызу (дыбыс сөздің басында, ортасында болу керек);<br>- сөйлемде айтқызу.<br>**ҮІӘ барысы:**<br>**Ұйымдастыру кезеңі**<br>«Ө» дыбысы қазақтың төл дыбысы екенін айтып өту.<br>«Ө»дыбысының дұрыс айтылу артикуляциясы мынадай. Ерін алға созылып, ауыз домалақ болып жай ғана ашылады. Дыбыс ұзақ айтылады.<br>Созылып айтылатын дыбыстарды қандай дыбыс деп айтамыз?<br>Дауысты дыбысты қандай тексеремез |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| қалыпты. Оларды желімдеуге көмектесейік.<br>***«Сынған шырша шарлары» ойыны***<br>Ережесі: ойын қиылған суреттерден тұрады, онда шырша шарының толық бейнесін жинау қажет.<br>***Слайд – 2:*** Біздің алдымызда ресейлік «Дед мороз». Оның киімі ақ және қызыл түсті. Аяз Атаның ұзын ақ сақалы бар, қолында таяғы. Ол тек сыйлықтармен ғана емес, немересі Ақшақармен бірге қонаққа келеді.<br>Балалар ал біздің Аяз атаны кім сипаттап береді?<br>Балалар Аяз атадан сыйлық алу үшін не істеу қажет?<br>Балалар:<br>Жаңа жыл мерекесіне арнап жаттаған тақпақтарын айтып береді.<br>Балаларды мадақтау | Әлем-жәлем тағып алған,<br>Алтын алқа моншағы-ай.<br>***Сұрақ-жауап*** арқылы оқылған өлең шумақтарын әңгімелеу: – Шырша қандай?<br>-Шыршаның түсі қандай? – Шырша әдемі болуы үшін оған не іздеміз? ***«Шыршаны безендіру» ойыны.***<br>Ортада тұрған жасыл шыршаны жаңажылдық ойыншықтармен безендіру және безендіру барысында әр бала Аяз атаға арнап жаттаған тақпақтарын айтуы тиіс.<br>**Рефлексия** Логопед қорытынды жасайды.<br>**Балаларға шыршаның суреті үлестіріледі. Баллар өздері бояп шығулары тиіс**<br>Балаларды мадақтайды. | | ***Сөздік жұмыс:*** түрлі түсті шарлар.<br>***Сергіту сәті.***<br>Сопша әсем, сопша бай,<br>Ағаш бар ма шыршадай,<br>Әлем-жәлем тағып алған,<br>Алтын алқа моншағы-ай.<br>***Сұрақ-жауап*** арқылы оқылған өлең шумақтарын әңгімелеу: – Шырша қандай?<br>-Шыршаның түсі қандай? – Шырша әдемі болуы үшін оған не іздеміз? ***«Шыршаны безендіру» ойыны.***<br>Ортада тұрған жасыл шыршаны жаңажылдық ойыншықтармен безендіру және безендіру барысында әр бала Аяз атаға арнап жаттаған тақпақтарын айтуы тиіс.<br>**Рефлексия** Логопед қорытынды жасайды.<br>**Балаларға шыршаның суреті үлестіріледі. Баллар өздері бояп шығулары тиіс**<br>Балаларды мадақтайды. | белгілейміз?<br>«Ө» дыбысынан басталатын сөздерді суреті плакат арқылы көрсету. Балалар суреттег заттар немесе бейнелерді өз беттерінше атаулары тиіс.<br>Енді осы өздерің айтқан сөздерге сөйлем құрайықшы (сурет желісі бойынша)<br>«Менімен бірге қайтала» тапсырмасы<br>Өр, өс, өркен, өмір, өң, өрт.<br>Жұмбақ шешу:<br>Үйін тордан салады<br>Жемін аулап алады.<br>Ол не? (өрмекші)<br><br>«Неше буын бар?» ойыны<br>Өрік, өрмекші, өшіргіш,бөрік,көйлек сөздерін буынға бөлу<br>Балаларды мадақтау |

04.01.23
[signature]

**Логопедтің түзете-дамыту жұмысының апталық циклограммасы. 2022-2023 оқу жылы**

**Қаңтар айы 1 апта**

| Дүйсенбі<br>2.01 | Сейсенбі<br>3.01 | Сәрсенбі<br>4.01 | Бейсенбі<br>5.01 | Жұма<br>6.01 |
|---|---|---|---|---|
| Топтық сабақ: Арнайы түзете білім беру **«Сөйлеуді дамыту»**<br>(9.00-9.20) | Топтық сабақ: Арнайы түзете білім беру **«Сөйлеуді дамыту»**<br>(9.00-9.20) | Жеке түзету сабақ<br>9.00-12.10 | Топтық сабақ: Арнайы түзете білім беру **«Сөйлеуді дамыту»**<br>(9.00-9.30) | Топтық сабақ: Арнайы түзете білім беру **«Дыбыс айту»**<br>(9.30-9.55) |
| | | | Жеке түзету сабақ<br>9.25-12.10 | Жеке түзету сабақ (10.00-12.10) |
| | | | **Тақырыбы:** Абдрахман Асылбеков «Қыс» өленін оқу.<br>**Міндеттері:** Қыс мезгіліне деген қызығушылықтарын ояту. *Қазтырайды, ағарады, қар, қыс, үзбірелеп, аққала* сөздерін қолдану арқылы сөздік қорларын кеңейту.<br>**ҮІӘ барысы 1. Ұйымдастыру кезеңі**<br>***Шаттық шеңбері***<br>Аппақ, аппақ дала,<br>Аппақ ауыл, қала.<br>Жапалақтап аққан қар<br>Жауа берші, жауа.<br>Көңіліміз қаласа,<br>Сыртқа шығып таласа<br>Қар атысып ойнаймыз,<br>Қыстың күні тамаша,<br>Тамаша! – Балалар, шаттық шеңберімізде не туралы айтылды? *(Қыс туралы)*<br>2. **Негізгі кезең Демонстрациялық материалмен жұмыс**. Қыс мезгіліне байланысты суреттер. - Суретте жылдың қай мезгілі бейнеленген? - Қыста не жауады? - Қыста қалай киінеміз? - Суретте балалар не істеп жүр?<br>Балалар сұрақтарға жауап береді.<br>Бүгін ақын Абдрахман | **Тақырыбы:** «П» дыбысы<br>**Міндеттері:**<br>- дыбысты жеке тұрған күйінде айтқызу;<br>- буында айтқызу (ашық, жабық буында, ортасында);<br>- сөзде айтқызу (дыбыс сөздің басында, ортасында болу керек),<br>- сөйлемде айтқызу.<br>**ҮІӘ барысы**<br>**Ұйымдастыру кезеңі**<br>Балаларға «П» дыбысына арналған плакатты сурет бойынша түсіндіру жұмысын жүргізу.<br>«П» дыбысын айтқанда тілдің ұшы төменгі тіске тіреліп, үсті қатаң таңдайға көтеріліп, иіліп тұрады.<br>«П» дыбысына буындар қайталайықшы: па, по, пу, пы, пі,пи<br>Буындарды кері қайталайық: ап,оп, ып,іп,ип<br>(Піл)<br>«П» дыбысынан басталатын сөздерді сурет бойынша қайталайық: піл, пияз, парта, пышақ, пингвин, пойыз...<br>«П» дыбысы сөздердің ортасында кездесетін сурет бойынша қайталайық: апа, шапан, дәптер, кептер, кірпі...<br>«П» дыбысы сөздердің соңында кездесетін сурет бойынша қайталайық: доп, қолғап, қап ...<br>**Жұмбақ** |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | Асылбековтың «Қыс» өлеңімен таныстыру.<br>Мұқият тыңдаңдар. «Қыс» өлеңін мәнерлеп оқу.<br>Қыс<br>Қандай суық қыс деген,<br>Қалтырайды құс деген.<br>Құлақшыңды кимесең,<br>Құлағыңды тістеген,<br>Қандай қызық қыс деген,<br>Бәрін шебер істеген.<br>Бақша-бауды, тауды да<br>Бояған ақ түспенен.<br>*Сөздік жұмыс:* қалтырайды - тонады.<br>*Сергіту сәті:* Ұзын құлақ сұр қоян<br>Естіп қалып сыбдырды,<br>Ойлы-қырлы жерлермен<br>Ытқып-ытқып секірді.<br>Балалар қимылдарын жасайды.<br>*Сұрақ-жауап* арқылы оқылған өлең шумақтарын әңгімелеу:<br>- Өлең не туралы?<br>- Қыс қандай?<br>- Құс не істейді?<br>- Қандай түспен бақша-бауды, тауды бояйды?<br>Логопед балаларға мақтадан жасаған қармен ойнауды ұсынады.<br>***Ойын: "Қар жинау"***.<br>Ойынның шарты: логопед себеттегі қарды ортаға шашады, ал балалар жинайды. Кім көп жинайды, сол жеңімпаз аталады.<br>**Ойын: «Қолғаптың сыңарын тап!»**<br>Шарты: балалардың алдына бірнеше қолғап тасталады, балалар әр қолғаптың сыңарын тауып сонымен қатар түсін айтып сәйкестендіруі тиіс.<br><br>3. Рефлексия Логопед қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды. | Қорытындысы күшті шиша<br>Көргені тек тышқаннан |

9.01.23

Логопедтің түзете-дамыту жұмысының апталық циклограммасы. 2022-2023 оқу жылы

Қаңтар айы II апта

| Дүйсенбі<br>9.01 | Сейсенбі<br>10.01 | Сәрсенбі<br>11.01 | Бейсенбі<br>12.01 | Жұма<br>13.01 |
|---|---|---|---|---|
| Топтық сабақ: Арнай түзете білім беру **«Сөйлеуді дамыту»**<br>(9.00-9.20) | Топтық сабақ: Арнай түзете білім беру **«Сөйлеуді дамыту»**<br>(9.00-9.20) | Жеке түзету сабақ<br>9.00-12.10 | Топтық сабақ: Арнай түзете білім беру<br>**«Сөйлеуді дамыту»**<br>(9.00-9.30) | Топтық сабақ: Арнай түзете білім беру<br>**«Дыбыс айту»**<br>(9.30-9.55) |
| | | | Жеке түзету сабақ<br>9.25-12.10 | Жеке түзету сабақ<br>(10.00-12.10) |
| **Тақырыбы:** Абдрахман Асылбеков «Қыс» өлеңін оқу.<br>**Міндеттері:** Қыс мезгіліне деген қызығушылықтарын ояту. *Қалтыратады, аязды, қар, қыс, үлбіреген, аққала* сөздерін қолдану арқылы сөздік қорларын кеңейту.<br>**ҰІӘ барысы 1. Ұйымдастыру кезеңі**<br>***Шаттық шеңбері***<br>Аппақ, аппақ дала,<br>Аппақ ауыл, қала.<br>Жапалақтап жаша қар<br>Жауа берші, жауа.<br>Көңіліміз қаласа,<br>Сыртқа шығып таласа<br>Қар атысып ойнаймыз,<br>Қыстың күні тамаша,<br>Тамаша! – Балалар, шаттық шеңберімізде не туралы айтылды? *(Қыс туралы)*<br>**2. Негізгі кезең**<br>**Демонстрациялық материалмен жұмыс**. Қыс мезгіліне байланысты суреттер. - Суретте жылдың қай мезгілі бейнеленген? - Қыста не жауады? - Қыста қалай киінеміз? - Суретте балалар не істеп жүр?<br>Балалар сұрақтарға жауап береді. | **Тақырыбы:** Қыс қызығы (Сурет бойынша әңгімелеу)<br>**Мақсаты:** Қыс мезгілі жайлы түсіндіру.<br>**Міндеттері:**<br>а) Балаларды сурет бойынша әңгіме құрауға үйретуді жалғастыру, балаларды синоним сөздерді айта білуге жаттықтыру.<br>ә) Ойлау қабілеттерін, ауызша сөйлеуін дамыту.<br>б)Ұйымшылдыққа,достыққа тәрбиелеу.<br>**ҰІӘ барысы 1. Ұйымдастыру кезеңі**<br>***Жұмбақ шешу***<br>Шанамен зырғып желетін<br>Шаңғы, коньки тебетін<br>Аққала жасап ойнайтын<br>Қай мезгіл деп ойлайсың?<br>**2.Әңгімелесу.** (суреттер көрсету)<br>Қыста күн суық, боранды, аязды болады.<br>Қар жауады. Қардан аққала жасаймыз.<br>Аязды күндері біздің терезелерімізге аяз сурет салады.Оны қырау дейді. Қыс мезгілі суық болса да, өте көңілді.<br>**3.Суретке қарап «Қысқы ойын» түрлерін атайық**<br>**Сергіту сәті:**<br>Тоңса біздің қолымыз,<br>Қолғап киіп аламыз<br>Шапалақ біз<br>соғамыз<br>Сарт-сарт-сарт<br>Тоңса біздің аяғымыз,<br>Етік киіп аламыз.<br>Топылдатып басамыз<br>Топ-топ-топ, | | **Тақырыбы:** Қыс қызығы (Сурет бойынша әңгімелеу)<br>**Мақсаты:** Қыс мезгілі жайлы түсіндіру.<br>**Міндеттері:**<br>а) Балаларды сурет бойынша әңгіме құрауға үйретуді жалғастыру, балаларды синоним сөздерді айта білуге жаттықтыру.<br>ә) Ойлау қабілеттерін, ауызша сөйлеуін дамыту.<br>б)Ұйымшылдыққа,достыққа тәрбиелеу.<br>**ҰІӘ барысы 1. Ұйымдастыру кезеңі**<br>**Жұмбақ шешу**<br>Шелек қалпақ басында,<br>Сәбіз екен танауы.<br>Қыста қардан туатын,<br>Тауып көрші сен оны? (Аққала)<br>Балалар, аққаланы неден жасаймыз?<br>-Қардан жасаймыз.<br>-Аққаланың түсі қандай?<br>-Аққаланың түсі ақ.<br>-Аққала қандай пішінге ұқсайды?<br>-Дөңгелекке ұқсайды.<br>Енді балалар аққаланы қардан жасайтынын біледі екенсіңдер ,бәрің алақандарыңды ашыңдаршы (логопед балалардың алақандарына қар салып шығады)<br>Жылы алақанымызға салғанда қар неге айналатынын көрейік (Эксперимент жасайды)<br>Балалар қарды алақандарына салады. Зерттеу жұмыстары жүргізіледі.<br>Қар неге айналып кетті?<br>Суға айналды. | Тақырыбы: «Р» дыбысы Міндеттері:<br>- дыбысты жеке тұрған күйінде айтқызу;<br>- буында айтқызу (ашық, жабық буында, ортасында);<br>- сөзде айтқызу (дыбыс сөздің басында, ортасында болу керек);<br>- сөйлемде айтқызу.<br>ҰІӘ барысы<br>Ұйымдастыру кезеңі<br>Гүлге қонады,<br>Гүлдің қонағы<br>Үйіне кірсең<br>Бөшкелер балға толады ( Ара)<br><br>Р дыбысының айтылуына байланысты тілге жаттығу жасау.<br>«Ат шауып келеді» - аузыңды кең ашып, тілді таңдайға жабыстырып, баяу, жылдам қағу керек.Тіл асты желбезегін созу. 10-15 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Асылбековтың «Қыс» өлеңімен танысамыз.<br>Мәнерлеп тыңдаңдар. «Қыс» өлеңін мәнерлеп оқу.<br>Қыс<br>Қандай суық қыс деген,<br>Қалтырайды құс деген.<br>Құлағыңды кимесең,<br>Құлағыңды тістеген,<br>Қандай қызық қыс деген,<br>Бәрін шебер істеген.<br>Бақша-бауды, тауды да<br>Бояған ақ түспенен.<br>*Сөздік жұмыс:* қалтырайды - тоңады.<br>*Сергіту сәті:* Ұзын құлақ сұр қоян Естіп қалып сыбдырды.<br>Ойлы-қырлы жерлермен<br>Ытқып-ытқып секірді.<br>Балалар қимылдарын жасайды.<br>*Сұрақ-жауап* арқылы оқылған өлең шумақтарын әңгімелеу:<br>- Өлең не туралы?<br>- Қыс қандай?<br>- Құс не істейді?<br>- Қандай түспен бақша-бауды, тауды бояйды?<br>Логопед балаларға мақтадан жасалған қармен ойнауды ұсынады.<br>***Ойын: "Қар жинау".***<br>Ойынның шарты: логопед себеттегі қарды ортаға шашады, ал балалар жинайды. Кім көп жинайды, сол жеңімпаз аталады.<br>**Ойын: «Қолғаптың сыңарын тап!»**<br>Шарты: балалардың алдына бірнеше қолғап тасталады, балалар әр қолғаптың сыңарын тауып соныммен қатар түсін айтып сәйкестендіруі тиіс.<br><br>3. Рефлексия Логопед қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды. | Тонды киіп аламыз<br>Шанамен зулаймыз<br>Зу-зу-зу,<br>**Ойын: «Шыршa, қоян, бүр»**<br>**Мақсаты:** белгі бойынша қимылдар жасап, ойындарін көтеру.<br>Шырша-қолдарын созады<br>Қоян-секіреді<br>Бүр-отырады<br>**Қорытынды: Логопед балаларға сұрақтар қою арқылы балалардың жауаптары тыңдалынады.**<br>-Қыста күн қандай болады?<br>-Қардан балалар не жасайды?<br>-Терезеге суретті не салады?<br>- Қыста ойнайтын ойын түрлерін атайықшы<br>Балаларды мадақтау. Балаларға аққала суретті боямагы таратылады (балалар бойды) | | Енді осы суды суыққа шығарсақ мұзға айналады екен.<br>Мұзды көрсету.<br>Балалар, мұз қандай екен?<br>Суық, жылтыр, қатты.<br>Балалар, біз бүгін сендермен қыс қызығы туралы әңгімелесеміз.<br>**«Қыс қызықтарын» слайд арқылы тамашалайық.**<br>Слайдты көрсете отырып сұрақтар қою.<br>**Сергіту сәті:**<br>Тонса біздің қолымыз,<br>Қолғап киіп аламыз<br>Шапалақ біз<br>соғамыз<br><br>Сарт-сарт-сарт<br>Тонса біздің аяғымыз,<br>Етік киіп аламыз.<br>Топылдатып басамыз<br>Топ-топ-топ,<br>Тонса біздің денеміз,<br>Тонды киіп аламыз.<br>Шанамен зулаймыз<br>Зу-зу-зу,<br>**Ойын: «Аққаланы құрастырайық»**<br>**Мақсаты:** балаларды екі топқа бөлу (балалар топтасып жұмыс жасауды үйренеді)<br>Бөліктерді шапшаң әрі ептілік танытып аққаланы дұрыс құрастыруы тиіс ( әр бөлігін соңына атап шығулары қажет)<br>**Қорытынды: Логопед балаларға сұрақтар қою арқылы балалардың жауаптары тыңдалынады.**<br>-Аққаланы неден жасаймыз?<br>-Аққаланың бөліктері қандай пішіндерден құралған?<br>-Аққаланың мұрнындағы сәбізін қандай аң жақсы көреді?<br>Балаларды мадақтау. | рет қайталау қажет.<br>«Саңырауқұлақ» - ауызды кең ашып, тіл ұшын таңдайға жапыстырып ұстап тұру керек.<br>Еліктеу арқылы «Р» дыбысын қою:<br>«Мотоцикл айдау» - тілді жоғарғы тіске қарай көтеріп, «Дррррын-дррррын» деп айтқызу.<br>«Мотор» - тілді қатты таңдайға жабыстырып, мұрынмен тез тыныс алып, тілдің ұшына үрлеу<br>«Барабан» - Д-Д-Д деп айтқызу арқылы тіл ұшын жоғары оңға-солға қозғау.<br>Суретпен жұмыс: «Р» дыбысы сөздің басында да,ортасында және аяғында да кездесе береді,сондықтан мына суреттегі бейне атауларын айтайық.<br>Мысалы: Раушангүл (роза), робот, радио, қасқыр, торғай, ара, арба, жолбарыс, сырға...<br>«Менімен бірге буынға жаттамақ қайтала»<br>Ра , ра, ра- а-ра,<br>Ра , ра, ра -та-ра,<br>Ра , ра, ра - ар-на |

16.01.23

**Логопедтің түзете-дамыту жұмысының апталық циклограммасы. 2022-2023 оқу жылы**

**Қаңтар айы III апта**

| Дүйсенбі<br>16.01 | Сейсенбі<br>17.01 | Сәрсенбі<br>18.01 | Бейсенбі<br>19.01 | Жұма<br>20.01 |
|---|---|---|---|---|
| Топтық сабақ: Арнай түзете білім беру **«Сөйлеуді дамыту»**<br>(9.00-9.20) | Топтық сабақ: Арнай түзете білім беру<br>**«Сөйлеуді дамыту»**<br>(9.00-9.20) | Жеке түзету сабақ<br>9.00-12.10 | Топтық сабақ: Арнай түзете білім беру<br>**«Сөйлеуді дамыту»**<br>(9.00-9.30) | Топтық сабақ: Арнай түзете білім беру **«Дыбыс айту»**<br>(9.30-9.55) |
| Жеке<br>түзету сабақ<br>9.25-12.10 | Жеке түзету сабақ<br>(9.25-12.10) | | Жеке түзету сабақ<br>9.25-12.10 | Жеке түзету сабақ (10.00-12.10) |
| **Тақырыбы:** Қыс қызығы (Сурет бойынша әңгімелеу)<br>**Мақсаты**: Қыс мезгілі жайлы түсіндіру.<br>**Міндеттері:**<br>а) Балаларды сурет бойынша әңгіме құрауға<br>үйретуді жалғастыру, балаларды синоним сөздерді айта білуге жаттықтыру.<br>ә) Ойлау қабілеттерін, ауызша сөйлеуін дамыту.<br>б)Ұйымшылдыққа,достыққа тәрбиелеу.<br>**ҰІӘ барысы 1. Ұйымдастыру кезені**<br>**Жұмбақ шешу**<br>Шелек қалпақ басында,<br>Сәбіз екен танауы.<br>Қыста қардан туатын,<br>Тауып көрші сен оны? (Аққала)<br>Балалар, аққаланы неден жасаймыз?<br>-Қардан жасаймыз.<br>-Аққаланың түсі қандай?<br>-Аққаланың түсі ақ.<br>-Аққала қандай пішінге ұқсайды?<br>-Дөңгелекке ұқсайды.<br>Енді балалар аққаланы қардан жасайтынын біледі екенсіңдер ,бәрің алақандарыңды ашыңдаршы.(логопед | **Тақырыбы:** Ұзын құлақ ақ қоян (Кескін бойынша<br>қоян жайлы әңгіме құрау)<br>**Міндеттері:** а) Үлгі бойынша бейнелік сипатты әңгіме құрауға үйрету. Сөздің түрленуіне жаттықтыру.<br>ә) Балалардың тілдік қорын дамыту, байыту.<br>б) Жан-жануарларды қамқорлыққа алуға тәрбиелеу.<br>**ҰІӘ барысы:**<br>**Ұйымдастыру кезені**<br>Логопед балаларға жұмбақ жасырады:<br>Сылдырдан қорқады,<br>Шошынып жортады. (Қоян)<br>– Қоян қандай жануарға жатады?<br>(Қоян жабайы жануарға жатады). – Қоянның құлағы қандай? Ұзын ба әлде қысқа ма?<br>(Қоянның құлағы ұзын)<br>Логопед қоянның құлағы ұзын және сыбдырды тез естігіш болып келетіндігін айтады.<br>**Негізгі кезең** Қоянды тағы қалай деп атауға болады? Балалар «ұзын құлақты қоян, ақ қоян, сұр қоян, қорқақ қоян», – деп те атауға болатындығын айтады.<br>– Жақсы, балалар, ең алдымен суреттерге қарап көңіл аударайық.<br>Суреттердегі айырмашылықтарға қарай келе әңгіме құрайық.<br>Әңгіме құрмас бұрын біз ең алдымен несін құрып аламыз? (Әңгіменің тақырыбын құрып аламыз). – Ендеше, біз оның тақырыбын «Ұзын құлақ ақ қоян» деп алайық. | | **Тақырыбы:** Ұзын құлақ ақ қоян (Кескін бойынша<br>қоян жайлы әңгіме құрау)<br>**Міндеттері:** а) Үлгі бойынша бейнелік сипатты әңгіме құрауға үйрету. Сөздің түрленуіне жаттықтыру.<br>ә) Балалардың тілдік қорын дамыту, байыту.<br>б) Жан-жануарларды қамқорлыққа алуға тәрбиелеу.<br>**ҰІӘ барысы:**<br>**Ұйымдастыру кезені**<br>Логопед балаларға жұмбақ жасырады:<br>Сылдырдан қорқады, Шошынып жортады.<br>(Қоян)<br>– Қоян қандай жануарға жатады? (Қоян жабайы жануарға жатады). – Қоянның құлағы қандай? Ұзын ба әлде қысқа ма? (Қоянның құлағы ұзын).<br>Логопед қоянның құлағы ұзын және сыбдырды тез естігіш болып келетіндігін айтады.<br>**Негізгі кезең** Қоянды тағы қалай деп атауға болады? Балалар «ұзын құлақты қоян, ақ қоян, сұр қоян, қорқақ қоян», – деп те атауға болатындығын айтады.<br>– Жақсы, балалар, ең алдымен суреттерге қарап көңіл аударайық.<br>Суреттердегі айырмашылықтарға қарай келе әңгіме құрайық.<br>Әңгіме құрмас бұрын біз ең алдымен несін құрып аламыз? (Әңгіменің тақырыбын құрып аламыз). – Ендеше, біз оның тақырыбын «Ұзын құлақ ақ қоян» деп алайық. | **Тақырыбы: «С» дыбысы**<br>**Міндеттері:**<br>- дыбысты жеке тұрған күйінде айтқызу;<br>- буында айтқызу (ашық, жабық буында, ортасында);<br>- сөзде айтқызу (дыбыс сөздің басында, ортасында болу керек);<br>- сөйлемде айтқызу.<br>**ҰІӘ барысы**<br>Ұйымдастыру кезеңі<br>«С дыбысының артикуляциясы»<br>- Ерін жымиып тұрады;<br>- Тістердің арасы шамамен 1 мм ашық;<br>- Тілдің ұшы төменгі тістерге тіреліп тұрады;<br>**Артикуляциялық жаттығулар**<br>«Сағат», «Саңырау құлақтарды», «Тәтті шырын»,<br>«Ат шауып келеді»<br>**«С» дыбысын дұрыс айт, анық айт.**<br>Са – со – су – сы<br>Со – су – са - сы<br>Сұ – со – са – сы<br>**Жұмбақтың шешуін табайық.** |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| балалардың алақандарына қар салып шығады)<br>Жылы алақанымызға салғанда қар неге айналатынын көрейік (Эксперимент жасайды)<br>Балалар қарды алақандарына салады. Зерттеу жұмыстары жүргізіледі.<br>Қар неге айналып кетті?<br>Суға айналды.<br>Енді осы суды суыққа шығарсақ мұзға айналады екен.<br>Мұзды көрсету.<br>Балалар, мұз қандай екен?<br>Суық, жылтыр, қатты.<br>Балалар, біз бүгін сендермен қыс қызығы туралы әңгімелесеміз.<br>**«Қыс қызықтарын» слайд арқылы тамашалайық.**<br>Слайдты көрсете отырып сұрақтар қою.<br>**Сергіту сәті:**<br>Тоңса біздің қолымыз,<br>Қолғап киіп аламыз<br>Шапалақ біз<br>соғамыз<br>Сарт-сарт-сарт<br>Тоңса біздің аяғымыз,<br>Етік киіп аламыз.<br>Топылдатып басамыз<br>Топ-топ-топ,<br>Тоңса біздің денеміз,<br>Тонды киіп аламыз.<br>Шанамен зулаймыз<br>Зу-зу-зу,<br>**Ойын: «Аққаланы құрастырайық»**<br>**Мақсаты:** балаларды екі топқа бөлу (балалар топтасып жұмыс жасауды үйренеді)<br>Бөліктерді шапшаң әрі ептілік танытып аққаланы дұрыс құрастыруы тиіс ( әр бөлігін соңына атап шығулары қажет)<br>**Қорытынды: Логопед балаларға сұрақтар қою арқылы балалардың жауаптары тыңдалынады.**<br>-Аққаланы неден жасаймыз? | Тақырыбы: «Ұзын құлақ ақ қоян» – Қыстүні бір ақ Қоян орман ішінде жортып жүріпті. Қыста Қоянның тоны ақ түске еуысады екен. Одан кейін күн жылына бастағаннан кейін оның түсі сұры түске айналады. Қыста ақ түске, ал жазда сұр түске айналуының себебі аңдарға, жабайы жануарларға көрінбей, тығылуына ыңғайлы. Қоян өте қорқақ, тіпті оның құлағы саққұлақ деуге де болады. Себебі құлағы сыбдырды тез естиді екен. Қояндар жауынан орғып-орғып қашады.<br>Логопед балаларға орындарынан тұрып қояндарша секіріп-секіріп алуды ұсынады.<br>Балалар орындайды.<br>– Осылайша орғып келе жатқанда алдынан Қасқыр кезігіпті. Қасқыр ырылдап, Қоянды жегісі келді, бірақ Қоян Қасқырға былай депті: – Мені жемеші, мен саған тақпақ айтып беремін. Сонда Қасқыр: А, солай ма? Жарайды, айта ғой, – деп Қоянды тыңдапты.<br>**Сергіту жаттығуы: «Қоян»**<br>Секірейік-секірейік<br>Ұзын-құлақ қоянша,<br>Шаршағанды кетірейік,<br>Болар сонда тамаша.<br>(Сергіту сәтін өлең шумағының ырғағымен қимыл-қозғалыс арқылы орындау). – Осылайша Қоян секіріп-секіріп, Қасқырдан құтылып кетіпті.<br>– Балалар, жалпы қоян қайда тіршілік етеді? (Қоян орманда, тоғайда тіршілік етеді). («Я» дыбысына жаттығу<br>Ян-ян-ян – қорқақ қоян<br>Яз – яз – яз<br>Сақылдаған сары аяз.<br>Як – як – як,<br>Жүреміз жалаң аяқ<br>Я – я – я<br>Моншақта тақия<br>Балалар, «я» дыбысы «йа» болып естіледі. бірақ біз ол дыбысты анық айтуымыз қажет. «Я» дыбысының дауыссыз дыбыс екенін айтып өту.<br>Балалар жаттығудағы дыбысты анық айтып қайталайды.<br>**Дидактикалық ойын:** «Мұнда неше қоян бар?»<br>Мақсаты: Баланың ойлау қабілетін дамыту. Ойын шарты: *ақ қағазға салынған сурет бойынша орындалады.* «Нүктелердің бірбірімен қосу арқылы, бірнеше қоян бейнесін тап» тапсырмасын орындау. | | Тақырыбы: «Ұзын құлақ ақ қоян» – Қыстүні бір ақ Қоян орман ішінде жортып жүріпті. Қыста Қоянның тоны ақ түске ауысады екен. Одан кейін күн жылына бастағаннан кейін оның түсі сұры түске айналады. Қыста ақ түске, ал жазда сұр түске айналуының себебі аңдарға, жабайы жануарларға көрінбей, тығылуына ыңғайлы. Қоян өте қорқақ, тіпті оның құлағы саққұлақ деуге де болады. Себебі құлағы сыбдырды тез естиді екен. Қояндар жауынан орғып-орғып қашады.<br>Логопед балаларға орындарынан тұрып қояндарша секіріп-секіріп алуды ұсынады.<br>Балалар орындайды.<br>– Осылайша орғып келе жатқанда алдынан Қасқыр кезігіпті. Қасқыр ырылдап, Қоянды жегісі келді, бірақ Қоян Қасқырға былай депті: – Мені жемеші, мен саған тақпақ айтып беремін. Сонда Қасқыр: А, солай ма? Жарайды, айта ғой, – деп Қоянды тыңдапты.<br>**Сергіту жаттығуы: «Қоян»**<br>Секірейік-секірейік<br>Ұзын-құлақ қоянша,<br>Шаршағанды кетірейік,<br>Болар сонда тамаша.<br>(Сергіту сәтін өлең шумағының ырғағымен қимыл-қозғалыс арқылы орындау). – Осылайша Қоян секіріп-секіріп, Қасқырдан құтылып кетіпті. – Балалар, жалпы қоян қайда тіршілік етеді? (Қоян орманда, тоғайда тіршілік етеді).<br>(«Я» дыбысына жаттығу<br>Ян-ян-ян – қорқақ қоян<br>Яз – яз – яз<br>Сақылдаған сары аяз.<br>Як – як – як,<br>Жүреміз жалаң аяқ<br>Я – я – я<br>Моншақта тақия<br>Балалар, «я» дыбысы «йа» болып естіледі. бірақ біз ол дыбысты анық айтуымыз қажет. «Я» дыбысының дауыссыз дыбыс екенін айтып өту.<br>Балалар жаттығудағы дыбысты анық айтып қайталайды.<br>**Дидактикалық ойын:** «Мұнда неше қоян бар?»<br>Мақсаты: Баланың ойлау қабілетін дамыту.<br>Ойын шарты: *ақ қағазға салынған сурет бойынша орындалады.* «Нүктелердің бірбірімен қосу арқылы, бірнеше қоян бейнесін тап» тапсырмасын орындау. | Сыртылдайды күнімен,<br>Сыртылдайды түнімен.<br>Білгін келсе уақытты,<br>Көрсетеді тілімен. (Сағат)<br>Мұрны пушық,<br>Көзі қысық,<br>Өзі пысық<br>Бұл не? Мысық<br>**«С» дыбысы бар аңдар**: қасқыр, арыстан, жолбарыс<br>**«С» дыбысы бар кісі аттары**: Сымбат, Самат, Асылай, Қасым<br>**Теледидардан слайд көрсету:**<br>[С] дыбысы бар жануарларды көрсет Слайд<br>[С] дыбысы бар құстарды көрсет Слайд<br>Сурет бойынша сөйлем құрайық.<br>Баланың мақтау |

23.01.23

## Логопедтің түзете-дамыту жұмысының апталық циклограммасы. 2022-2023 оқу жылы

### Қаңтар айы IV апта

| Дүйсенбі<br>23.01 | Сейсенбі<br>24.01 | Сәрсенбі<br>25.01 | Бейсенбі<br>26.01 | Жұма<br>27.01 |
|---|---|---|---|---|
| Топтық сабақ: Арнайы түзете білім беру<br>**«Сөйлеуді дамыту»**<br>(9.00-9.20) | Топтық сабақ: Арнайы түзете білім беру<br>**«Сөйлеуді дамыту»**<br>(9.00-9.20) | Жеке түзету сабақ<br>9.00-12.10 | Топтық сабақ: Арнайы түзете білім беру<br>**«Сөйлеуді дамыту»**<br>(9.00-9.30) | Топтық сабақ: Арнайы түзете білім беру **«Дыбыс айту»**<br>(9.30-9.55) |
| Жеке<br>түзету сабақ<br>9.25-12.10 | Жеке түзету сабақ<br>(9.25-12.10) | | Жеке түзету сабақ<br>9.25-12.10 | Жеке түзету сабақ (10.00-12.10) |
| **Тақырыбы**: «Қасқыр мен жеті лақ» орыс халық ертегісін оқу.<br>**Мақсаты:** «Қасқыр мен жеті лақ» ертегісімен таныстыру.<br>**Міндеттері**: Ертегінің мазмұнын түсінуге және олардағы әрекеттердің дамуын қадағалауға үйрету. Ертегі мазмұнымен байланыстырып сөйлеуге үйрету. Ой-өрісін дамыту арқылы сөздік қорларын кеңейту. Үлкендерді тыңдауға тәрбиелеу.<br>**ҰІӘ барысы**<br>1. **Ұйымдастыру кезеңі** ***Шаттық шеңбері***<br>Анаң – күнің, жүрегің, Әкең – өмір тірегің,<br>Сен бақытты ұлансың, Бәрі саған қуансын!<br>Балалар шеңбер бойына тұрып, өлең жолдарын қайталайды.<br>**2. Негізгі кезең** ***Тосынсый.*** Қонаққа құыршақ Сәуле келеді.<br>Балалармен амандасады.<br>Балалар, сендер ертегі тыңдағанды ұнатасыңдар ма? Балалар, қуыршақ Сәуле бүгін бізге сыйлық алып келіпті. «Қасқыр мен жеті лақ» ертегісін.<br>Мен сендерге ертегіні оқып берейін, ал сендер мұқият тыңдаңдар.<br>**Қасқыр мен жеті лақ**<br>Ертеде бір ешкінің жеті лағы болыпты. Біреуі қара, қалғандары ақ лақ екен. Орманға баруға жиналған ешкі лақтарын шақырып алып, ақылын айтады: - Шырақтарым, ешкімге есік ашпаңдар. | **Тақырыбы**: «Қасқыр мен жеті лақ» орыс халық ертегісін оқу.<br>**Мақсаты:** «Қасқыр мен жеті лақ» ертегісімен таныстыру<br>**Міндеттері**: Ертегінің мазмұнын түсінуге және олардағы әрекеттердің дамуын қадағалауға үйрету. Ертегі мазмұнымен байланыстырып сөйлеуге үйрету. Ой-өрісін дамыту арқылы сөздік қорларын кеңейту. Үлкендерді тыңдауға тәрбиелеу.<br>**ҰІӘ барысы**<br>1. **Ұйымдастыру кезеңі** ***Шаттық шеңбері***<br>Анаң – күнің, жүрегің, Әкең – өмір тірегің,<br>Сен бақытты ұлансың, Бәрі саған қуансын!<br>Балалар шеңбер бойына тұрып, өлең жолдарын қайталайды.<br>**2. Негізгі кезең** ***Тосынсый.*** Қонаққа қуыршақ Сәуле келеді.<br>Балалармен амандасады.<br>Балалар, сендер ертегі тыңдағанды ұнатасыңдар ма? Балалар, қуыршақ Сәуле бүгін бізге сыйлық алып келіпті «Қасқыр мен жеті лақ» ертегісін.<br>Мен сендерге ертегіні оқып берейін, ал сендер мұқият тыңдаңдар.<br>**Қасқыр мен жеті лақ**<br>Ертеде бір ешкінің жеті лағы болыпты. Біреуі қара, қалғандары ақ лақ екен. | | **Тақырыбы:** Әңгімелеу. (Көлемі әртүрлі екі бірдей ойыншықты<br>сипаттап, әңгімесін құру)<br>**Міндеттері:**<br>а) Көлемі әртүрлі екі бірдей ойыншықты сипаттап айтуды, жай және құрмалас сөйлемдерді қолданып, өз ойларын тиянақты жеткізе білуге үйрету және әңгіме құрай білу дағдыларын дамыту.<br>ә) Балалардың тіл байлығын, еркін қарым-қатынас дағдысын дамыту.<br>б) Балаларды отбасын сыйлауға, достыққа, туған жерін, елін, Отанын сүюге тәрбиелеу.<br>**1. Ұйымдастыру кезеңі** Ғажайып сәт. Қонаққа екі қуыршақты алып келу.<br>**2. Негізгі кезең** – Балалар, ең алдымен бізге қонақ келсе не істейміз? ( Амандасамыз). – Балалар, амандасудың да көптеген түрлері бар? ( Сәлеметсіз бе?, аман-есенсіз бе?, сәлем, ассалаумағалейкум т.б.) – Ендеше, біз екі қонағымызды төрге шығарайық. – Балалар, екі қыз апалы-сіңілі екен. Яғни екеуі де бір үйдің қызы екен. Енді осы екі қызға қарап отырып, шағын әңгіме құрайық.<br>**Әңгіме:** «Айгөлек пен Айгүл» Бір үйде Айгүл деген қыз болыпты. Айгүлдің ақ түсті көйлегі, қызыл камзолы, басында әдемі құндызды бөркі болыпты.<br>Логопед: Иә, яғни Айгүл қазақтың ұлттық киімін киіп алыпты. Қараңдаршы қандай әдемі? Сендерде қазақтың ұлттық киімін кигенді ұнатасыңдар ма? – Әрине. – Біздің ұлтымыз қалай аталушы еді? | **Тақырыбы**: «Т» дыбысы<br>Міндеттері:<br>- дыбысты жеке тұрған күйінде айтқызу;<br>- буында айтқызу (ашық, жабық буында, ортасында);<br>- сөзде айтқызу (дыбыс сөздің басында, ортасында болу керек);<br>- сөйлемде айтқызу.<br>**ҰІӘ барысы:**<br>. Суретпен жұмыс:<br>— Кімнің суреті? Не байқадыңдар?<br>— Тау.<br>— «Тау» сөзінің басында қандай дыбыс естіледі?<br>Тт — дауыссыз дыбыс.<br>**Плакатты суреттермен жұмыс: «Т» дыбысынан басталатын (бейнелер) заттар**<br>в) «Т» дыбысына буындар қайталату: -та; -то; -ту; -ти.<br>ә) тай, тас, тос, тон т. б.<br>а) Сөздерді буынға бөліп неше буын барын анықта «Тор-сық, тоқылдақ, тарақ, тауық, торғай... буынға бөлгізу.<br>- Торғайдың суретін көрсету. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Орманда қасқыр жүр. Мен келгенде «Шырақтарым, лақтарым, аналарың келді, сүт әкелді» деп әндетемін. Осы кезде терезе сыртында тұрған қасқыр оның сөзін естіп қалады. Ешкі кетісімен, қасқыр есікті қағып, өзінің жуан дауысымен оның әнін айтады. Бірақ лақтар оның бөтен дауыс екенін біліп, есікті ашпайды. Қасқыр саудагерге барып, бор сатып алды. Бордың бір кесегін жегенде даусы аздап жіңішкерді. Осы даусымен ән айтып еді, лақтар тағы алданбады. Қасқыр ұстаға барып, өзіне тамақ жасатып алды – даусы ешкінікі сияқты жіңішке болып шықты. Бірақ жаңа даусының да көмегі болмады – лақтар аяғын көріп қойып, ашпай қойды. Қасқыр жылдам наубайға барып, аяғына себетін ұн сатып алды. Қасқыр есік алдына қайтып келді, ақ аяғын лақтарға көрсете созып тұрып, әнге басты: - Шырақтарым, лақтарым, аналарың келді, сүт әкелді. Қорықпаңдар, есік ашыңдар! Лақтар сеніп қалып, есік ашты! Қасқыр үйге кіріп келгенде лақтар жан-жаққа қашып, тығылып қалды. Қасқыр олардың бәрін де тауып, жеп қойды. Тек біреуін ғана байқамай қалды, ол сағаттың артына тығылған еді. Қарны тойған қасқыр ағаш көлеңкесіне жата кетіп, ұйқыға кірісті. Ұзамай ешкі үйіне оралды. Есікті итерсе, есік ашық тұр. Ешкі үйге кіріп, лақтарын шақырады. Аман қалған лақ қарсы шығып, болған жайды айтып береді. Ешкі мен лағы үйдің артына шығып қараса, қасқыр көгалда шалқасынан түсіп қорылдап жатыр екен. Ешкі мүйізімен қасқырдың қарнын жарып жібергенде алты лақ шыға келеді. Бәрі де аман-есен. Ешкі мен лақтардың қуанышында шек болмады. Қасқыр оянбай тұрғанда ешкі оның қарнын таспен толтырып, қайта тігіп қойды. Шөлдеген қасқыр су ішпек болып құдыққа барады. Сол кезде ішіндегі ауыр тастар оны төмен тартып, қасқыр құдыққа құлайды да, батып кетті.<br>*Сөздік жұмыс:* лақ, ешкі - үй жануары.<br>*Сергіту сәті.* (Үнтаспадан тыңдатып, қимылдар жасату) Шөре, шөре, шөлдедің бе, лағым? | Орманға баруға жиналған ешкі лақтарын шақырып алып, ақылын айтады: - Шырақтарым, ешкімге есік ашпаңдар. Орманда қасқыр жүр. Мен келгенде «Шырақтарым, лақтарым, аналарың келді, сүт әкелді» деп әндетемін. Осы кезде терезе сыртында тұрған қасқыр оның сөзін естіп қалады. Ешкі кетісімен, қасқыр есікті қағып, өзінің жуан дауысымен оның әнін айтады. Бірақ лақтар оның бөтен дауыс екенін біліп, есікті ашпайды. Қасқыр саудагерге барып, бор сатып алды. Бордың бір кесегін жегенде даусы аздап жіңішкерді. Осы даусымен ән айтып еді, лақтар тағы алданбады. Қасқыр ұстаға барып, өзіне тамақ жасатып алды – даусы ешкінікі сияқты жіңішке болып шықты. Бірақ жаңа даусының да көмегі болмады – лақтар аяғын көріп қойып, ашпай қойды. Қасқыр жылдам наубайға барып, аяғына себетін ұн сатып алды. Қасқыр есік алдына қайтып келді, ақ аяғын лақтарға көрсете созып тұрып, әнге басты: - Шырақтарым, лақтарым, аналарың келді, сүт әкелді. Қорықпаңдар, есік ашыңдар! Лақтар сеніп қалып, есік ашты! Қасқыр үйге кіріп келгенде лақтар жан-жаққа қашып, тығылып қалды. Қасқыр олардың бәрін де тауып, жеп қойды. Тек біреуін ғана байқамай қалды, ол сағаттың артына тығылған еді. Қарны тойған қасқыр ағаш көлеңкесіне жата кетіп, ұйқыға кірісті. Ұзамай ешкі үйіне оралды. Есікті итерсе, есік ашық тұр. Ешкі үйге кіріп, лақтарын шақырады. Аман қалған лақ қарсы шығып, болған жайды айтып береді. Ешкі мен лағы үйдің артына шығып қараса, қасқыр көгалда шалқасынан түсіп қорылдап жатыр екен. Ешкі мүйізімен қасқырдың қарнын жарып жібергенде алты лақ шыға келеді. Бәрі де аман-есен. Ешкі мен лақтардың қуанышында шек болмады. Қасқыр оянбай тұрғанда ешкі оның қарнын таспен толтырып, қайта тігіп қойды. Шөлдеген қасқыр су ішпек болып құдыққа барады. | | (*Ұлтымыз қазақ, қазақ жерінде тұрамыз*). – *Ал біз қандай Республикада тұрамыз? (Қазақстан Республикасында тұрамыз)*. – Біздің жеріміз қандай? (*Біздің жеріміз үлкен, кең-байтақ*).<br>– Біз туған жерімізді, Отанымызды *жақсы көреміз бе? (Әрине, жақсы көреміз, себебі біз осы жерде туылғанбыз)*. – Біздің жерімізде басқа ұлт өкілдері тұрады. Олар қандай ұлт өкілдері? Балалар: орыс, татар, кәріс, ұйғыр, өзбек, қырғыз т.б. – Біз барлық ұлт өкілдерімен бірге тату-тәтті өмір сүріп жатырмыз. – Ал енді балалар, бізге келген екі қуыршақ қызды әңгімелейік. Айгүлдің шашы қандай екен? (Айгүлдің шашы қара, бұйра, қолаң және ұзын болып өрілінті).<br>Көздері дөңгелеңген, қиғаш қасы, қыр мұрынды, әлемі ауылы болыпты. Ол үнемі өзінің қасынан сіңлісін тастамайтын қыз екен. Оның сіңлісінің есімі – Айгөлек.<br>Балалар сендер халық әні: «Айгөлек» әнін білесіңдер ме? **Сергіту жаттығуы: «Айгөлек»**<br>Айгөлек-ау, айгөлек Айдың жүзі дөңгелек.<br>Айдай туған кезімде, Би, билейміз дөңгелеп.<br>(Балалар, сергіту сәтін өлең шумағының ырғағымен қимыл-қозғалыс арқылы орындайды). – Балалар, енді сендер Айгөлек пен Айгүлдің ауылына барғыларың келеді ме? Балалар: әрине барғымыз келеді. – Ендеше барлығымыз көз жұмамыз.<br>Балалар көз жұмып, көз алдарына қысқы ауылды елестетеді.<br>**Көз жұму әдісі:** Қысқы ауыл бейнесін елестету. (Ыңғайы келсе, әуен арқылы орындалса). – Балалар, елестеттіңдер ме? Балалар: Қыс мезгілінде уілдеген боран даусы шығады. Ууууууууууууууу – Иә, уілдейді. Айгөлек пен Айгүлдің отбасында атасы, әжесі, ағасы, жеңгесі, әпкелері, інілері бар екен. Сонда олар үлкен отбасылы ма? Әлде кіші отбасылы ма? Балалар: Олар үлкен отбасылы екен.<br>**Тақпақ:** «Отбасы»<br>Анаң – күнің, жүрегің, Әкең – өмір тірегің.<br>Әжең – асыл ардағың, Атаң – дана қорғаның.<br>Ағаң – қамқор асқарың, Інің – мөлдір аспаның.<br>(М.Қуанышбеков) (Әдісі: отбасы мүшелерінің суреттерін көрсету арқылы тақпақты жаттату).<br>Балалар тақпақты логопед соңынан қайталап отыру арқылы, жаттап алады.<br>**3.Қорытынды кезең (рефлексия)**<br>Логопед балаларды отбасы мүшелерін сыйлауға, | Торғай, торғай, торғайсың,<br>Тауу келіп қонғайсың.<br>*Жем шашайын тойып-ал,*<br>Сонда азға толғайсың.<br>- Сергіту сәтімен жалғастыру<br>- *Қорытынды*<br>Торғайдың суретін салғызу |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Сонша неге елеңдейді құлағың?<br>Қойшы, лағым, әлде қарның ашты ма?<br>Сен жыласаң, менің де келер жылағым.<br>Демонстрациялық материал. Суретпен жұмыс.<br>*Сұрақ-жауап* арқылы балаларды жетелеу: – Ертегіде қандай кейіпкерлер кездесті? – Анасы лақтарға не айтты? – Анасы қайда кетті? – Қасқыр қандай аң? - Қасқырдың дауысын келтіре аласыңдар ма?<br>*«Қасқыр мен жетті лақ» – сахналау ойыны.* Мақсаты: мәнерлеп айтуға, байланыстырып сөйлеуге жаттықтыру.<br>Ойын шарты: Балаларды рөлге бөліп ойнату.<br>Бір бала қасқыр, қалған балалар лақтар.<br>**3. Рефлексия** Логопед қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды. Қуыршақ Сәуле балалармен қоштасады. | Сол кезде ішіндегі ауыр тастар оны төмен тартып, қасқыр құдыққа құлады да, батып кетті.<br>*Сөздік жұмыс:* лақ, ешкі - үй жануары.<br>*Сергіту сәті.* (Үнтаспадан тыңдатып, қимылдар жасату) Шөре, шөре, шөлдедің бе, лағым?<br>Сонша неге елеңдейді құлағың?<br>Қойшы, лағым, әлде қарның ашты ма?<br>Сен жыласаң, менің де келер жылағым.<br>Демонстрациялық материал. Суретпен жұмыс.<br>*Сұрақ-жауап* арқылы балаларды жетелеу: – Ертегіде қандай кейіпкерлер кездесті? – Анасы лақтарға не айтты? – Анасы қайда кетті? – Қасқыр қандай аң? - Қасқырдың дауысын келтіре аласыңдар ма?<br>*«Қасқыр мен жетті лақ» – сахналау ойыны.* Мақсаты: мәнерлеп айтуға, байланыстырып сөйлеуге жаттықтыру.<br>Ойын шарты: Балаларды рөлге бөліп ойнату.<br>Бір бала қасқыр, қалған балалар лақтар.<br>**3. Рефлексия** Логопед қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды.<br>Қуыршақ Сәуле балалармен қоштасады. | | тату-тәтті болуға шақыра отырып, оқу іс әрекетін қорытындылайды. Балаларды мадақтау | | |

30.01.23

**Логопедтің түзете-дамыту жұмысының апталық циклограммасы. 2022-2023 оқу жылы**

**Қаңтар айы V апта**

| Дүйсенбі<br>30.01 | Сейсенбі<br>31.01 | Сәрсенбі<br>1.02 | Бейсенбі<br>2.02 | Жұма<br>3.02 |
|---|---|---|---|---|
| Топтық сабақ: Арнайы түзете білім беру<br>**«Сөйлеуді дамыту»**<br>(9.00-9.20) | Топтық сабақ: Арнайы түзете білім беру<br>**«Сөйлеуді дамыту»**<br>(9.00-9.20) | Жеке түзету сабақ<br>9.00-12.10 | Топтық сабақ: Арнайы түзете білім беру<br>**«Сөйлеуді дамыту»**<br>(9.00-9.30) | Топтық сабақ: Арнайы түзете білім беру<br>**«Дыбыс айту»**<br>(9.30-9.55) |
| Жеке<br>түзету сабақ<br>9.25-12.10 | Жеке түзету сабақ<br>(9.25-12.10) | | Жеке түзету сабақ<br>9.25-12.10 | Жеке түзету сабақ<br>(10.00-12.10) |
| Топтық сабақ: Арнайы түзете білім беру **«Сөйлеуді дамыту»** (9.00-9.20) | Топтық сабақ: Арнайы түзете білім беру **«Сөйлеуді дамыту»** (9.00-9.20) | Жеке түзету сабақ 9.00-12.10 | Топтық сабақ: Арнайы түзете білім беру **«Сөйлеуді дамыту»** (9.00-9.30) | Топтық сабақ: Арнайы түзете білім беру **«Дыбыс айту»** (9.30-9.55) |
| Жеке түзету сабақ 9.25-12.10 | Жеке түзету сабақ (9.25-12.10) | | Жеке түзету сабақ 9.25-12.10 | Жеке түзету сабақ (10.00-12.10) |
| **Тақырыбы:** «Шалқан» орыс халық ертегісі<br>**Мақсаты:** «Шалқан» ертегісімен таныстыру.<br>**Міндеттері:** Балаларды әдеби кейіпкерлердің бейнесімен таныстырып, қарапайым түрде бейнелету. Балалардың ой-өрісін, тілдерін дамыту. Ойлау қабілетін дамыту. Қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>**ҮІӘ барысы**<br>1. **Ұйымдастыру кезеңі** *Шаттық шеңбері* Бір шаңырақ астында Тату-тәтті тұрамыз.<br>Бірге ішеміз асты да, Бірге сайран құрамыз.<br>**2. Негізгі кезең** *Тосынсый.* Қонаққа қуыршақ Сәуле келеді.<br>Балалармен амандасады.<br>Балалар, сендер ертегі тыңдағанды ұнатасыңдар ма? Қуыршақ Сәуле бүгін бізге сыйлық алып келіпті. «Шалқан» ертегісін.<br>Ертегіні саусақ театры арқылы көрсете отырып, мазмұнын ашу.<br>Шалқан<br>Баяғы бір заманда шал мен кемпір болыпты. Олардың бақшасы бар екен. Бірде шал шалқан отырғызады. Шалқан үп-үлкен боп өседі. Бір күні шал шалқанды жерден суырып алмақшы болады. Ары тартады, бері тартады. Бірақ шалқанды шығара алмайды.<br>Шал көмекке кемпірін шақырады. Кемпір шалдан, шал шалқаннан ұстап, | **Тақырыбы:** «Шалқан» орыс халық ертегісі<br>**Мақсаты:** «Шалқан» ертегісімен таныстыру.<br>**Міндеттері:** Балаларды әдеби кейіпкерлердің бейнесімен таныстырып, қарапайым түрде бейнелету. Балалардың ой-өрісін, тілдерін дамыту. Ойлау қабілетін дамыту. Қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>**ҮІӘ барысы**<br>1. Ұйымдастыру кезеңі *Шаттық шеңбері* Бір шаңырақ астында Тату-тәтті тұрамыз.<br>Бірге ішеміз асты да, Бірге сайран құрамыз.<br>2. Негізгі кезең *Тосынсый.* Қонаққа қуыршақ Сәуле келіп кешегі айтып берген ертегісін кім қайталап айтып бере алатындығын сұрайды.<br>(Балалармен амандасады)<br>«Шалқан» ертегісін (балалардың айтуы бойынша тыңдайды)<br>Ертегіні саусақ театры арқылы көрсете отырып, мазмұнын ашу.<br>Шалқан<br>Баяғы бір заманда шал мен кемпір болыпты. Олардың бақшасы бар екен. Бірде шал шалқан отырғызады. Шалқан үп-үлкен боп өседі. Бір күні шал шалқанды жерден суырып алмақшы болады. Ары тартады, бері тартады. Бірақ шалқанды шығара алмайды.<br>Шал көмекке кемпірін шақырады. Кемпір шалдан, шал шалқаннан ұстап, | | **Тақырыбы:** Ертегіде қонақта.<br>(Таныс ертегілерді қойылымдық жабдықтары арқылы әңгімелеу)<br>**Мақсаты**: Ертегі мазмұнын әңгімелей білу дағдыларын дамыту.<br>**Міндеттері:**<br>а) Балаларды сурет бойынша, өздеріне таныс ертегілердің мазмұнын қысқаша баяндай білуге үйретуді жалғастыру. Сөздік қорларын сөйлеу барысында қолдана білулерін белсендіру.<br>ә) Балалардың айтылған ойды тыңдауға және ұғынуға, әңгімеге араласып, сұрауға және сұраққа жауап беру біліктерін дамытуды жалғастыру, ертегіге қызығушылығын арттыру.<br>б) Үлкенге, кішіге көмек бере білуге тәрбиелеу.<br>**ҮІӘ барысы: 1. Ұйымдастыру кезеңі Шаттық шеңбері:** Әнмен көңіл күйлерін көтеру<br>**2.Негізгі кезең Ғажайып сәт**: Ортаға ғажайып текшені алып келу. – Балалар, бұл не? (Текше) – Балалар, анықтап қарасақ, текшенің бетінде әртүрлі ертегі кейіпкерлерінің суреттері бар.<br>**Дидактикалық ойын:**«Ғажайып текше!»<br>**Шарты**: Шеңбер болып тұрамыз, ортаға текше тасталынады. Текшеде қандай кейіпкер суреті түссе, сол ертегі жайында айтып береміз.<br>Мысалы: текшеден ата, әже, қыз, ит, мысық, тышқан суреті кездесті делік. Бұл ертегінің аты қалай? – Бұл «Шалқан» ертегісі. (Ертегі мазмұнын әңгімелейді). – Содан соң атай не істепті? Келесі баладан жалғасын сұрайды.<br>– Одан кейін олар кімді шақырды? – Сонымен шалқанды қалай жұлып алды? – Жақсы, сонда кішкентай тышқан қандай болыпты? Кәне, | **Тақырыбы**: «Ж» дыбысы<br>- дыбысты жеке тұрған күйінде айтқызу;<br>- буында айтқызу (ашық, жабық буында, ортасында);<br>- сөзде айтқызу (дыбыс сөздің басында, ортасында, аяғында болу керек);<br>- сөйлемде айтқызу.<br>**ҮІӘ барысы:**<br>Балаларға алдымен тыныс және артикуляциялық жаттығуларды орындату.<br>*Жұмбақ жасыру*<br>Үстім жолақ<br>Тісім – орақ<br>Күшім мол – ақ<br>Барып тұрған қайсармын.<br>Өзің айтшы, қайсы аңмын. (Жолбарыс)<br>-Жолбарыс сөзінде басында қандай дыбыс естиміз<br>-Ж дыбысын<br>-Олай болса бүгінгі ҮІӘ -де Ж ж дыбысымен танысамыз (Ж ж дыбысы туралы мәлімет беру) Ж дыбысы тіл алдының таңдайға жуықтауынан жасалатын дауыссыз дыбыс.<br>Жаңа буындармен таныстыру, оларды хормен айту ЖА ЖО ЖУ,ЖЫ,ЖІ,ЖҮ,ЖҮ<br><br>*Мимикалық гимнастика.*<br>Көзімізді ашып-жұмамыз |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| ары тартады, бері тартады. Бірақ орнынан қозғалта да алмайды.<br>Кемпір көмекке немере қызын шақырады. Немересі кемпірден, кемпір шалдан, шал шалқаннан ұстап, ары тартады, бері тартады. Тағы да суырып шығара алмайды.<br>Немере қызы итін шақырады. Ит қыздың етегінен, немересі кемпірден, кемпір шалдан, шал шалқаннан ұстап, ары тартады, бері тартады. Шалқанды суыра алмайды. Енді ит көмекке мысықты шақырады. Мысық иттің құйрығынан, ит қыздың етегінен, немересі кемпірден, кемпір шалдан, шал шалқаннан ұстап, ары жұлқиды, бері жұлқиды. Шалқан шықпайды.<br>Мысық тышқанды шақырады. Тышқан келіп мысықтың құйрығынан, мысық иттен, ит немересінің етегінен, қыз кемпірден, кемпір шалдан, шал шалқаннан ұстайды. Олар тарта-тарта ақыры шалқанды суырып шығарады.<br>*Сөздік жұмыс:* шалқан *Сергіту сәті.*<br>Тербеледі ағаштар, Алдымыздан жел соғып, Кіп-кішкентай ағаштар.<br>Үп -үлкен боп өседі.<br>*Сұрақ-жауап.*<br>– Қандай кейіпкерлерді естеріңде сақтадыңдар? – Ата көмекке кімді шақырды? *Әжені* – Әже көмекке кімді шақырды? *Немересін* – Немересі кімді шақырды? *Күшікті* – Күшік кімді шақырды? *Мысықты* – Мысық кімді шақырды? *Тышқанды* – Сонымен бәрі бірігіп не істеді? *Шалқанды жұлып алды*<br>Ойын: «Қай кейіпкер жоқ?»<br>Шарты: Балалар көздерін жұмған сәтте бір кейіпкерді алып тастау (есте сақтау қабілеттерін дамыту)<br>**3. Рефлексия** *Логопед* қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды. Қуыршақпен қоштасу. | ары тартады, бері тартады. Бірақ орнынан қозғалта да алмайды.<br>Кемпір көмекке немере қызын шақырады. Немересі кемпірден, кемпір шалдан, шал шалқаннан ұстап, ары тартады, бері тартады. Тағы да суырып шығара алмайды.<br>Немере қызы итін шақырады. Ит қыздың етегінен, немересі кемпірден, кемпір шалдан, шал шалқаннан ұстап, ары тартады, бері тартады. Шалқанды суыра алмайды. Енді ит көмекке мысықты шақырады. Мысық иттің құйрығынан, ит қыздың етегінен, немересі кемпірден, кемпір шалдан, шал шалқаннан ұстап, ары жұлқиды, бері жұлқиды. Шалқан шықпайды.<br>Мысық тышқанды шақырады. Тышқан келіп мысықтың құйрығынан, мысық иттен, ит немересінің етегінен, қыз кемпірден, кемпір шалдан, шал шалқаннан ұстайды. Олар тарта-тарта ақыры шалқанды суырып шығарады.<br>*Сөздік жұмыс:* шалқан<br>*Сергіту сәті.*<br>Тербеледі ағаштар, Алдымыздан жел соғып, Кіп-кішкентай ағаштар.<br>Үп -үлкен боп өседі.<br>*Ойын тапсырмасы: «Кейіпкерлерді ретіңізін сақтап орнына қой» (немесе кіммен кейін кім тұратынын анықта)*<br>– Ендеше, балалар, кейіпкерлердің атрибуттарын киіп, ертегіні сахналайық. Логопед балаларды рөлдерге бөліп, көмектеседі. Балалар сахналайды. 3. Рефлексия Логопед қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды. Қуыршақпен қоштасу. | | тышқанның дыбысын салайықшы<br>**« Ертегі кейіпкерлерінің кезекпен тұру ретін сызық арқылы қос»** тапсырмасын орындау. –<br>Балалар, ертегіде атайға барлығы көмектесіпті. Ал сендер үйде үлкендерге көмек бересіңдер ме?<br>**Сергіту сәті.**<br>Орнымыздан тұрайық, Қолды белге қояйық. Бұрыламыз оңға бір, Бұрыламыз солға бір, 1,2,3 (мұрынмен дем алып) Демімізді алайық.<br>**3.Қорытынды кезең (рефлексия)** Ертегі мазмұнын кез келген жерінен жалғастырып кетуге дайын отыруға ұсыныс білдіре отырып, ұйымшылдыққа, достыққа, бірлікке бағыттау. | (қатты-жай)<br>Еріннізді түтікше тәрізді алға қарай созамыз *«Жымию»*<br>-Кәнекей балалар « ж » дыбысын дауыстайық.<br>*-Ж-ж-ж-ж*<br>Барлығы бірге «Ж ж» дыбысын қайталап айтады.<br>-«Ж» дауыссыз дыбыс (балалар қайталайды)<br>-«Ж ж» дыбысынан басталатын сөздерді атаңдаршы (логопед тақтаға плакатты сурет іліп қояды)<br>-Жалау, жуа, жолбарыс, жіп,жүгері, жұлдыз, жаңғақ, жанбыр... т.б.<br>-Жарайсыңдар, енді сөздерді буынға бөлейікші.<br>Жа-лау, жаң-быр, жол-ба-рыс.., т.б.<br>Сергіту жаттығуы:<br>Аяқпенен топ, топ, топ<br>Алақанды соқ, соқ, соқ<br>Бір оңға, бір солға<br>Айналамыз кел мұнда!<br>***«Сиқырлы буын» ойын.***<br>***Шарты:*** сөздің алғашқы буын логопед айтады, екінші буынын суретке қарап балалар тауып айтуы тиіс. Мысалы: жол-ба-рыс, жу-а, жұл-дыз, т.б. Балаларды мадақтау |

2.05.23

**Логопедтің түзете-дамыту жұмысының апталық циклограммасы. 2022-2023 оқу жылы**
**Мамыр айы 1 апта**

| Дүйсенбі<br>1.05 | Сейсенбі<br>2.05 | Сәрсенбі<br>3.05 | Бейсенбі<br>4.05 | Жұма<br>5.05 |
|---|---|---|---|---|
| Топтық сабақ: Арнайы түзете білім беру **«Сөйлеуді дамыту»**<br>(9.00-9.20) | Топтық сабақ: Арнайы түзете білім беру **«Сөйлеуді дамыту»**<br>(9.00-9.20) | Жеке түзету сабақ<br>9.00-12.10 | Топтық сабақ: Арнайы түзете білім беру **«Сөйлеуді дамыту»**<br>(9.00-9.30) | Топтық сабақ: Арнайы түзете білім беру **«Дыбыс айту»**<br>(9.30-9.55) |
| Жеке түзету сабақ<br>9.25-12.10 | Жеке түзету сабақ<br>(9.25-12.10) | | Жеке түзету сабақ<br>9.25-12.10 | Жеке түзету сабақ (10.00-12.10) |
| | **Тақырыбы:** Арыстан күшігін асыраған мысық (ертегі)<br>**Міндеттері:** а) Ертегіні тыңдай білуге, оны мазмұндауды үйретуді жалғастыру. ә) Кейіпкерлердің өзара сөйлесуін көркем түрде қолдану арқылы ертегінің ішкі сырын, айтылу керек ой-түйсігін, мән-мағынасын бұзбай байланыстыра баяндай білуге үйретуді дамытуды жалғастыру, ертегіге деген қызығушылығын арттыру. б) Бір-біріне деген бауырмалдық, жанашырлық сезімдерін ояту, жақсылық жасауға тәрбиелеу.<br>**ҮІЭ барысы: 1. Ұйымдастыру кезеңі**<br>Балаларға бүгін ертегі тыңдайтынын, ертегі аң патшасы арыстанның күшігі мен өздері жақсы білетін мысық туралы екенін айтып, арыстан күшігі мен мысықтың қандай жануарлар екендігі жайлы әңгімелесу. **2.Негізгі кезең Ертегі оқылады:** «Арыстан күшігін асыраған Мысық». Бір Мысық қаңғырып жүріп, анасы өліп қалған Арыстанның күшігіне кез болады. Мысық күшікті бауырына басып, еміздіп асырайды. Арыстан өсіп, азулы жыртқыш аң болып, өз азығын өзі табатын халге жетеді. Бір күні ашыққан Арыстан өзін асыраған Мысықты жемек болады. Мысық оның бұл ойын сезіп, өрмелеп ағашқа шығып кетеді. Сонда Арыстан тұрып: – О, менің ақ сүтін емізген асыраушым. Маған сен туған | | **Тақырыбы:** Арыстан күшігін асыраған мысық (ертегі)<br>**Міндеттері:** а) Ертегіні тыңдай білуге, оны мазмұндауды үйретуді жалғастыру. ә) Кейіпкерлердің өзара сөйлесуін көркем түрде қолдану арқылы ертегінің ішкі сырын, айтылу керек ой-түйсігін, мән-мағынасын бұзбай байланыстыра баяндай білуге үйретуді дамытуды жалғастыру, ертегіге деген қызығушылығын арттыру. б) Бір-біріне деген бауырмалдық, жанашырлық сезімдерін ояту, жақсылық жасауға тәрбиелеу.<br>**ҮІЭ барысы: 1. Ұйымдастыру кезеңі**<br>Балаларға бүгін ертегі тыңдайтынын, ертегі аң патшасы арыстанның күшігі мен өздері жақсы білетін мысық туралы екенін айтып, арыстан күшігі мен мысықтың қандай жануарлар екендігі жайлы әңгімелесу. **2.Негізгі кезең Ертегі оқылады:** «Арыстан күшігін асыраған Мысық». Бір Мысық қаңғырып жүріп, анасы өліп қалған Арыстанның күшігіне кез болады. Мысық күшікті бауырына басып, еміздіп асырайды. Арыстан өсіп, азулы жыртқыш аң болып, өз азығын өзі табатын халге жетеді. Бір күні ашыққан Арыстан өзін асыраған Мысықты жемек болады. Мысық оның бұл ойын сезіп, өрмелеп ағашқа шығып кетеді. Сонда Арыстан тұрып: – О, менің ақ сүтін емізген асыраушым. Маған сен туған анамдай ыстықсың. Бүкіл қылықтарды үйреткенде ағашқа өрмелеуді неге үйретпегенсің? – дейді. – Қысылғанда керек болар дегенім еді, – депті сонда Мысық. | **Тақырыбы:** «Ю» дыбысы - дыбысты жеке тұрған күйінде айтқызу;<br>- сөзде айтқызу (дыбыс сөздің басында және сөз аяғында болу керек);<br>- сөйлемде айтқызу.<br>**ҮІЭ барысы:**<br>Балаларға алдымен тыныс және артикуляциялық жаттығуларды орындату.<br>**Жұмбақ шешу:**<br>Қыс бойына жатады.<br>Тәтті ұйқыға батады. (Аю)<br>Аюдың суретін тақтаға іліп қою.<br>Аю - жыртқыш аң. Денесі ірі.<br>Аюлар тіршілік ететін ортаға бейімделеді.<br>Ақ аю, қоңыр аю болып бөлінеді.<br>Аюлар қыста ұйқыға кетеді.<br>Көктем шыға қысқы ұйқыларынан оянады.<br>Ю дыбысы дауысты дыбыс.<br>Орыс тілінен енген.<br>Екі дыбыстан құралған. Қазақ тілінде ю дыбысынан басталатын сөз жоқ. Ю дыбысы көбіне сөздердің соңында келеді.<br>**«Менімен бірге қайтала» тапсырмасы бойынша буындар қайталайық:** аю, ою, |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | анамдай ыстықсың. Бүкіл қылықтарын үйреткенде ағашқа өрмелеуді неге үйретпегенсің? – дейді. – Қысылғанда керек болар дегенім еді, – депті сонда Мысық.<br>**Дамытушы сұрақтар:** – Мысық нені күшігін кездестірді? – Арыстан күшігінің анасы жоқ болғандықтан, Мысық оған қандай көмек көрсетеді? – Арыстан күшігі үлкен болып өскеннен кейін қандай іс-әрекетін, мінезін көрсетеді. – Оны біліп қойған Мысық не істейді? – Сол кезде Арыстан Мысыққа не дейді? – Сонда Мысық не деп жауап береді?<br>Жақсылықты жақсылықпен қайтару керектігін балалар санасына құю. – Арыстанның жасаған іс-әрекеті дұрыс деп ойлайсыңдар ма?<br>Сендер Арыстан күшігінің орнына болғанда не істеуші едіңдер?<br>Арыстан мен мысықтың қандай дауыс шығаратынын сұрай отырып, мысық туралы сергіту жаттығуын жасату.<br>**Сергіту жаттығуы: Мысығым**<br>Құйрығын қуып ойнайды, Қума десем қоймайды.<br>Шыр көбелек айналсам, Жетемін деп ойлайды.<br>Піш-піш десем келе ғой, Айтқаныма көне ғой, Шақырғанда «піш-піш» деп, «Мияу», – деп дыбыс бере ғой. (А. Меңжанова)<br>**Ойын:** «Төлдердің анасын табуға көмектес»<br>**3.Қорытынды кезең (рефлексия)**<br>Балалардан қандай ертегі тыңдағандарын, ертегідегі кейіпкерлердің қайсысы ұнағанын, несімен ұнағанын және жағымсыз кейіпкердің қай қылығы ұнамағанын сұрап, «Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен» мақалымен қорытындылау.Балаларды мадақтау | | **Дамытушы сұрақтар:** – Мысық нені күшігін кездестірді? – Арыстан күшігінің анасы жоқ болғандықтан, Мысық оған қандай көмек көрсетеді? – Арыстан күшігі үлкен болып өскеннен кейін қандай іс-әрекетін, мінезін көрсетеді. – Оны біліп қойған Мысық не істейді? – Сол кезде Арыстан Мысыққа не дейді? – Сонда Мысық не деп жауап береді?<br>Жақсылықты жақсылықпен қайтару керектігін балалар санасына құю. – Арыстанның жасаған іс-әрекеті дұрыс деп ойлайсыңдар ма?<br>Сендер Арыстан күшігінің орнына болғанда не істеуші едіңдер?<br>Арыстан мен мысықтың қандай дауыс шығаратынын сұрай отырып, мысық туралы сергіту жаттығуын жасату.<br>**Сергіту жаттығуы: Мысығым**<br>Құйрығын қуып ойнайды, Қума десем қоймайды.<br>Шыр көбелек айналсам, Жетемін деп ойлайды.<br>Піш-піш десем келе ғой, Айтқаныма көне ғой, Шақырғанда «піш-піш» деп, «Мияу», – деп дыбыс бере ғой. (А. Меңжанова)<br>**Ойын:** «Төлдердің анасын табуға көмектес»<br>**3.Қорытынды кезең (рефлексия)**<br>Балалардан қандай ертегі тыңдағандарын, ертегідегі кейіпкерлердің қайсысы ұнағанын, несімен ұнағанын және жағымсыз кейіпкердің қай қылығы ұнамағанын сұрап, «Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен» мақалымен қорытындылау.Балаларды мадақтау | қою, құю<br>Мына суреттер бойынша «Қияр» «қоян» және «ұя» сөйлем құрайық.<br><br>«Ойлан тап»<br>1. Орман жануары Аю<br>2. Әуеде дау шарды үрдім де, Аузын байлап бүрдім де Төмен қарай сүйредім. Парашют.<br>3. Қатық (айран) қандай болады? Қою.<br>4. Апам сырмақты қалай сырған? Оюлап.<br><br>Балаларды мадақтау. |

12.05.23

**Логопедтің түзете-дамыту жұмысының апталық циклограммасы. 2022-2023 оқу жылы**
**Мамыр айы II апта**

| Дүйсенбі 8.05 | Сейсенбі 9.05 | Сәрсенбі 10.05 | Бейсенбі 11.05 | Жұма 12.05 |
|---|---|---|---|---|
| Топтық сабақ: Арнай түзете білім беру **«Сөйлеуді дамыту»** (9.00-9.20) | Топтық сабақ: Арнай түзете білім беру **«Сөйлеуді дамыту»** (9.00-9.20) | Жеке түзету сабақ 9.00-12.10 | Топтық сабақ: Арнай түзете білім беру **«Сөйлеуді дамыту»** (9.00-9.30) | Топтық сабақ: Арнай түзете білім беру **«Дыбыс айту»** (9.30-9.55) |
| Жеке түзету сабақ 9.25-12.10 | Жеке түзету сабақ (9.25-12.10) | | Жеке түзету сабақ 9.25-12.10 | Жеке түзету сабақ (10.00-12.10) |
| | | **Тақырыбы:** Қуыршақтың бөлмесі<br>**Міндеттері:**<br>а) Балаларды жиһаздардың атауын дұрыс атай білуге жаттықтыру, сөйлеу барысында зат есімдер мен сын есімдердің сандық және септеулік түрленуін<br>қолдана білуге баулу.<br>ә) Баланың ой-өрісін кеңейту, ойлау қабілетін дамыту, қарым- қатынас дағдыларын дамытуды жалғастыру.<br>б) Ұқыптылыққа, жинақтылыққа тәрбиелеу.<br>**ҮІӘ барысы:**<br>1. **Ұйымдастыру кезеңі** Амандасу. Іші ойыншыққа толы дорбаны балаларға көрсетіп: – Балалар, мына ғажайып дорбаға назар аударайық. Ішінде не бар екен?<br>**2.Негізгі кезең Ойын:** «Ғажайып дорба»<br>**Мақсаты**: балалардың сипап сезу қабілеттерін дамыту. Заттың атын атату.<br>**Шарты:** балалар кезекпен дорбаға қолдарын салып, ұстап, сипап көру арқылы заттың атын атайды.<br>**Мысалы:** Мұнда кішкентай ойыншық машина бар. Машинаны көбіне ер балалар ойнайды. Машинаның дөңгелектері болады. Машинаның түрлері көп. Олар жүк машинасы немесе жеңіл машина сияқты түрлері бар. | **Тақырыбы:** Қуыршақтың бөлмесі<br>**Міндеттері:**<br>а) Балаларды жиһаздардың атауын дұрыс атай білуге жаттықтыру, сөйлеу барысында зат есімдер мен сын есімдердің сандық және септеулік түрленуін<br>қолдана білуге баулу.<br>ә) Баланың ой-өрісін кеңейту, ойлау қабілетін дамыту, қарым- қатынас дағдыларын дамытуды жалғастыру.<br>б) Ұқыптылыққа, жинақтылыққа тәрбиелеу.<br>**ҮІӘ барысы:**<br>**1. Ұйымдастыру кезеңі** Амандасу. Іші ойыншыққа толы дорбаны балаларға көрсетіп: – Балалар, мына ғажайып дорбаға назар аударайық. Ішінде не бар екен?<br>**2. Негізгі кезең**<br>**Ойын:** «Ғажайып дорба»<br>**Мақсаты**: балалардың сипап сезу қабілеттерін дамыту. Заттың атын атату.<br>**Шарты:** балалар кезекпен дорбаға қолдарын салып, ұстап, сипап көру арқылы заттың атын атайды.<br>**Мысалы:** Мұнда кішкентай ойыншық машина бар. Машинаны көбіне ер балалар ойнайды. Машинаның дөңгелектері болады. Машинаның түрлері көп. Олар жүк машинасы немесе жеңіл машина сияқты түрлері бар.<br>**Жұмбақ шешкізу** Ағайынды төрт батыр, Көтергені бір шатыр. Ол не? (Үстел) – Балалар, ағайынды төрт батыр дегені төртеуі де бірдей ағайындылар секілді, үстелдің үстіңгі бөлігін тіреп тұрады екен. Оның үстіңгі бетін шатырға теңеп тұр. | **Тақырыбы:** **«Я» дыбысы** - дыбысты жеке тұрған күйінде айтқызу,<br>- сөзде айтқызу (дыбыс сөздің басында және сөз ортасында болу керек);<br>- сөйлемде айтқызу.<br>**ҮІӘ барысы:**<br>Балаларға алдымен тыныс және артикуляциялық жаттығуларды орындату.<br>Енді балалар біз «я» дыбысымен танысайық.<br>Я дыбысы дауысты дыбыс. Ол созылып айтылады. Бәріміз айтып көрейікші. Я дыбысы - дауысты дыбыс. Сөздің көбіне басы мен ортасында кездеседі. Орыс тілінен енген яхта сөзінде сөз басында кездеседі.<br>**«Жұмбақтар әлемі» ойлан тап!**<br>*Қолы жоқ, сурет салады*<br>*Тісі жоқ, тістеп алады.* (Аяз )<br>*Ақсақалды шал жымиып*<br>*Бір-ақ рет келіп-кетеді*<br>*Қызым менен ұлыма*<br>*Сыйлығын алып келеді.* (Аяз ата)<br>*Ұрлай-сұрлай жылатады*<br>*Әркім бірақ ұнатады.* (Пияз)<br>Есек құлақты,<br>Ешкі құйрықты,<br>Мысық аяқты,<br>Көрдім жүйрікті. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | **Жұмбақ шешкізу**<br>Ағайынды төрт батыр,<br>Көтергені бір шатыр<br>Ол не? (Үстел)<br>– Балалар, ағайынды төрт батыр деген төртеуі де бірдей ағайындылар сияқты, үстелдің үстіңгі бөлігін **тіреп тұрады** екен. Оның үстіңгі бетін шатырға теңеп тұр.<br>«Суреттегі заттарды ата. Олар не үшін керек?» тапсырмасын орындау.<br>**Сергіту жаттығуы:**<br>Жуын, жуын, жуынсақ,<br>Қандай жақсы қуыршақ!<br>Әйтпегенде, бөпешім,<br>Кірлеп кеткен екенсің,<br>Қазір аппақ боласың,<br>Қуанады анашың. (М. Жаманбалинов)<br>**Дидактикалық ойын:** «Суретшінің қателігін тап»<br>**Мақсаты:** Баланың ой-өрісін кеңейту, ойлау қабілетін дамыту.<br>**Ойын шарты:** берілген суреттегі заттың жетпей тұрған бөлігін бала тауып атауы тиіс<br>**3.Қорытынды кезең (рефлексия)** Үй жиһаздарының не үшін керек екендігін толығымен айтып жеткізуге ұсыныс білдіру, ойыншықтармен ұқыптылықпен ойнауға кеңес беру. | «Суреттегі заттарды ата. Олар не үшін керек?» тапсырмасын орындау.<br>**Сергіту жаттығуы:**<br>*Жуын, жуын, жуынсақ,*<br>Қандай жақсы қуыршақ!<br>Әйтпегенде, бөпешім,<br>Кірлеп кеткен екенсің,<br>Қазір аппақ боласың,<br>Қуанады анашың. (М. Жаманбалинов)<br>**Дидактикалық ойын:** «Суретшінің қателігін тап»<br>**Мақсаты:** Баланың ой-өрісін кеңейту, ойлау қабілетін дамыту.<br>**Ойын шарты:** берілген суреттегі заттың жетпей тұрған бөлігін бала тауып атауы тиіс<br>**3.Қорытынды кезең (рефлексия)** Үй жиһаздарының не үшін керек екендігін толығымен айтып жеткізуге ұсыныс білдіру, ойыншықтармен ұқыптылықпен ойнауға кеңес беру. | *(Кілем)*<br>**«Менімен бірге қайтала» тіл ұстарту жаттығуы**<br>*Я – я – я*<br>*Құстар ұшады ұя.*<br>*Ян – ян – ян*<br>*Секірген ақ қоян*<br>*Яз – яз – яз*<br>*Ащы екен пияз.*<br>Яр-яр-яр<br>бақшада пісті... (қияр)<br>Як-як-як<br>тез жүреді..... (як)<br>**Суретте не көріп отырсыңдар** (қияр, пияз, тақия, қоян, шаян, ұя, бояу...)<br>Сурет бойынша сөйлем құрайық ( қыздың есімі Баян, ұлдың есімі Аян)<br>Аянды пияз жылатты<br>Көзінен жасын бұлатты.<br>Баян суретті қарындашпен бояды...<br>**Қорытынды.** Логопед балалардан қандай дыбыспен танысқандары туралы сұрақтарға жауап алып қорытындылайды.<br><br>Балаларды мадақтау. |

**Логопедтің түзете-дамыту жұмысының апталық циклограммасы. 2022-2023 оқу жылы**

**Мамыр айы III апта**

| **Дүйсенбі 15.05** | **Сейсенбі 16.05** | **Сәрсенбі 17.05** | **Бейсенбі 18.05** | **Жұма 19.05** |
|---|---|---|---|---|
| Топтық сабақ: Арнайы түзете білім беру<br>**«Сөйлеуді дамыту»**<br>(9.00-9.20) | Топтық сабақ: Арнайы түзете білім беру<br>**«Сөйлеуді дамыту»**<br>(9.00-9.20) | Жеке түзету сабақ<br>9.00-12.10 | Топтық сабақ: Арнайы түзете білім беру **«Сөйлеуді дамыту»**<br>(9.00-9.30) | Топтық сабақ: Арнайы түзете білім беру<br>**«Дыбыс айту»**<br>(9.30-9.55) |
| Жеке түзету сабақ<br>9.25-12.10 | Жеке түзету сабақ<br>(9.25-12.10) | | Жеке түзету сабақ<br>9.25-12.10 | Жеке түзету сабақ (10.00-12.10) |
| **Тақырыбы:** Суреттеу бойынша тап<br>**Міндеттері:**<br>а) Балаларды заттар мен ойыншықтардың сипаттық бейнесін баяндау арқылы әңгімелеуге үйретуді жалғастыру, балалардың сөздік қорын ұлттық дүниелер атауымен байыту (сандық – әбдіре, малақай – тымақ, желпеуіш, жалған шаш, теңге сөздерінің мағынасын, қолдану аясын түсіндіру).<br>ә) Зат есімдерді сын есімдермен байланыстырып айта білу дағдыларын дамыту; сипаттау мәтінін құрай білуге үйрету, ауызша сөйлеуін дамыту.<br>б) Киімді күтіп киюге тәрбиелеу.<br>**ҮІӘ барысы:** 1. Ұйымдастыру кезеңі<br>Жұмбақ<br>Төртбұрышты, бір ауызды.<br>**2.Негізгі кезең** Демонстрациялық құралмен жұмыс (сандықтың суреті) Балалар назарын суреттегі сандыққа аударту, сандық туралы суретке қарап әңгімелеу керектігін айту. (Сандықтың пішінің, ою-өрнек түрлерін, оның ішіне не салуға болатынын).<br>Демонстрациялық құралмен жұмыс (малақай мен тымақ суреті) Балалар назарын малақай мен тымақ суретіне аудару. Суреттегі заттардың бір сөзбен қалай аталатынын және олар киімнің қай түріне жататынын, жасалуы, қай мезгілде киілетінін, олардың атауларын, қажеттілігін және олардың бір-бірінен айырмашылығы туралы сұралады. (Тымақ, малақай – мал, аң терісінен тігілетін қыстық бас киім. Төбесі биік, | **Тақырыбы:** Суреттеу бойынша тап<br>**Міндеттері:**<br>а) Балаларды заттар мен ойыншықтардың сипаттық бейнесін баяндау арқылы әңгімелеуге үйретуді жалғастыру, балалардың сөздік қорын ұлттық дүниелер атауымен байыту (сандық – әбдіре, малақай – тымақ, желпеуіш, жалған шаш, теңге сөздерінің мағынасын, қолдану аясын түсіндіру).<br>ә) Зат есімдерді сын есімдермен байланыстырып айта білу дағдыларын дамыту; сипаттау мәтінін құрай білуге үйрету, ауызша сөйлеуін дамыту.<br>б) Киімді күтіп киюге тәрбиелеу.<br>**ҮІӘ барысы:** 1. Ұйымдастыру кезеңі<br>Жұмбақ<br>Төртбұрышты, бір ауызды.<br>**2.Негізгі кезең** Демонстрациялық құралмен жұмыс (сандықтың суреті) Балалар назарын суреттегі сандыққа аударту, сандық туралы суретке қарап әңгімелеу керектігін айту. (Сандықтың пішінің, ою-өрнек түрлерін, оның ішіне не салуға болатынын).<br>Демонстрациялық құралмен жұмыс (малақай мен тымақ суреті) Балалар назарын малақай мен тымақ суретіне аудару. Суреттегі заттардың бір сөзбен қалай аталатынын және олар киімнің қай түріне жататынын, жасалуы, қай мезгілде киілетінін, олардың атауларын, қажеттілігін және олардың бір-бірінен айырмашылығы туралы сұралады. (Тымақ, малақай – мал, аң терісінен тігілетін қыстық бас киім. Төбесі биік, | | **Тақырыбы:** Күшік неге көңілсіз?<br>(Сурет бойынша әңгімелеу)<br>**Міндеттері:**<br>а) Балаларды сурет бойынша әңгіме құрауға үйрету.<br>ә) Тілдік қорын, ересектермен қарым-қатынасты дамыту.<br>б) Жануарларға қамқор бола білуге тәрбиелеу.<br>**ҮІӘ барысы: 1. Ұйымдастыру кезеңі** Жұмбақ жасырылады:<br>Адамға серік, Күзетке берік. (Ит) – Балалар, ит қандай жануар түріне жатады? – Иттің баласын не деп атаймыз? (Күшік) – Күшік қандай дыбыс шығарады? – Кәне, ендеше бәріміз күшік сияқты үрейікші (Әуп-әуп). **2.Негізгі кезең** *Демонстрациялық құрал* (Көңілсіз күшіктің сурет) – Балалар, суреттегі күшік туралы әңгімелейік. – Күшіктің көңіл күйі қандай? (Күшік кішкентай, сүйкімді, бірақ оның көңілсіз екенін суретке қарап көрсетеді). – Ол неліктен көңілсіз, жабырқаулы деп ойлайсыңдар? (Досын немесе | **Тақырыбы: «Р» дыбысы**<br>- дыбысты жеке тұрған күйінде айтқызу;<br>- сөзде айтқызу (дыбыс сөздің басында/ортасында және аяғында болу керек);<br>- сөйлемде айтқызу.<br>ҮІӘ барысы<br>Ұйымдастыру кезеңі<br>Гүлге қонады,<br>Гүлдің қонағы<br>Үйіне кірсең<br>Бөшкелер балға толады (Ара)<br><br>Р дыбысының айтылуына байланысты тілге жаттығу жасау.<br>«Ат шауып келеді» - аузды кең ашып, тілді таңдайға жабыстырып, баяу, жылдам қағу керек.Тіл асты желбезегін созу. 10-15 рет қайталау қажет.<br>«Саңырауқұлақ» - аузды кең ашып, тіл ұшын таңдайға жабыстырып ұстап тұру керек.<br>Еліктеу арқылы «Р» дыбысын қою:<br>«Мотоцикл айдау» - тілді жоғарғы тіске қарай |

мол пішілген маңдайы, екі құлағы және желкені жотаға дейін жауып тұратын артқы етегі болатындығын айтады). – Балалар, бас киімді тебуге болады ма? Үйде жерде жатса не істейміз? (Жауаптар). **«Қызыл малақай»** өлеңін оқу.

Алақай-ау, алақай, Киіп алдым малақай.
Қызыл жіптен тоқылған, Өрнектері жасылдан
Ұнатамын мен оны Тастамаймын басымнан.
Ж.Кенжеғалиева

Мәлімет: Тымақ – аңның немесе малдың терісінен тігілетін бас киім. Оны «түлкі тымақ» немесе «елтірі тымақ» деп те атайды. Тымақтың екі құлағы және мойынды жауып тұратын артқы «Малақай – оны құндыз, бұлғын, сусар, түлкі, қарсақ т.б. аңдар, құлын, бұзау, қозы мен лақтың елтірісінен тігеді. Малақайды «құлақшын» деп те атайды. Ол ерлердің салқында киетін бас киімі).

Тапсырма : «Малақай мен тымақты өзің ұнататын түске боя»

**Сергіту жаттығуы:**

Оң қолымда бес саусақ, Сол қолымда бес саусақ, Қосып едім екеуін, Болып шықты он саусақ.

Балалардың назарын үстел үстіндегі сандыққа аудару. Сандықты ұстап көрсете отырып, оның неден жасалғаны ою-өрнектері туралы әңгімелеу. Сандықтың ішінде не бар екенін білу үшін суреттеу бойынша табу қажет екенін түсіндіру. Ортаға бір баланы шығарып, ол сандықтың ішіндегі (желпуіш, жалған шаш, теңге) біреуін таңдап, оны басқа балаларға суреттеп, сипаттап жасырады. Ал балалар суреттеу бойынша ол не зат екенін табу керек. Ал логопед сол сияқты жалған шаш пен желпуішті суреттеп жасыруға бағыт-бағдар береді.

Мысалы: «теңге» ол қағаздан немесе темірден жасалады. Қағаздан жасалған түрі төртбұрышты, ал темірден жасалған түрі – дөңгелек. Ол бізге қажет. Дүкенге барғанда біз ол затсыз бара алмаймыз. «Кәне, ол не екенін кім айтады?» – деп бала өз бетінше сұрақтар қоя білуге дағдыланады.

3.Қорытынды кезең (рефлексия) Оқу іс әрекетін қорытындылап, жаңа сөздерді қайталату.

мол пішілген маңдайы, екі құлағы және желкені жотаға дейін жауып тұратын артқы етегі болатындығын айтады). – Балалар, бас киімді тебуге болады ма? Үйде жерде жатса не істейміз? (Жауаптар). **«Қызыл малақай»** өлеңін оқу.

Алақай-ау, алақай, Киіп алдым малақай.
Қызыл жіптен тоқылған, Өрнектері жасылдан
Ұнатамын мен оны Тастамаймын басымнан.
Ж.Кенжеғалиева

Мәлімет: Тымақ – аңның немесе малдың терісінен тігілетін бас киім. Оны «түлкі тымақ» немесе «елтірі тымақ» деп те атайды. Тымақтың екі құлағы және мойынды жауып тұратын артқы «Малақай – оны құндыз, бұлғын, сусар, түлкі, қарсақ т.б. аңдар, құлын, бұзау, қозы мен лақтың елтірісінен тігеді. Малақайды «құлақшын» деп те атайды. Ол ерлердің салқында киетін бас киімі).

Тапсырма : «Малақай мен тымақты өзің ұнататын түске боя»

**Сергіту жаттығуы:**

Оң қолымда бес саусақ, Сол қолымда бес саусақ, Қосып едім екеуін, Болып шықты он саусақ.

Балалардың назарын үстел үстіндегі сандыққа аудару. Сандықты ұстап көрсете отырып, оның неден жасалғаны ою-өрнектері туралы әңгімелеу. Сандықтың ішінде не бар екенін білу үшін суреттеу бойынша табу қажет екенін түсіндіру. Ортаға бір баланы шығарып, ол сандықтың ішіндегі (желпуіш, жалған шаш, теңге) біреуін таңдап, оны басқа балаларға суреттеп, сипаттап жасырады. Ал балалар суреттеу бойынша ол не зат екенін табу керек. Ал логопед сол сияқты жалған шаш пен желпуішті суреттеп жасыруға бағыт-бағдар береді.

Мысалы: «теңге» ол қағаздан немесе темірден жасалады. Қағаздан жасалған түрі төртбұрышты, ал темірден жасалған түрі – дөңгелек. Ол бізге қажет. Дүкенге барғанда біз ол затсыз бара алмаймыз. «Кәне, ол не екенін кім айтады?» – деп бала өз бетінше сұрақтар қоя білуге дағдыланады.

3.Қорытынды кезең (рефлексия) Оқу іс әрекетін қорытындылап, жаңа сөздерді қайталату.

иесін жоғалтып алды, мүмкін жылап тұрған шығар, сондықтан көңілсіз деп әртүрлі жорамалдар айтады). – Күшік кіп-кішкентай, сүп-сүйкімді, ойынды, құлақтары ұп-ұзын, жүні жұп-жұмсақ, бірақ күшік көңілсіз, жабырқаулы. – Мүмкін ол өзінің атын ұмытып қалған шығар? Кәне, оған ат қойып көрейікші. Мысалы: Ақтос, Бөрібасар, Бим т.б – Бәлкім, ол өзінің атын естігенде көңілденетін шығар? (Өз ойларын айтады). – Ол көңілденбеді, әлі де жабырқаулы. Енді не істесек болады? Ендеше дәптерімізді ашайық, күшіктің көңілін көтеру үшін тапсырманы орындайық.

*Тапсырма :* «Күшіктің сүйекке жету жолын бастыр»

– Балалар, біз күшікке сергіту жаттығуын жасап көрсетейік. Ол сол кезде көңілденер?

**Сергіту сәті.**

Кәне, қанат жазайық, Қарлығашқа ұқсайық. Ұшып-ұшып алайық. Орнымызға қонайық. Білімде алда болайық.

**3.Қорытынды кезең (рефлексия)** Логопед күшігіміздің көңілі көтерілмегенін, енді үйге барған соң ғаламтор (интернет), телефон арқылы хабарласып күшік туралы мағлұматтар жіберіп, оның иесін табуға көмектесуге кеңес береді. – Біз солай күшікті қуантсақ, нұр үстіне нұр болар. Күшікпен қоштасып, оған жылы сөздер мен тілектер арнау.

Балаларды мадақтау

көтеріп, «Дрррын-дррррын» деп айтқызу.
«Мотор» - тілді қатты таңдайға жабыстырып, мұрынмен тез тыныс алып, тілдің ұшына үрлеу.
«Барабан» - Д-Д-Д деп айтқызу арқылы тіл ұшын зорлдпен оңға-солға қозғау.
Суретпен жұмыс: «Р» дыбысы сөздің басында да,ортасында және аяғында да кездесе береді,сондықтан мына суреттегі бейне атауларын айтайық.
Мысалы: Раушангүл (роза), робот, радио, қасқыр, торғай, ара, арба, жолбарыс, сырға…
«Менімен бірге буынға жаттамақ қайтала»
Ра , ра, ра- а-ра,
Ра , ра, ра -та-ра,
Ра , ра, ра - ар-на
Ра-ра-ра – Айжан шашыңды тара
Ра-ра-ра – қозыға жақсы қара.
Ры-ры-ры – мінген атым торы
Ры-ры-ры – жинап алдым тары.
Ар-ар-ар – далада қалың қар
Ар-ар-ар – үйге жылдам бар.
Ыр-ыр-ыр – жаттап алдым жыр
Балаларды мадақтау.

22.05.23

**Логопедтің түзете-дамыту жұмысының апталық циклограммасы. 2022-2023 оқу жылы**
**Мамыр айы IV апта**

| Дүйсенбі<br>22.05 | Сейсенбі<br>23.05 | Сәрсенбі<br>24.05 | Бейсенбі<br>25.05 | Жұма<br>26.05 |
|---|---|---|---|---|
| Топтық сабақ: Арнай түзете білім беру<br>**«Сөйлеуді дамыту»**<br>(9.00-9.20) | Топтық сабақ: Арнай түзете білім беру<br>**«Сөйлеуді дамыту»**<br>(9.00-9.20) | Жеке түзету сабақ<br>9.00-12.10 | Топтық сабақ: Арнай түзете білім беру **«Сөйлеуді дамыту»**<br>(9.00-9.30) | Топтық сабақ: Арнай түзете білім беру<br>**«Дыбыс айту»**<br>(9.30-9.55) |
| Жеке<br>түзету сабақ<br>9.25-12.10 | Жеке түзету сабақ<br>(9.25-12.10) | | Жеке түзету сабақ<br>9.25-12.10 | Жеке түзету сабақ (10.00-12.10) |
| **Тақырыбы:** Күшік неге көңілсіз?<br>(Сурет бойынша<br>әңгімелеу)<br>**Міндеттері:**<br>а) Балаларды сурет бойынша әңгіме құрауға үйрету.<br>ә) Тілдік қорын, ересектермен қарым-қатынасты дамыту.<br>б) Жануарларға қамқор бола білуге тәрбиелеу.<br>**ҮІӘ барысы:**<br>1. **Ұйымдастыру кезеңі** Жұмбақ жасырылады:<br>Адамға серік, Күзетке берік. (Ит) – Балалар, ит қандай жануар түріне жатады? – Иттің баласын не деп атаймыз? (Күшік) – Күшік қандай дыбыс шығарады? – Кәне, ендеше бәріміз күшік сияқты үрейікші (Әуп-әуп)<br>. **2.Негізгі кезең** *Демонстрациялық құрал* (Көңілсіз күшіктің сурет) – Балалар, суреттегі күшік туралы әңгімелейік. – Күшіктің көңіл күйі қандай? (Күшік кішкентай, сүйкімді, бірақ оның көңілсіз екенін суретке қарап жеткізеді). – Ол неліктен көңілсіз, жабырқаулы деп ойлайсыңдар? (Досын немесе анасын жоғалтып алды, мүмкін ауырып тұрған шығар, сондықтан көңілсіз деп әртүрлі жорамалдар айтады). – Күшік кіп-кішкентай, сүп-сүйкімді, ақылды, құлақтары ұп-ұзын, жүні жұп-жұмсақ, бірақ күшік көңілсіз, жабырқаулы. – Мүмкін ол өзінің атын ұмытып қалған шығар? Кәне, оған ат қойып | **Тақырыбы:** «Шұбар тауық» орыс халық ертегісін оқу.<br>**Міндеттері:** Балаларды көркем шығарманы зейін қойып тыңдауға дағдыландыру. Оқиға желісі бойынша дауыс ырғағын түрлендіре отырып, әңгімелеп айтып беруге үйрету. Ой-өрісін, тілін дамыту. Қамқорлыққа, адамгершілікке тәрбиелеу.<br>**ҮІӘ барысы**<br>**1. Ұйымдастыру кезеңі** *Тосынсый.* Қонаққа Шұбар тауық келеді. Балалармен амандасады. Үнтаспадан "Шөжелерім" әніне балалармен бірге қимылдар жасайды.<br>**2. Негізгі кезең** Балалар, Шұбар тауық сыйлық алып келіпті, «Шұбар тауық» ертегісін.<br>Балалардың зейінін конус театрына аударады. Театр арқылы ертегіні айтып береді.<br>**Шұбар тауық**<br>Автор: Ертеде бір шал мен кемпір өмір сүріпті, олардың Шұбар тауығы болыпты. Бір күні тауық жай емес, алтын жұмыртқа тауыпты. Шал мен кемпір қуаныпты.<br>Шал: Кемпір, жұмыртқаны жарып көрсек қайтеді, мүмкін ішінде гауһар тас бар шығар?<br>Автор: Шал жұмыртқаны қасықпен ұрып-ұрып, сындыра алмапты.<br>Кемпір: Әкелші, мен жарып көрейін.<br>Автор: Кемпір де жұмыртқаны ұрып-ұрып, сындыра алмапты. Тарсылды естіген тышқан інінен шығып, үстелдің үстімен жүгіріп бара | | **Тақырыбы:** «Шұбар тауық» орыс халық ертегісін оқу.<br>**Міндеттері:** Балаларды көркем шығарманы зейін қойып тыңдауға дағдыландыру. Оқиға желісі бойынша дауыс ырғағын түрлендіре отырып, әңгімелеп айтып беруге үйрету. Ой-өрісін, тілін дамыту. Қамқорлыққа, адамгершілікке тәрбиелеу.<br>**ҮІӘ барысы**<br>**1. Ұйымдастыру кезеңі** *Тосынсый.* Қонаққа Шұбар тауық келеді. Балалармен амандасады. Үнтаспадан "Шөжелерім" әніне балалармен бірге қимылдар жасайды.<br>**2. Негізгі кезең** Балалар, Шұбар тауық сыйлық алып келіпті, «Шұбар тауық» ертегісін.<br>Балалардың зейінін конус театрына аударады. Театр арқылы ертегіні айтып береді.<br>**Шұбар тауық**<br>Автор: Ертеде бір шал мен кемпір өмір сүріпті, олардың Шұбар тауығы болыпты. Бір күні тауық жай емес, алтын жұмыртқа тауыпты. Шал мен кемпір қуаныпты.<br>Шал: Кемпір, жұмыртқаны жарып көрсек қайтеді, мүмкін ішінде гауһар тас бар шығар?<br>Автор: Шал жұмыртқаны қасықпен ұрып-ұрып, сындыра алмапты. | **Тақырыбы:** **Жыл бойы өткізілген дыбыстарды қайталау**<br><br>Міндеті: дыбыстарды дұрыс , анық айтуға жаттықтыру. Сөз және сөйлемде дыбыстарды дұрыс айтуды қадағалау.<br><br>ҮІӘ барысы:<br>Суретті плакаттарды қолдана отырып, берілген суреттерді атау. Сөз басында қандай дыбыс келіп (естіліп) тұр<br><br>«Сөз ойла, тез ойла» ойыны<br>Шарты : кез келген дыбысқа сөз ойлап табу<br><br>«Бұл сөз неше буыннан тұрады?»<br>Шарты: бір сөзді айту, балалар сол сөзді буынға бөліп неше буын барын анықтайды.<br><br>Балаларды мадақтау |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| көрейікші. Мысалы: Ақтөс, Бөрібасар, Бим т.б – Балкім, ол өзінің атын естігенде көңілденетін шығар? (Өз ойларын айтады) – Ол көңілденбеді, әлі де жабырқаулы. Енді не істесек болады? Ендеше дәптерімізді ашайық, күшіктің көңілін көтеру үшін тапсырманы орындайық.<br>*Тапсырма :* «Күшіктің сүйекке жету жолын бастыр»<br>– Балалар, біз күшікке сергіту жаттығуын жасап көрсетейік. Ол сол кезде көңілденер?<br>**Сергіту сәті.**<br>Кәне, қанат жазайық. Қарлығашқа ұқсайық.<br>Ұшып-ұшып алайық. Орнымызға қонайық.<br>Білімде алда болайық.<br>**3.Қорытынды кезең (рефлексия)** Логопед күшігіміздің көңілі көтерілмегенін, енді үйге барған соң ғаламтор (интернет) , телефон арқылы хабарласып күшік туралы мағлұматтар жіберіп, оның иесін табуға көмектесуге кеңес береді. – Біз солай күшікті қуантсақ, нұр үстіне нұр болар. Күшікпен қоштасып, оған жылы сөздер мен тілектер арнау.<br>Балаларды мадақтау | жатып, жұмыртқаны құйрығымен қағып кетеді. Жұмыртқа еденге түсіп , жарылып қалады. Шал мен кемпір жылайды.<br>Шұбар тауық: Ата, әже, жыламаңыздар! Мен сендерге алтын емес, жай жұмыртқа тауып беремін.<br>Автор: Көп кешікпей тауық бір себет ірі де тәтті жұмыртқа тауып береді. Осылайша олар бақытты өмір сүре береді.<br>*Сөздік жұмыс:* шұбар тауық, қауырсын.<br>*Сергіту сәті.*<br>Ұшқандай боп кекілік,<br>Биік-биік секіріп,<br>Ойнап-ойнап тез өсіп,<br>Кетеміз біз жетіліп.<br>*Сұрақ-жауап:* - Ертегі сендерге ұнады ма? - Шұбар тауық кімдердің үйінде тұрды? *(Ата мен әженің үйінде тұрды)*<br>- Шұбар тауық ата мен әжеге қандай жұмыртқа туып берді? *(Алтын жұмыртқа)* - Тышқан қалай жүгірді? *(Үстелдің үстімен)*<br>- Жұмыртқаны не жарды? *(Тышқан)* - Тышқан жұмыртқаны қалай жарды? *(Құйрығымен қағып кетті)*<br>- Жұмыртқа жарылғанда ата мен апа қалай жылады?<br>- Олай болса, ата мен апаға әдемі жұмыртқаның суретін бояп берейік.<br>Логопед балаларға жұмыртқаның суреті салынған парақтарды таратады. Суретті бояту. **3. Рефлексия** Логопед қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды. | | Кемпір: *Өзімше, мен жарып көрейін.*<br>Автор: *Кемпір де жұмыртқаны ұрып-ұрып, сындыра алмапты.* Тарсылды естіген тышқан інінен шығып, үстелдің үстімен жүгіріп бара жатып, жұмыртқаны құйрығымен қағып кетеді. Жұмыртқа еденге түсіп , жарылып қалады. Шал мен кемпір жылайды.<br>Шұбар тауық: Ата, әже, жыламаңыздар! Мен сендерге алтын емес, жай жұмыртқа тауып беремін.<br>Автор: Көп кешікпей тауық бір себет ірі де тәтті жұмыртқа тауып береді. Осылайша олар бақытты өмір сүре береді.<br>*Сөздік жұмыс:* шұбар тауық, қауырсын.<br>*Сергіту сәті.*<br>Ұшқандай боп кекілік,<br>Биік-биік секіріп,<br>Ойнап-ойнап тез өсіп,<br>Кетеміз біз жетіліп.<br>*Сұрақ-жауап:* - Ертегі сендерге ұнады ма? - Шұбар тауық кімдердің үйінде тұрды? *(Ата мен әженің үйінде тұрды)*<br>- Шұбар тауық ата мен әжеге қандай жұмыртқа туып берді? *(Алтын жұмыртқа)* - Тышқан қалай жүгірді? *(Үстелдің үстімен)*<br>- Жұмыртқаны не жарды? *(Тышқан)*<br>- Тышқан жұмыртқаны қалай жарды? *(Құйрығымен қағып кетті)*<br>- Жұмыртқа жарылғанда ата мен апа қалай жылады?<br>- Олай болса, ата мен апаға әдемі жұмыртқаның суретін бояп берейік.<br>Логопед балаларға жұмыртқаның суреті салынған парақтарды таратады. Суретті бояту. **3. Рефлексия** Логопед қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды. | |

29.05.23

Логопедтің түзете-дамыту жұмысының апталық циклограммасы. 2022-2023 оқу жылы
Мамыр айы V апта

| Дүйсенбі<br>29.05 | Сейсенбі<br>30.05 | Сәрсенбі<br>31.05 |
|---|---|---|
| Топтық сабақ: Арнайы түзете білім беру «Сөйлеуді дамыту»<br>(9.00-9.20) | Топтық сабақ: Арнайы түзете білім беру «Сөйлеуді дамыту»<br>(9.00-9.20) | *Жеке түзету сабақ*<br>9.00-12.10 |
| *Жеке*<br>түзету сабақ<br>9.25-12.10 | *Жеке түзету сабақ*<br>(9.25-12.10) | |
| **Тақырыбы:** Ермек Өтетілеуұлы "Біздер сәлем береміз" өлеңі<br>**Міндеттері:** Өлең жолдарындағы әрбір сөзді толық меңгере білуге баулу. Шығарманың мазмұнын түсіну және эмоциямен қабылдауға үйрету. Балалардың ой-өрісін, тілдерін дамыту. Үлкенге құрмет, кішіге ізет білдіруге тәрбиелеу.<br>**ҰІӘ барысы**<br>1. **Ұйымдастыру кезеңі *Шаттық шеңбері*** *(Балалар шеңбер бойына тұрып орындайды)*<br>Біздің топта ұл-қыздар<br>Тату-тәтті ойнаймыз.<br>Айналаға, бар адамға<br>Тек мейірім сыйлаймыз.<br>**2. Негізгі кезең *Кіріспе әңгіме.***<br>Демонстрациялық материалмен жұмыс. «Жақсы деген немене, жаман деген немене» суретін көрсету. - Суретте кімдерді көріп тұрсыңдар? - Кәне, оларды атап көрейік. - Сендерді кім жақсы көреді? - Ал сендер кімді жақсы көресіңдер? - Олай болса, бүгін ақын Е. Өтетілеуұлының "Біздер сәлем береміз" өлеңін оқып танысамыз.<br>**Біздер сәлем береміз**<br>Алдымыздан кезіккен<br>Көп таныста көреміз.<br>Бәріне де ізетпен<br>Біздер сәлем береміз.<br>***Сөздік жұмыс:*** кезіккен – жолыққан, ізетпен – кішіпейілділік.<br>***Сергіту сәті.***<br>Топ-топ басайық, Жаттығулар жасайық.<br>Қайырымды жан болып, Жамандықтан қашайық.<br>***Сұрақ-жауап.***<br>- Өлең не туралы?<br>- Кіммен кездеседі?<br>- Қалай сәлем береді?<br>Өлең жолдарын қайталап оқып беру. | **Тақырыбы:** Жұбан Молдағалиев «Жаз келді» өлеңін жаттату.<br>**Міндеттері:** Жыл мезгілдері жайлы ойларын кеңейту. Өлеңді асықпай, анық айтуға баулу, жаттату. Шығарманың мазмұнын түсіну және эмоциямен қабылдауға үйрету. Балалардың ой-өрісін, тілдерін дамыту. Табиғатты аялауға, қорғауға тәрбиелеу.<br>**ҰІӘ барысы**<br>1. **Ұйымдастыру кезеңі *Шаттық шеңбері***<br>Көбелек-ау, көбелек,<br>Әдемісің керемет.<br>Гүлге келіп қона ғой,<br>Өзің де гүл бола ғой.<br>2. **Негізгі кезең *Кіріспе әңгіме.***<br>– Балалар, біз қандай жыл мезгілдерін білеміз?<br>***Демонстрациялық материал, сурет бойынша жұмыс.***<br>– Жаз мезгілі сендерге ұнай ма?<br>– Жаздың қандай ерекшеліктерін білесіңдер? *(Жазда күн ыстық. Балалар құммен ойнайды. Суға шомылады. Жазда жемістер піседі.)*<br>– Қазір мен сендерге ақын Ж. Молдағалиевтің «Жаз келді» өлеңін оқып беремін.<br>**Жаз келді**<br>Жайқалып жапырақ,<br>Құлпырып қызғалдақ,<br>Тұратын көз тартып,<br>Жаз келді күншуақ.<br>***Сөздік жұмыс:*** қызғалдақ – гүл, күншуақ – күннің нұры.<br>***Сергіту сәті.***<br>Топ-топ басайық, Жаттығулар жасайық.<br>Қайырымды жан болып, Жамандықтан қашайық.<br>***Сұрақ-жауап.***<br>- Өлең не туралы?<br>- Жапырақ туралы не айтылған?<br>- Қызғалдақ деген не? - Жаз қандай?<br>Өлеңді қайталап оқып беру, жаттату *"Жеміс жинау"* ойыны. | **Тақырыбы:** Жұбан Молдағалиев «Жаз келді» өлеңін жаттату.<br>**Міндеттері:** Жыл мезгілдері жайлы ойларын кеңейту. Өлеңді асықпай, анық айтуға баулу, жаттату. Шығарманың мазмұнын түсіну және эмоциямен қабылдауға үйрету. Балалардың ой-өрісін, тілдерін дамыту. Табиғатты аялауға, қорғауға тәрбиелеу.<br>**ҰІӘ барысы**<br>**«Ұйымдастыру кезеңі *Шаттық шеңбері***<br>Көбелек-ау, көбелек,<br>Әдемісің керемет.<br>Гүлге келіп қона ғой,<br>Өзің де гүл бола ғой.<br>**Негізгі кезең *Кіріспе әңгіме.***<br>– Балалар, біз қандай жыл мезгілдерін білеміз?<br>***Демонстрациялық материал, сурет бойынша жұмыс.***<br>– Жаз мезгілі сендерге ұнай ма?<br>– Жаздың қандай ерекшеліктерін білесіңдер? *(Жазда күн ыстық. Балалар құммен ойнайды. Суға шомылады. Жазда жемістер піседі.)*<br>– Қазір мен сендерге ақын Ж. Молдағалиевтің «Жаз келді» өлеңін оқып беремін.<br>**Жаз келді**<br>Жайқалып жапырақ,<br>Құлпырып қызғалдақ,<br>Тұратын көз тартып,<br>Жаз келді күншуақ.<br>***Сөздік жұмыс:*** қызғалдақ – гүл, күншуақ – күннің нұры.<br>***Сергіту сәті.***<br>Топ-топ басайық, Жаттығулар жасайық.<br>Қайырымды жан болып, Жамандықтан қашайық.<br>***Сұрақ-жауап.***<br>- Өлең не туралы?<br>- Жапырақ туралы не айтылған?<br>- Қызғалдақ деген не? - Жаз қандай?<br>Өлеңді қайталап оқып беру, жаттату ***"Жеміс жинау"*** |

| | | |
|---|---|---|
| ***"Не деу керек?" ойыны.***<br>Ойынның шарты: Балалар шеңбер бойына тұрып, ортадағы бала сиқырлы таяқшаны сермеп, «Не деу керек?» деген сөзді айтады, таяқша тиген бала "Рақмет" деп айтады. Ойын солай жалғаса береді.<br>**3. Рефлексия** Логопед қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды. | Мақсаты: Балалардың ойынға деген қызығушылығын арттыру.<br>Ойынның шарты: Бір себеттен екінші себетке салдыру.<br>**3. Рефлексия.**<br>Логопед қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды. | ***ойыны.***<br>Мақсаты: *Балалардың ойынға деген қызығушылығын арттыру.*<br>Ойынның шарты: *Бір себеттен екінші себетке салдыру.*<br>**3. Рефлексия.**<br>*Логопед қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды.* |